

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ  
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ**

**Қ.Аралбаев**

Әдеби байланыс  
*(Өзбек-қазақ әдебиеті)*

**(көмекші құрал)**

**Нөкіс-2011-ж.**

Қ.Аралбаев. Әдеби байланыс (Өзбек - қазақ әдебиеттері)

Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті Ғылыми-методикалық кеңесінің 2009-жыл, 20-ноябрьдегі №2 баяндамасымен басып шығаруға ұсынылды

Бұл көмекші оқу құралы қазақ филологиясы бөлімі студенттеріне оқытылатын «Әдеби байланыс» курсына арнап жазылған. «Әдеби байланыс» (Өзбек-қазақ әдебиеттері) арнайы курс ретінде филология факультетінде оқытылып келеді. Көмекші құрал осы курске арналып түзілген пән бағдарламасын басшылыққа алған. Өзбек әдебиетінің мәшһүр ақын-жазушылары шығармашылықтарымен таныстыруды мақсат еткен. Әдеби байланыстың көріністері, формалары жөнінде студенттерге қысқаша түсінік береді.

Жауапты редактор: ф.ғ.к. Қ.Юсупов (ҚМУ)

Пікір білдіргендер: ф.ғ.к. И.Дилманов (НМПИ)

Ф.ғ.к. Х.Абдуллаев (ҚМУ)

## СӨЗ БАСЫ

Әдебиеттер байланысы – ұлттық, тіпті әлемдік әдеби процестің ең актуалды тарауы болып табылады. Әсіресе, тарихы мен тағдыры, экономикалық тұрмысы мен географиялық орналасуы, тілі мен діні, әдет-ғұрыптары, салт дәстүрлері жақын халықтардың әдебиеті пен мәдениеті де бірі-бірімен қатынасысыз, байланыссыз өркендей алмайды. Туыстас халықтар әдебиеті бірін-бірі байытып, толықтырып отыратындығы ешқандай талас тудырмайтын ақиқат құбылыс.

Елдеріміз егемендік алған соңғы 15-16 жылдың ішінде экономика мен ғылымда, мәдениет пен әдебиетте, жалпы өнер саласында бұрынғыдан да тығыз байланыс, ашық өркениетті жолмен, хұқық негізінде тәртіпке салынған қарым-қатынас жүйелі, тәртіпті жолмен дамып келмекте. Мұның айқын мысалы өнер мен әдебиетте айқын көрініс табуда.

Өзбек және қазақ халықтары әдебиеті мысалындағы әдеби байланыс мәселесі өзінің тарихи дамуына, қалыптасу ерекшеліктеріне ие. Әдебиеттер байланысының түп тамыры өте әріде екендігін өзбек қазақ халықтарының бай фольклорынан, Оғызнама, Қабуснама, Кітаби Қорқыт, Мұхаббатнама т.с.с. әдеби жәдігерліктерден де жақсы танимыз.

Орта ғасырлардағы екі халыққа да ортақ әдеби мұралар: М.Қашқари, Ж.Баласағуни, Ахмет Жүйнеки, Хожамет Яссауи т.б. көптеген жәдігерліктер мұның айқын мысалы.

Филология факультеттерінің студенттері қала берді әдебиетке қызығушы оқырман қауым өз ұлтының әдебиетімен бірге өзге халықтардың да, әсіресе, туысқан көрші халықтар әдебиетімен өнерін де білуге, әдебиеттер арасындағы байланысты, оның қалыптасу, даму, өркендеу ерекшеліктерін терең ұғып, тиянақты меңгеруге кұштар да кұмар болады. Соңғы кездерде филология мамандығы саласында тәлім алушы студенттерге әдебиеттер байланысы бойынша арнайы курстер оқытылып жүр. Қолыңыздағы көмекші оқу кұралы осындай арнайы курстың бағдарламасына сәйкес жазылған.

Өзбек және қазақ әдебиеттері байланысының бірқатар мәселелерін қозғайтын бұл көмекші кұрал қазақ филологиясы мамандығы бойынша тәлім алушы студенттерге мөлшерлеп жазылған. Көмекші кұралдың алға қойған негізгі мақсаты қазақ бөлімі студенттеріне өзбек әдебиеті, оның әр дәуірдегі ірі тұлғалары, олардың шығармашылықтары туралы қысқаша әрі нақты мәлімет беру, өзбек-қазақ әдебиеттерінің ірі өкілдері арасындағы творчестволық қарым-қатынасты олардың

даму жолдарын қысқаша түсіндіріп беру. Сол арқылы студенттерге екі мың жылдық бай тарихы бар өзбек әдебиеті хақында бірсыпыра мәліметтер беру болып табылады.

Бұл көмекші құрал туралы пікірлерін білдіргендерге алдын ала алғысымызды айта отырып, оны сын ескертпелерге орай толықтырып, тереңдетіп баруды парызымыз деп есептейміз.

## **ӨЗБЕК-ҚАЗАҚ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСЫ КУРСЫ, ОНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН СИПАТЫ**

Қазақ, өзбек халықтары арасындағы достық пен бірлікке назар аударсақ, мұның тамыры өте әріде жатқанын аңғарамыз. Өзбек-қазақ халықтарының тарихы мен тағдырында, әдет-ғұрпы мен салт-санасында, мәдениеті мен әдебиетінде бір-біріне жақын, ұқсас, үндес жақтары көптеп табылады. Біз оларды ауыз әдебиеті үлгілері мен ежелгі дәуірдегі әдеби мұралардан да, тарихи деректер мен архивтік құжаттардан да анық аңғарып, молынан табуымызға болады.

Өзбек халқы түркі тілдес халықтар арасында қазаққа ерекше жақын, көршілес, тағдыры мен тарихи ортақ - туыс халық. Ұлы Абай айтқандай «Кеше орысқа бағынбай тұрған кезінде қазақтың шай-шекерлерін, әралуан бұйымдарын, тіпті ахиреттегі кебініне дейін қазаққа өзбек жеткізіп тұрған».

Іргелес, аралас отырған қазақ пен өзбектің бай ауыз әдебиетінің шығу тегі, төркіні ерте замандардан басталғандығын көрсек, қашаннан бұл екі халықтың мақсат-мұраттарының, арман-тілектерінің де бір болғанын білеміз.

Президентіміз И.А.Каримовтың Түркістан халықтары мәдениеті форумы қатысушыларына жолдаған «Құттықтауында»: «Аждодларимиз азал-азалдан бир оила булиб, қон-қариндош ва оға-ини булиб яшаб келишган. Такдирлари узвий халқларимизнинг расм-русуми, урф-одати ва анъаналари, бой маданиятлари ҳам муштаракдир. Тарихий анжуманингиз Марказий Осиё минтақасида ҳамжихатлик ва барқарорликни мустақамлаш, маданиятларимиз, адабиётимиз, санъатимиз, урф-одатларимиз муштараклигини таъминлаш, янада равнақ топтириш ва дунёга ёйиш сари куйилган дадил қадамдир»<sup>1</sup>, - деп көрсетілген. Бұдан біздің елімізде халықтар арасындағы достықты берік сақтауға және нығайтуға мемлекетіміз тарапынан қаншалықты көңіл бөлініп отырғанын айқын байқай аламыз. Мұның мәдениет пен әдебиеттер байланысы үшін де маңызы өте зор.

---

<sup>1</sup> «Туркистон». 1995, 25-ноябрь.

«Алпамыс», «Көрұғлы» тәрізді дастандар да екі халыққа ортақ. «Алпамыс» дастанын зерттеушілер бұл шығарманың ертедегі Қоңырат тайпасына тиісті екендігін, кейін қоңыраттардың халық болып қалыптасу процесінде қазақ, өзбек халықтарына бірігіп кеткенін дәлелдейді.

Өзбек халқының бай ауыз әдебиетінде де қазақ фольклорындағы негізгі жанрлардың бәрі ұшырасады. Салт өлеңдері, мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштарда да екі халыққа ортақ жанр түрлері мол. Өзбектерде ауыз әдебиетінің «Хәужар», «Яр-яр», «лафар» сияқты жанрлары сипаты жағынан қазақ фольклорындағы «жар-жар», «қыз бен жігіт айтысы» т.б. түрлерге жақын. Мазмұны да, мәні де ортақ дүниелер. Мұның өзі екі халықтың да дәстүрі мен салтында өзіндік ерекшеліктермен бірге ортақ сипаттардың да мол екендігін білдіреді. Бертін келе қазақтар негізінен мал шаруашылығымен айналысып, көшпелі өмір кешкен де, егіншілік, қол өнері кәсібімен көбірек шұғылданған өзбектер шаһарларды мекендеп, отырықшы болып қалған.

Қазақтарда «өзбек өз ағам» десе, өзбектерде «жолдасың қазақ болса, жолдан адаспайсың» сияқты мақалдардың кездесуі бұл екі халықтың қашаннан бір бірін сыйлап, қолдап-қуаттап келгендігін көрсетеді.

Сонымен қатар ортақтастық, мүдделестік жағдайларын Махмұд Қашқаридің «Девони-Луғати-ат Түрк» (X11), Юсуп Баласағунидің «Құдатқу-Біліг» (Құтты білім), Ахмет Югнакидің «Хибат-ул хақайық» (Ақиқаттар сыйы), Қожа Ахмет Яссауидің «Хикмет» тәрізді мұраларынан айқын байқаймыз. Мәселен, Махмұд Қашқари сөздігінде өзбек, қазақ халықтарының тілінде ұшырасатын «Бейнет-түбі зейнет», «Түйенің үлкені көпірде таяқ жейді», «Айтылған сөз-атылған оқ» т.б. мақалдар бүгінге дейін екі халықта да қолданылып келеді.

Атақты ғалым М.Қашқари өзі балалық шағын Жетісу, Ыстықкөл маңында өткізеді. Соның нәтижесінде ол қазақ, қырғыз халықтарының тұрмысына, әдет-ғұрпына назар аударып, өз еңбегінде оларды көрсетіп отырған.

Орта Азия халықтарына тән, құнды мұра болып табылатын Юсуп Баласағунидің «Құдатқу-Білік» атты еңбегінен де өзбек, қазақ, қырғыз, ұйғыр халықтарына тән құбылыстарды молынан табуға болады.

Сондай-ақ екі халықтың ауыз әдебиеті үлгілеріне назар аударсақ, өзара ортақ сюжеттерді бірінен біріне ауысып, әр елдің төлтума шығармасындай сіңісіп кеткен туындыларды көптеп санау мүмкін. Мәселен, көптеген ертегілер, эпостық жырлар, тұрмыс-салт туындылары бір-бірімен сарындас, үндес болып келеді.

Алдар Көсе, Жиренше шешен, Қожа Насыреддин туралы әңгімелер, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» мен «Ләйлі-Мәжнүн», «Тахир-Зухра» дастандары арасындағы кейбір ұқсастықтар, үндестіктер т.б. белгілі.

Міне, бұлардың барлығы да қазақ пен өзбек халықтарының әдеби-мәдени байланыстары сонау ертеден бері тамыр жайып, ілгері дамып келе жатқан процесс екенін көрсетеді.

Қазақ пен өзбек халықтары үнемі араласа жүріп, алыс-беріс жасай отырып, талай тар жол, тайғақ кешулер мен ауыр кезендерде бір-біріне қолын созып, туысқандығын танытып отырған.

Міне, бұл екі халықтың ғасырлар бойы осылай аралас өмір сүруі, сондай-ақ күнделікті әлеуметтік тұрмыста бірге жасап келуі-олардың әдеби, мәдени байланыстарының да бір-біріне ықпал ете түсуіне себеп болған.

Өзбектің атақты ғалымы, тарихшы-жазушысы Захиреддин Бабур (1483-1530) өзінің «Бабырнама» қазақ тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулатиды білетіндігін атап өтеді. Ол туралы Бабур «Өзінің қолы шебер, қолынан келмейтін іс жоқ, әрі жазушы, әрі суретші, өзі садаққа оқ жасап, жебе істейді, бір жағынан дарынды төкпе ақын»<sup>2</sup>-деп жазған.

Халықтарымыз арасындағы әдеби-мәдени байланыстардың ертеректе пайда болған дәстүрлері уақыт озған сайын жаңарып, жаңа арнамен ілгері дамып отырады. Мәселен Шоқан Уәлихановтың өзбек халқы тарихына, мәдениетіне іш тартып, айтқан пікірлері, Әлішер Науайы туралы ойлары т.б. мәлім. Абай Әлішер Науайыға сыйынады, Шығыс ақындары ішінен оның есімін ілтифатпен атап көрсетеді, сондай-ақ өзбек халқына, оның еңбек сүйгіштігі және мәдениетіне, қабілетіне сүйсіне келіп: «екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ, ептілік, қырмызылық, сыпайылық-бәрі соларда»<sup>3</sup>- дейді.

Шығыс әдебиетінен, оның ішінде классикалық өзбек әдебиетінен үйренген тек Абай емес, Сыр бойы ақындары Майлықожа, Мәделіқожа, Шәді, Тұрмағамбет т.б. атауға болады.

Майлықожа: Өзбектен өткен Науайы

Тілдің гауһар гүлі еді

Парсыдан өткен Фирдауси

Заманының дүрі еді,-деп келтіреді.

---

<sup>2</sup> Бабырнама. Алматы.1986.215-б.

<sup>3</sup> Абай.шығ.1961.Алматы.463-б.

Ақансері мен Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп пен Сұлтанмахмұт шығармашылығына назар аударсақ та, олардың өзбек классик поэзиясынан нәр алғанын, үлгі-өнеге тұтқанын көреміз.

Бұл ретте Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Адасқан өмір» поэмасы Әлішер Науайының «Хазойинул маъоний» (Мағыналар қазынасы) поэмасымен сюжеттес, идеялас екендігін көруімізге болады. Мәселен Науайы адам өмірін төрт кезеңге «балалық», «жігіттік», «орта жастық», «кәрілік» деп бөліп баяндаса, Сұлтанмахмұт та өз поэмасында «Мен бала», «Мен жігіт», «Мен тоқтадым», «Мен кәрі» деп герой өмірі мен тағдырын дәуірлерге бөліп жырлайды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны ұлы Науайының «Хамсасындағы» осы аттас дастанмен өзектес, бір сюжетті шығарма. Шәкәрім поэмасы мен Науайының дастанын оқи отырып, қазақ ақыны ұлы ақынның дастанын қазақша жазып шыққан деуге келеді.

Өзбек- қазақ әдебиеттері байланысы XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың бастарында әбден кемелдене түсті деуге болады. Ол кезде Ташкент бүкіл Орта Азия халықтарының кіндік қаласы, ірі ғылым мен рухани, мәдениет орталығына айналды. Ташкентте 1870- жылдары қазақ тілінде «Түркістан уалаяты» газетінің шығып тұруының өзі көп нәрсені аңғартса керек.

Өзбек халқының демократ-ағартушы ақыны, жазушысы Фурқат өмірінің соңғы жылдарын қазақ жерінде (Жаркентте) өткізеді.

XX ғасыр басында қазақ оқығандары, ақын-жазушылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, М.Жұмабаев т.б. Ташкентте жасап, творчестволық қызметтерін осында дамытқан. Ташкент қаласында қазақ тілінде ақын-жазушылардың көптеген кітаптары басылып, шығып тұрған.»Шолпан» журналы Ташкентте шығып тұрған да, онда қазақ әдебиетінің аса таланты өкілдерінен Мағжанның, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мұхтар Әуезовтың туындылары жарық көрген.

Өзбек әдебиетінің аса көрнекті өкілдері А.Қадыри, Фитрат, Шолпандар қазақ жазушыларымен, әсіресе А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Әуезовтармен достық қарым-қатынаста, шығармашылық байланыста болған.

Әдебиеттер байланысы екі халық ақын-жазушыларының өзара достық, творчестволық қатынаста болуынан да айқын байқалады. Бұл ретте Сәбит Мұқанов пен Ғ.Ғұлам, М.Әуезов пен Айбек, А.Қаххар мен Ғабит Мүсірепов, Миртемір мен Әбділдә Тәжібаев, Еркін Вахидов пен Олжас Сүлейменовтердің қарым-қатынасын үлгі етуге болады.

Өзбек, қазақ әдебиеттері байланысы мәселесінде жүйелі еңбек етіп, тынымсыз ізденіп келе жатқан Р.Бердібаев, Қ.Құрамбаев, Қ.Сейданов, Насыр Фазылов т.б. еңбектерін де атап көрсету қажет<sup>4</sup>.

Әдебиеттер байланысы елдеріміз егемендік алған соңғы 10-15 жыл ішінде жаңа сапаға ие болып, өзгеше қырымен көрініп келмекте.

Өзбек-қазақ әдебиеттері байланысы дегенде алдымен түбі бір туысқан екі елдің мәдениеті мен әдебиетінің үнемі қатар өрбіп, бірінен бірі үйреніп, не үйретіп, өзара ықпал жасап, өркен жайып отырғандығын есте ұстауымыз қажет. Бұл арада қайсы әдебиет қайсысынан үйренуі, үлгі алуы немесе қалай дамуы деген мәселе ғана емес, екі әдебиеттің бірін-бірі қолдап-қуаттап, бірін екіншісі толықтырып, байытып отырғандығын көбірек тілге тиек етуге тиіспіз.

Курстың негізгі түбегейлі мақсаты да осыдан келіп туындайды. Демек, қазақ бөлімінде тәлім алып жатқан студент-жастарға өзбек әдебиетінің мың жылдық тарихынан қысқаша болса да мәлімет беру, өзбек-қазақ әдебиеттері байланысының тарихы өте ертеде екендігін таныту. Әдеби байланыс – бір ғасырдың ғана көрінісі еместігі, екі халықтың басып өткен тарихи жолының көркем бейнеленген шындығы екендігін ұқтыра отырып, халықтар арасындағы ата-бабаларымыз салып кеткен достық көпірін одан әрі нығайта, күшейте түсу болмақ

## **ӘЛІШЕР НАУАЙЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

### **ӘЛІШЕР НАУАЙЫ**

**(1441-1501)**

Өзбек классикалық әдебиетінің мақтанышы XV ғасырдың ұлы гуманисті Әлішер Науайы есімі бүкіл әлемге аян. Әлішер Науайы өзінің творчествосымен, көтерген идеяларының маңыздылығымен, туған және көрші елдердің әдебиеттеріне әсер етуімен дүние жүзіндегі алып ақындардың қатарына қосылды.

Бұл данышпан ойшыл және ұлы суреткер өзінің өлмес шығармаларын осыдан бес жүз елу жыл бұрын жазды. Әлішер Науайы өз өмірін сол кездегі темуридтер заманындағы Хорасанның аса көрнекті, мәдениет пен өнердің тоғысқан қаласы, сол кездегі сауда орталығы Фиратта өткізді. Науайының творчествосына тән өзіндік, прогрессивтік ойлар мен көзқарасты сол кездегі тарихи жағдайлар туғызды.

---

<sup>4</sup> 1.Р.Бердібаев. Достық кемесінде. Алматы, 1992. 2. К.Құрамбаев. Фафур Фулом ва адабий алоқалар. Нукус, 2006. 3.Қ.Сейданов. Достық әуендері, Алматы, 1978. 4. Н.Фазылов. Дүстлик куйчилари. Тошкент 2001.

Әлішер Науайы 1441-жылдың 10-ақпанында Фиратта, атақты бай семьяда туды. Әкесі Әбілқасым Бабыр сұлтанның сарайында қызмет етті. Ал, Әлішер жастайынан өзінің құрдасы, Әмір Темірдің шөбересі Құсайын Байқарамен бірге тәрбиеленіп, сол заманға сәйкес өте жақсы білім алып шықты.

Өте зерек өскен Әлішер жеті жасынан-ақ кітап оқуға құмар болды. Сол кездегі салтқа байланысты әкесі оны жастай мектепке берді. Бірақ оқу ұзаққа созылмай, үзіліп қалды: Шахрух өлген соң (1449ж) өзара соғыс басталып, Әлішердің әкесі туған-туыстарымен Хорасаннан Иранға көшіп кетуге мәжбүр болады. Көшіп бара жатқан жолда Тимурдың тарихшысы Шарафатдин Али Язди тұратын қалаға тоқтайды. Ойнап жүрген балалар байқамай, жаңағы тарихшының бөлмесіне кіріп кетті. Тарихшы жас Әлішермен әңгімелесіп, оның ақылдылығы мен ойшылдығын бағалап, мақтайды.

Екі-үш жылдан кейін, өзара соғыс тынған соң, Әлішердің үй-іші қайтадан Фиратқа көшіп келеді, әкесі бұрынғы қызметінде істейді. Әлішер қайтадан оқи бастайды. Талантты бала өзі ән шығарып, оған сөзін де өзі жазады, ол басқа ақындардың шығармаларымен қатар өлеңдерін де тақпақтап оқуды ұнататын болған. Науайының үй-ішімен араласып жүретін оқымысты адамдар жас ақынды құмарта тыңдаған, оның жан-жақты дарындылығына таң қалысып, келешегі зор екендігіне назар аударған.

Ақын осы кездері парсы ақыны Сағдидің «Гүлстан», «Бостан» деген шығармаларын қызыға оқиды. Әсіресе, парсы ақыны Фариддин Аттордың «Құстар әңгімесі» поэмасынан ләззат алады: тіпті бұл кітапты ол бастан аяқ жаттап алады. Әлішер осы кітаптың әсерімен мүлде үндемей, балалардан шеткері жүретін болып, олар тәрізді асыр салып ойнауды да қояды. Оның мұндай көңіл-күйінен қорыққан ата-анасы оған бұл кітапты оқуға тыйым салады.

Кейін, алпыс жасында, бұл туралы Науайы өзінің «Құстар әңгімесі» кітабында былай деп жазды: «Сол кездегі мынадай жағдай есіме түседі: бала кезімізде, мектепте, шәкірттері әбден шаршаған соң, демалдыру үшін, ұстаз оларға тақпақ айтқызушы еді. Сонда кейбіреулері-«Гүлстанды», кейбіреуі «Бостанды» оқушы еді. Ал, мен болсам, тек «Құстар әңгімесіне» ғана ынтық болатынмын. Көп қайталағандықтан, бұл кітапты жаттап алдым және кітапты оқып шыққаннан кейін ешкіммен де сөйлесе алмайтын болдым, олардың әңгімесі-мен үшін мағынасыз, қызықсыз еді...»

Бірақ ақынның басқа ғылымдарға деген сүйіспеншілігі, оның назарын бұл кітаптан аударып әкетті. Науайы өте білімді болған, әкесінің көмегімен енді шын

мағынасындағы терең оқуға кіріседі. Ол сол кездегі белгілі музыкант Ходиса Юсуп Бурханнан сабақ алады. Тарих, география, каллиграфия пәндерін араб, иран және өзбек әдебиеттерін үңіле оқиды, ғылымға, өнерге деген ынтасы Әлішерді сол кездегі көрнекті ғалымдар, музыканттар және әдебиетшілер арасына әкеледі. Мәселен, 10-12 жасында-ақ Әлішер сол кездегі әйгілі ақын Миршохиймен хат жазысып тұрады, даңқты Лутфи ақынды Науайы өзінің ұстазы деп санады. Лутфидің өзі жас ақынға көп көңіл бөліп тұрады, ол жас Әлішердің өлеңдерін ылғи оқытып тыңдайтын, оның ғазалдарын өте жоғары бағалайтын. Міне, осының өзі-ақ Науайының ғажап талантын көрсетеді.

Науайы он бес жасынан бастап, өзінің досы Құсайын Байқарамен Әбілқасым Бабырдың сарайында қызмет істейді. Бұл кезде Әлішердің өлеңдері Хорасанда тамырын кең жайған еді. Жас ақын осы кезде араб, парсы тілдерін жете меңгеріп, парсы тілінде бірталай өлеңдер жазады. Сөйте тұра, Әлішер өзбек тіліне көп көңіл бөліп, шығармаларын өзбек тілінде жазуға да үлкен маңыз береді. Ол шығармаларын парсы тілінде жазғанда «Фони» деген псевдоним қойып, тағы бірде өлеңдерін өзбек тілінде әнге лайықтап жеңіл етіп жазып, өзбекше «Науайы» деп псевдоним қоятын болған. Өзбекше «Науайы» деген сөз қазақша-ырғақты өлең деген мағынаны береді.

Әбілқасым Бабыр өлген соң, оның орнын Абду Саид Мырза басты, бірақ таласушылардың бірі Әлішердің досы- Құсайын Байқара болды. Бірақ Байқара бастаған көтеріліс жеңіліске ұшырап, оның жақтастарының бәрі қуғынға ұшырады. Ақын Самарқандқа қашуға мәжбүр болады, Науайы мұнда өте ауыр жағдайларда тұрады, ол тек өз шығармаларын сүйшілер мен оны сыйлаушылардың арқасында ғана аштан өлмеген. Материалдық жағынан тұрмысының өте ауырлығына қарамастан, Әлішер өзінің әдеби творчествосын жалғастыра береді. Ақынның философиялық, саяси көз қарастары дәл осы жылдары қалыптасты деп кәміл сенуге болады.

Әлішердің Самарқанда жазған шығармаларының бірі «Өзім туралы» деп аталған. Бұл еңбегін ақын өзінің өкіл әкесі және жақын досы Сеид-Хасан Ардашерге арнап, хат түрінде жазған. Бұл шығармасында автор өзінің келешектегі әдеби жоспары және жаңа достары туралы сөз етеді, сонымен қатар, ақын ханның қаталдығын, Хорасандағы халықтың ауыр жағдайын суреттейді.

Әлішер Самарқанд ақындарымен танысады, әңгімелесіп, әдеби дискуссияларға қатысады, олардың жетістіктерін көрсетіп, кемшіліктерін түзетуге көмектеседі.

1469-жылдың көкегінде Ғиратта таққа Құсайын Байқара отырады, ол дереу өзінің досы Әлішерді Самарқаннан шақырып алады. Әлішер осыдан былай өз елінің

мемлекеттік және саяси қайраткері ретінде мемлекет жұмысына белсенді түрде араласады. Тіпті, Әлішердің осы кездегі әдеби творчествосы мен қоғамдық-саяси қызметін ажырату мүмкін емес еді деуге де болады.

Алайда Құсайын Байқара таққа отырғанымен, өзінің ішкі және сыртқы жауларын толық жоя алмайды. Оларға қарсы күресте Құсайынның ең жақын көмекшісі, әрі ақылшысы Науайы болды. Мысалы, 1470-жылғы Яғдыр-Мұхаммед шахтың немересіне қарсы жорықта және басқа да экспедицияларда Науайы өз кеңестерімен Құсайын Байқараға үлкен көмек береді.

Мемлекеттік қызметтер, хан нөкерлерінің өзара бақталастық, күншілдік әрекеттері, ұдайы жорықтар және т.б. жұмыстар Әлішердің әдеби творчестволық қызметпен шұғылдануына көп кедергі келтіреді. Осыған байланысты ол өзін шахтан мөр сақтаушы қызметінен босатуды сұрайды. Шах оның өтінішін қабылдап, бұл міндеттен босатады. Бірақ өз сарайында өте беделді, ақылы мол адамның керектігін сезген Құсайын Байқара Науайыны 1472- жылы уәзір етіп тағайындайды. Уәзір болған Әлішер Отанын көркейтуді, елді сауаттандыруды, Фиратты ірі мәдени орталыққа айналдыруды көздеп, өзінің айналасына сол кездегі прогрессивтік пікірдегі алдыңғы қатарлы адамдарды жинайды.

Бірақ, Әлішердің бұл мүдделерін іске асыруға хан сарайындағы ақсүйектер ылғи кедергі жасап, Байқараны уәзірмен шағыстырып отырады. Сұлтан Байқара жалақорларға сеніп, досын өзінің қасынан ығыстыра бастайды. Осының салдарынан және мұндай жағдайда ел мүддесі үшін қызмет етудің мүмкін еместігін сезген Әлішер 1476-жылы отставкаға шығады. Сонда да сарай ақсүйектері мен діншіл-фанатиктер Науайыға тыныштық бермейді.

Бұл уақытта Әлішер сол кездегі Шығыстың мәшһүр ақындарының бірі Әбдірахман Жәмимен достасқан еді. 1476-жылы ол өзінің осы досы және ұстазына арнап, парсы тілінде «Ойлар сыйлығы» деген қасидасын жазды.

Жалынды кек пен ызаға толы қасида Байқараға және сарай төңірегіндегілерге дөп тиіп, олардың қанын қайнатқан. Олар әбден ызаланғандықтан, Науайы мен Байқараның арасын алшақтатуға тырысады. Байқара олардың айтқанына сеніп, Науайының артынан бақылау қояды.

Алайда, Әлішер мұндай әрекеттердің ешқайсысынан да жасқанған жоқ. Билік жұмыстарынан босаған ол, енді біржола жазу жұмысымен шұғылданады. Өзінің ең даңқты, ең әсерлі шығармаларын Науайы осы жылдары жазды. Осы кездегі түркі мен парсы ақсүйектерінің арасындағы әдеби тіл туралы таласқа өзбек ақындары Лутфи, Атаи, Саккакилермен қатар Әлішер Науайы да ат салысты. Сол кезде түркі тілінің

әдеби тіл бола алатынын жақтай отырып, өзінің атақты “Бестік” (“Хамса” 1483-1485 жж.) атты шығармасын өзбек тілінде жазды. Сөйтіп “Бестіктің» тууы-өзбек әдебиетіндегі зор тарихи оқиға, ақындар мен әдебиетшілердің өз ана тілінде көркем шығарма жазуға болатындығының дәлелі тәрізді еді. Өйткенмен, кертартпа топтар қайткенде де Науайыны сүріндіруді ойлайды. Осы мақсатпен жаңа уәзір Мәждиддин Әлішерді басқа жаққа жіберуге Құсайын Байқараны көндіреді. Творчестволық еңбегінің гүлдеп, өркен жайып тұрған шағында Байқара сұлтан Әлішерді алыстағы Түрікмен даласындағы Астрабад провинциясына қызметке жіберді. Бұл-Әлішер үшін жер аударылумен тең еді.

Астрабадта Науайы әділ, кешірімді, ақылды әмір деген атқа ие болды. Фираттағыдай Әлішер мұнда да өз төңірегіне көрнекті, білімді адамдарды жинап, Астрабадты мәдени қалаға айналдырады. Ол келісімен бүкіл қалада тыныштық орнайды.

Астрабадқа келген соң да Әлішер поэзиядан қол үзбейді. Фиратта бастаған музыкалық өлеңдерінің жинағын аяқтайды. Бұл белгілі “Өлілер қазынасы” кітабы еді.

Бұл кезде өзара соғыс Хорасанды әбден әлсіреткен болатын. Науайы мемлекетті біріктіру және күшейту туралы өзінің жоспарын Құсайын Байқараға хабарлайды. Бірақ ішімдік пен бақталастыққа салынған сұлтанның сергек жауап қайтаруға шамасы жоқ еді. Сонда да ол өз жағдайының мүшкіл екенін сезіп, Мәждиддин уәзірді қуады да, Науайыны қайтадан шақыртып алып, уәзірлікке тағайындайды.

Бұл кезде Хорасан мемлекетінің жағдайы тым ауырлап кеткен болатын. Әр жерден таққа таласушылар көтеріліс жасай бастады. Міне, осындай ауыр жағдайда мемлекеттік жұмыс істеу Науайыға оңай соқпайды. Бірақ, ол творчестволық жұмысын тастамайды. Сөйтіп, осы жылдары тамаша, саяси-қоғамдық мәні зор шығармалар жазды. Олар: “Иран патшаларының тарихы” (1488ж), “Холати Сайид Хасан Ардашер” (1489ж) “Мажолис-үн-Нафаис” (Собрание прекрасных 1491ж) шығармалары еді. Соңғы еңбегінде Науайы төрт жүз елу (450) ақынның өмірі мен творчествосы жайлы жазады, олардың творчествосынан мысалдар келтіреді. Сонымен қатар, ол “Өлеңдер мөлшерінің өлшемі” (1492ж) деген өлең құрылысының теориясы мен практикасы туралы еңбегін және философиялық “Құстар әңгімесі” (1499ж) поэмасын, “Екі тіл туралы пікір” (Мухакаматул-луғатайин”желтоқсан 1499ж) атты еңбектерін жазады. Оның “Жүректердің ғашығы” (1450ж) атты шығармасы өмір құбылыстарын байқаудың, философиялық ойлардың қорытындысы болды.

Тоқтаусыз үлкен ой еңбегі, өмірдің ауыр, шытырманды жайлары Науайының денсаулығын әлсіретеді. 1500-жылдың аяғында жорықтан қайтып келе жатқан сұлтан Байқараны қарсы алу үшін ауру Әлішерді зембілге салып, көтеріп алып шығады. Сөйтіп, 1501-жылдың 3-қаңтарында жексенбі күні таңертең Әлішер Науайы қайтыс болады.

### **«ТӨРТ КІТАП» (ШАР ДИУАН) ЖИНАҒЫ**

Әлішер Науайының әдеби мұрасы өте бай. Ол өзінің 60 жыл өмірі ішінде 100 мың жолдан астам өлең және бірнеше прозалық шығармалар жазды. Науайының әдеби мұрасының ішінде көрнекті орын алатыны-лирикалық өлеңдері. Ол өмірінде көптеген лирикалық өлең жазды, тіпті өмірінің соңғы жылдарында(1495 жылдар шамасында өзінің лирикалық өлеңдерін жинап, атақты “Төрт кітап” (Шар диуани) жинағын шығарды.

Жинаққа кірген өлеңдерді акын шартты түрде төртке бөлген. Бірінші бөлім “Балалықтың тамашасы” деп аталады, бұл бөлімге ақынның бала кезінде жазған өлеңдері, екінші бөлімге ақынның жастық шағындағы өлеңдері кірген, ол “Жастық шақтың кейбір қызықтары” деп аталады, үшінші бөлім “Орта кездің қызығы”, төртінші “Қарияның пайдалы кеңестері” деп аталады.

“Төрт кітап” (Шар диуан) тек өзінің көлемімен ғана емес, керісінше, жинаққа енген өлеңдерінің идеяларының тереңдігімен, көркемдік ерекшеліктерінің молдығымен, күшімен таңқалдырады. Сол кездегі кертартпа-мистикалық, догматикалық шығармаларға керісінше, Науайы өмірге деген сүйіспеншілікті паш етеді, халық тұрмысының ауырлығын батыл жырлайды.

Өзінің екі жолдық өлеңдерінде акын елдің кедейленгенін, екіжүзділікті, күншілдікті, сараңдықты әшкерелейді. Айналасындағы зорлық-зомбылықты, қаталдықты көріп ызаланған Науайы былай дейді:

Дәуірден дәуір өткіздім, дәуірдің көрдім жәбірін,

Көз салып кімге сүйсінем, қайғының көрдім ауырын.

Көп жәбірдің селін басқандай, сүлдесін сорды жанымның!

Бүкіл “Төрт кітаптағы” мұндай сенімсіздік өмірден түңілушілікке тән емес. Керісінше, бүкіл кітаптың леймотиві-өмірге деген махаббат, халық үшін өмір сүру. Әлішер Науайы “Төрт кітапта” басқа шығармаларын-дағыдай өмірден түңілушіліктен аулақ, жарқын болашаққа кәміл сенеді.

“Төрт кітап” жинағының көбісі “ғазалдар” деп аталатын лирикалық өлеңдерден құралады. Бұл өлеңдерінде Науайы кіршіксіз таза, айнымас адал махаббатты, оның қуанышы мен азабын, мөлдірі мен тынығын бейнелейді:

Қатарланған қара меңің, қиғаш қасың, қара шаш,  
Болар бәлкім күйдірген де күн бетіңді ,балғын жас,  
Көзімнің сен сортаң жасын сорғалаттың, сонда да  
Деп тілеймен “өтсін өмірің рахатта біржола”  
Уа, ақындар! Махаббатты сүйсең шарла жер, көкті  
Төк теріңді, әр тамшысы жұлдыз болсын меруертті.

Ақын көптеген ғазалдарында адамды жер бетіндегі дағдылы өмірден алыстатпақшы болып, қайдағыбір “о дүниелік жұмақты” уағыздайтын, сопылық ілімді (суфизмді) әшкерелеп, оның жалған, тірлікке үйлесімсіз мәнін ашып береді.

Осы күнгі сопылардың маған аян бір сыры,  
Жегені арам, айтқаны өсек, дәріс айтар жүгініп!

Немесе:

Мені айырды ғашық жардан айқай салып шайқылар,  
Иеленіп ұлы атақты, иттей үрген шайхы бар,  
Мен дүниені түгел көрдім өз көзіммен деп айтар,  
Өтірік айтып елді алдар, сұрқиялық жай айтар.

Таң ертеңнен кешке дейін азан шақырып, жұртты есінен тандыратын данғаза шайхылардың ісі-халыққа дұрыстап өмір сүргізбеудің амалы дейді:

Сырты шайхы, ислам дінге болып жүрер мұқият,  
Малды алар, елді де жер, берер рұқсат шатырхат.  
Жас келіншек, қызды көрсе, көңлі ауыр тақсырдың  
Аллаға ғасы, ел құлағы есітерге тым ұят.

Адамды құдай әуелден азат етіп жаратпаған дейтін діні-мистикалық уағызға Науайы өзінің дүниедегі ең қадірлі жаратылыс адам деген ақиқат қағидасын қарсы қояды: дүниеде тамаша, қымбат, асыл нәрселер қисапсыз көп, бірақ солардың ішіндегі баға жетпес ең асылы-адам. Ей, жарандар, өздерің адам болғыларың келсе, адамды сыйландар, қастерлеңдер, бағаландар, адамды сүйіндер!-дейді, ұлы ойшыл.

Шығыстың арғы-бергі классик шайырларындай Әлішер Науайы да өмірдің мәні мен мақсаты туралы ой толғайды. Ол мемлекет ішіндегі дау-талас елдің абыройын арттырмайтындығын ғибрат етіп айтады. Дүниеге қызыққыштық, құныққандық,

күншілдік секілді кеселдер қоғамда орын тепкенін көріп, жұртшылықты сабыр мен қанағатқа шақырады.

Ай, достарым, опасы жоқ шіркін дүние алдайды,  
Шат қылады нәпсінді ерітіп, тәттілікті таңдайды.  
Көзі көргіш, көңілі білгіш бұған еріп азбайды,  
Бүгін шат қып, ертең зар қып, бәріңді де жалмайды...

### **“ЕКІ ТІЛ ТУРАЛЫ ПІКІР”**

Науайының әдеби мұрасы ана тілінің даму заңдылықтарын ашып беретін кең дүние. Бұл тұрғыдан алғанда оның «Екі тіл туралы пікір» деген еңбегі аса бағалы. Ол өз ана тілінің поэзия әлеміндегі тәжірибе жүзіндегі мүмкіндіктерін ашып қана қоймайды, сонымен қатар, оның поэзия жасай алатын оралымды, икемді, салиқали күшін, бейнелеушілік қасиеттерін теориялық тұрғыдан дәлелдеп бекітеді. Орта Азиядағы түркі тектес тайпалардың тілі, сөздік қоры жағынан да құнарлы, бұл тілдер көркем шығарманың түрлерінің барлық қажетін өтеп бере алады деген сияқты нақтылы дәлелденген тұжырымдар кітаптың негізгі өзегі болып табылады.

Бұл ең бірінші өзбек тілі мен әдебиетінің даму тарихында кезінде үлкен үлгі болып, осы жолда орасан зор қызмет етті. Әлішер Науайы “Бестік” , “Төрт кітап” туындылары арқылы өзбек тілінің қадыр-қасиетін танытса, “Екі тіл жөніндегі толғанысында” өзінің ана тілі үшін жүргізген талай жылғы тынымсыз күресінің нәтижелерін жинақтап қорытты. Мұнда, енді ол тілші-ғалым ретінде танылады.

### **«СҮЙІКТІ ЖҮРЕКТЕР» («МАХБУБУЛ КУЛУБ») ЖИНАҒЫ**

Науайының бүкіл прозалық кітаптарының ішіндегі ең маңыздысы- атақты «Сүйікті жүректер» (Махбубул кулуб). Бұл жинақ-Әлішер Науайының бүкіл өмір жолы мен атқарған қызметінің түйінді шешімдері мен қортындысы. Мұнда ақын өз өмірінің ішінде көргендері мен білгендерін, мемлекет, қоғам, көркем өнер мен әдебиет жайындағы ойларын жинақтап түйіндейді, топтап тұжырымдайды.

Ақын онда өз тағдыры туралы былай дейді: «Алаңсыз сәби кезімнен бастап қауқарсыз кәрілікке дейінгі бүкіл өмірім өте ауыр болды, алланың әмірімен емес, адамның екіжүзділігінен болған алапаттар мен заман ғаламаттары мені көп уақыт бойы қинады.» Қиналмас үшін қалған жұрт келешекте не істеуі керек? Міне, ақынның алға тартатын сыйы-осы қиналмай өмір сүрудің жайы мен қамы. Сондықтан да кітап ғибрат, нақыл ретінде жазылған. Мемлекет әділеттік негізінде

құрылса екен, өмір көрікті де жақсы болса екен. Ақын өз шығармасының негізгі міндетін жұртты осы мақсатқа жұмылдыру деп біледі.

Құсайын Байқараның ел басқарудағы алапат тәртібін алқымдай келіп, бірде сұлтанның еркін ойды еріксіз тұқырып отырған қатал салтын қағытып өтеді: «Егер патшаңыз бұлақтың суы су емес, у деген болса, онда бұлақтың суы у емес, су екенін дәлелдемекші болған өзін қылмыстылар қатарына қоса берсін». Бұдан автор мынадай қорытынды шығарады: «Шындықты айтқан адамның өміріне қауіп төнеді. Әділет жолына шақырсаң, өлім қаупі тағы бар. Қатігездер үшін шындық өтірікпен тең, ақылды ақымақпен тең».

Сұлтанның кеңесшілері мен қызметшілері де, қазылар мен муфтилер де үшкір қаламның найзасына ілікпей қалмайды. Науайының сипаттауында, бұлар «бір тиын үшін мың шындықты бір мылжың дей салады, бір үзім жүзім үшін бар бақшаны өртеуге, бір масақ дән үшін, бүкіл қырманды борандатуға» дайын тұратын озбыр да обыр күш.

Надандық пен қараңғылыққа жан ұшыра қарсы шыққан азамат ақын бақсы-балгерлерді, тәуіп емшілерді «жендеттің ермегі» деп атайды, ал саудегершілік айламен халықты аяусыз тонап келген жалдаптар кітапта төмендегіше әшкереленеді: «Саудагердің табысы-халықтың шеккен зияны. Жалдаптар арзанға алып, қымбатқа сатуды ғана біледі. Егер өздері сатып алар болса, олар кездемені- кенеп дейді. Ал кездеме қолына түскеннен кейін, енді оны жібек деп сендіреді».

Әңгімеленіп отырған кітапта Науайы шаруалар қауымын ерекше жағымды, қадірлі бейнеде көрсетеді. Мұнда еңбек пен шаруа- біртұтас тұлға. «Шаруа еңбегі-қоғамның тіршілік негізі. Олар қайда жүрсе де адамға бақыт, күш-жігер, ізгілік сеуіп жүреді. Құрмысқа мен құс, қайыршы мен жолаушы, бүкіл халық шаруа сепкен дәнмен тойынады».

Сөйтіп «Сүйікті жүректер» жинағы арқылы Әлішер Науайы өзбек әдебиетін жаңа жанрмен байытты, тақырыбы мен идеялық мазмұн шеңберін кеңейтті, ең бастысы-өзбек әдебиетіне жаңа адамның-еңбеккердің образын енгізді. Жинақтың құндылығы мен жаңалығы да осында.

Қазақтың ұлы ақыны Абай да, ұлы ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсарин де Науайының осы пікірлерін өздерінің қарасөздерінде, прозалық шығармаларында пайдаланып, өз заманына сәйкес талдап отырған. Абайдың қарасөздерінде Науайынымен пікірлеп, идеялас көптеген мысалдарды табуға болады. Бұларда жалаң дидактика емес, кеңісінше логикаға дәл көркем образдар жиі ұшырайды.

## «БЕСТІК» ( Ә. НАУАЙЫНЫҢ «ХАМСАСЫ»)

Науайы творчествосының, сонымен қатар бүкіл өзбек әдебиеті тарихының ең биік шарықтау шынары-ақынның «Бестік» («Хамса») атты жинағы болып табылады. Бес дастаннан құралған бұл шығарма кезінде қалың қауымның ризалығына бөлініп, ақындарды таңқалдырды. Оған еліктеушілер де аз болған жоқ. Алайда Шығыс әдебиетінде Науайыға дейін де бес поэмадан құрылған поэтикалық кантата жазған ақындар болғанын біз жақсы білеміз. Азербайжанның атақты ақыны Низами және т.б. жазған. Бірақ Науайы олардай парсыша емес, түрік тілінде жазды және парсы әдебиетіндегі бас поэмалардан еш кем соқпайтындай соны, дербес шығарма жасады. Дәстүрлі образдарды пайдалана отырып көркем шығарма жасады. Дәстүрлі образдармен шығарма құрудың дағдылы тәсілдерін пайдалана отырып, бүкіл түркі тайпаларының мақтанышы боларлықтай ерекше сипатты жаңа туынды жасап берді. Науайы бестігінің өзінен бұрынғылардан өзгеше, артықша және оларға тіпті ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі де осында. Осыдан Науайы творчествосының ең басты ерекшелігі мен жаңалығы айқын танылады.

«Бестіктегі» бірінші дастан «Ізгілердің қаһарлануы» (Хайратул-аброр) ерекше жүйеде жазылған, өзінше бөлек дидактикалық-философиялық шығарма. Мұнда, сол кездің көптеген қоғамдық, моральдық мәселелері қамтылады және автордың соларға деген көз қарасы баяндалады. Бұл 64 тараудан тұрады, бірақ әр тарауын өзара байланыстырып жатқан тұтас желілі сюжет жоқ, өйткені әр тарауда әр түрлі оқиға суреттеледі. Тек, кейде ақын өз топшылауларын дәлелдеу үшін, суреттелген оқиғалардың шындығына сендіру үшін ғибрат аларлық әңгімелер келтіріп отырады. Ал негізгі 24 тарауында ақын патшалар мен дін иелері, сабырлылық пен қанағатшылдық, адалдық, сыйластық, махаббат, көктем мен көңіл, маскүнем мен қаскүнем туралы сыр шертеді. Бұл тарауларда автор өз заманының көптеген проблемалық мәселелерін қозғайды: мемлекет пен қоғам және оның кеміс-мүкіс жайлары туралы ой түйеді. Соған орай, ойшылдық пен сыршылдық, шыншылдық пен сыншылдық өзара терең, шығармаға ғибраттық, насихаттық сипат берген және ой, оқиға желілері тарихи шындықтан да алыстап кетпейді.

Сонымен қатар, бұл шығармада ақынның дүниетанымы және көзқарастарындағы осалдықтары да айқын аңғарылады. Науайы өзінің сыншылдық пайымдауларында қоғам құрылысының, әлеуметтік органның таптық сипатын өзінше түсінді де, адамдарды жалпылама екі топқа жақсылар мен жамандар тобына бөле салады. Содан, оның ұғымынша, патшаның да «жақсысы» мен «жаманы» болмақ, ал

қоғамдағы зұлматтың басты себептері «жаман» патшалар, сондықтан осыларға қарсы күресті мейлінше күшейтіп, дүниені «жақсы патшалар» билейтін ету керек. Тіпті поэманың үшінші тарауында халық пен мемлекеттің тағдыры патшаға, шаһтарға байланысты, «жақсы шаһ» қоғамды гүлдендіреді, ал «жаман шаһ» кері кетіреді,- деген сияқты ашық топшылаулар бар. Әрине, халықты қорқыту мақсатымен озбыр әкімдердің бүкіл бір қаланы жоқ қылып жіберген қатал замандарында Әлішер Науайы адамның еркіндігі, правосы үшін күресті, бәрі жақсы болса екен дейтін асыл мұратын үндеу етіп тартты.

Дастанның төртінші тарауы тағы да «жамандарды», жексұрыңдарды сынауға арналады. Мұнда өздерін әулие етіп көрсеткісі келетін шайхылардың екі жүзді, қосқақпай мінездері сипатталады. Шайхылар әулиенің ақ шапанын жамылып, ақ жүрек сенгіш жандарды тонап бағады,-дейді ақын. Ал бесінші тарауда шын мәніндегі жомарттық пен ізгілікті қағида етіп ұсынады. Сөйтіп, бұл тарауда айтылған жағымды іс-әрекетті төртінші тарауда алдампаздық пен сұрқиялыққа қарсы қояды.

Осыдан қорытынды шығара келіп, дастанның алтыншы тарауында адамды тәрбиелеу мәселесіне ойысады. Өте қызықты жазылған бұл тарауда ақын ең алдымен байсалдылық сезімін жетілдіру, адамдарды өсек-өтіріктен, жала-бәлекеттен Абай болуға баулу жүйесін ұсынады. Автордың топшылауында байсалдылық, адалдық жүрген жерде ешқандай ойран-асыр, апат болмайды.

Дастанның жетінші тарауында байсалдылық сараңдықпен салыстырылады. Бұл ретте де ақынның сипаттауындағы байсалдылық мемлекеттік дәрежеде көрінеді.

Сегізінші тарауында адам мінезінің ізгі қасиеттері сөз болады: достық пен сенім, сыйластық пен қайырымдылық сияқты істерді жоғары мәртебе деп санайды.

Кітаптың тоғызыншы тарауы махаббат мәселесіне арналған. Махаббат дегенміз- адамдарды керемет ерлікке бастайтын ұлы күш,-дей келіп, ақын мұны отаншылдықпен және сүйіспеншілікпен байланыстырады. Адам нені сүйсе, сол үшін жан аямай күреспек.

Кітаптың оныншы тарауында да турашылдық пен әділеттілік жөнінде осылар тәрізді терең мағыналы ой салып, оларға талдау жасайды.

Кітаптың ғылым туралы толғанатын он бірінші тарауы ерекше терең толғаныспен, ерен жігермен жазылған. Ақын алдыңғы тарауларда салыстыра суреттеп келе жатқан ғиззат пен зұлматты осы тарауда бетпе-бет шендестіріп, зұлматтықты ғиззатқа жеңгізеді. Сонымен қатар, өз заманының тарихи шындығын ғибрат-нақылдармен байланыстыра, даналық сөз қалдырады: азшылықтың тілегін ғана орындайтын мемлекетте, кедейлерге аяушылық білдірмейтін қоғамдық тәртіпте,

қауымға қызмет етпекші болған ғалымды бағалау деген еш болмайды екен, өйткені қоғам үшін көп пайдасы бар нағыз ғалымдар қайыршылыққа ұшырауда, ал надандық пен жоқшылықты жақтайтын жылпос дүмшелер дүниенің рақатын көруде, мұның тамырына балта шабу керек, ол үшін сол ғылымның өзін пайдалану қажет, -дейді ұлы ақын.

Біз талдап отырған дастанның қалған тоғыз тарауы да осылайша өзара жымдаса, қиюласа келіп, ақынның дүниетануын, көзқарасын жинақтап, түйіндеген бір тұтас шығарма желісі болып табылады. Әр тарау өз алдына дербес мәселені қамтығанымен, олардың барлығы да негізінен бір ғана проблеманың төңірегіне шоғырланған, дәлірек айтқанда: жер бетінде барша адам баласы теңдікте өмір сүретін әділетті қоғам орнату идеясына бағындырылған. Дәуір мен уақыттың, сана мен ғылымның куәсі болып табылатын бұл шығарма өзінің мазмұн байлығы мен түр, көркемдігі жағынан бүкіл әлем өнерінің тарихынан ерекше орын алды. Әлішер Науайының ұлылығы да оның шығармаларының осындай ерекшеліктеріне байланысты.

### «ЛӘЙЛІ-МӘЖНҮН» ДАСТАНЫ

«Ләйлі-Мәжнүн» дастаны араб аңызының негізінде жазылған. Мұнда сүйіскен екі жастың қайғылы тағдыры жырланады. Сонымен қатар дастанның «Қайғылы жыр» деп аталатын бөлімінде үлкен әлеуметтік мәні бар мәселелер қозғалады. Демек, бұл дастанды тек қана махаббатқа арналған деп түсінуге болмайды.

Дастанның қысқаша мазмұны төмендегідей:

Ләйлі мен Қайыс (Мәжнүн) бір мектепте оқып, екеуі де білімді болып шығады. Оқып жүрген кезде тұтанған махаббат оты бара-бара үлкен сүйіспеншілікке айналып, екеуі мәңгілік жар болуға серттеседі. Бірақ Ләйлінің әкесі өзінің қызын байлығы аз адамға беруді кемшілік санап, Ибн Салом дейтін өте бай, атақты адаммен құда болады. Бірақ сараң әкенің бұл шешімі екі жастың жүрегіндегі махаббат отын сөндіре алмайды. Үстем дүние де зорлығынан танбайды. Ләйлінің әкесі Қайысты қатты қорқытады. Ақыры ол қол-аяғы шынжырланып, «мәжнүн» атанады. Мәжнүнді махаббатыңнан тай деп азғырады, оны ауру деп емдейді, дін жолымен Меккеге, Мәдинаға апарды, бірақ бұдан түк шықпайды. Ақыры, қорлыққа шыдамаған жас жігіт шөл далаға қашып кетеді. Ләйлі үшін бұл ауыр қайғы еді. Ол жан азабын қатты тартып, зор азап шегеді. Сөйтіп, ұзақ қайғы-қасіреттің салдарынан Ләйлі де, Мәжнүн де дүние салады.

Әлішер Науайы адамның ішкі жан дүниесін, арпалыс мезеттерін, үстем жандардың мінез, құлқын асқан шыншылдықпен суреттей отырып, соған байланысты феодалдық қоғамдағы Ләйлі мен Мәжнүн сияқты мындаған қыздар мен жігіттердің әлеуметтік трагедиясын аша білген.

Қазақ ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын қазақ тілінде жазып бастырады. Бұл дастанда негізінен Науайы шығармасының сюжеттік желісі сақталады. Шәкәрім Науайыны оқып, одан көп ғибрат алған ақын екенін осы «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасына жазған алғысөзінде (1936ж) әдебиетіміздің классиктерінің бірі Сәкен Сейфуллин деп атап көрсетеді.

### **«ЖЕТІ САЯХАТШЫ» (САБАЙ САЙЙАР)**

Ауыз әдебиетінде жырланған дәстүрлі сюжет негізінде Науайы «Жеті саяхатшы» поэмасын жазып шығарады. Поэма белгілі бір идея шеңберінде өзара тығыз байланысқан жеті әңгімеден тұрады.

Дастанның бірінші тарауында Науайы оны жазуға себеп болған жайлардың сырын ашады. Ақын ғажайып түс көреді. Түсінде жеті кең сарайда жеті ару отырырады. Сарай иелері оларға ертегі шертеді. Ақын өзінің жақындарына түсін жорытқанда, олар туралы дастан жазуды ұсынады. Міне, Науайы бұл дастанның жазылу себебін кіріспе бөлімінде осылайша бір дүркін сипаттап өтеді.

Дастанның бас геройлары – Бахрам шаһ пен әйелі Диларам. Бахрам-өмірінің көпшілігін аңшылықпен өткізеді және өз қарауындағы халықтың қамын ойлайды. Бір ретте ол аңшылықта жүріп, жолаушыларға кездеседі. Жолаушылар шаһқа Қытайда Диларам дейтін дүниеде теңдесі жоқ бір ару бар екендігін айтады. Шаһ ретін тауып, Диларамды өзіне қаратып, ақыры оған үйленеді. Үлкен той болады. Ұзаққа созылған той кезінде шаһ мемлекеттік жұмысын ұмытып кетеді. Ол сонда да сауық-сайранын тыймайды, тіпті аң аулауға да Дилараммен бірге шығады.

Осындай серуендердің бірінде Бахрам мен Диларам жанжалдасып қалады. Ызасы келген қаһарлы шаһ Диларамның қол-аяғын таспамен матайды да, айдалаға тастап кетеді. Бірақ үйіне келгеннен кейін өзі қатты сырқаттанады. Оны ұзақ уақыт емдейді. Ақыры жазылады. Жазылысымен ол бір апта бойы кез келген жолаушыны өзіне алып келуді бұйырады. Нөкерлері айтқанын екі қылмайды: бір күнде бір емес, бірнеше жолаушыны шұбыртып айдап келеді. Жолаушылар шаһқа түрлі ғажайып оқиғаларды айтып береді. Жетінші жолаушы- Кафур Диларам деген арудың (өзінің байлап тастап кеткен әйелі) Хорезм шаһарында тұратындығын, оның атақты суретші екендігін айтады. Бахрам қолма-қол хат жазып, Диларамды қайтадан өзіне

шақырады. Қыз шаһ қалауын орындайды. Шаһ тағы да өзінің сүйгенімен бірге ләззат дүниесіне беріліп кетеді. Өз бақытын тапқан шаһ тағы да мемлекетін де, халқын да ұмытады.

Бірақ күні Бахрам өзінің нөкелерін ертіп, Дилараммен бірге аң аулауға шығады. Сол жолы бәрі де жылымға батып қаза табады. Өзі үшін ғана жасай бастаған шаһ ақыры сол салтанат жолында өзінен өзі жоқ болады.

Шығарманың негізгі бағытын анықтайтын идеялық сарын-патшаларды әділдікке шақыру.

### **«ЕСКЕНДІР ҚОРҒАНЫ»**

Әлішер Науайы өзінің басқа поэмаларында әділ патша туралы арман етсе, «Ескендір қорғаны» поэмасында сондай патшаның жинақталған образын жасайды. Басқа поэмалары сияқты бұл поэма да Шығыс әдебиетінде кең тараған ғибрат ету тәрізді тақырыпқа жазылған. Поэмада Рим патшасы Файлакустың аңнан қайтып келе жатып, өлген әйелдің жанындағы баланы қалай алғаны, баланың одан кейінгі тағдыры жырланады.

Файлакус патшаның ер баласы болмаған, сондықтан ол тауып алған баланы өзі иемденеді де, атын Ескендір қояды. Ескендірді атақты ғалымдар тәрбиелеп өсіреді. Бала соғыс өнерін жақсы меңгереді, ғылымның бірсыпыра саласынан жақсы білім алады. Файлакус өзі өлер алдында тағын Ескендірге береді. Жас патша халыққа көптеген пайдалы ізгі жұмыстар істейді: әділетсіздік пен қаталдыққа тыйым салады, халықты екі жылғы салықтан бостады, алдағыштар мен нойыстарды жазалайды, мемлекеттік құрылысты нығайтады, т.б. Содан кейін Иранға жорық жасайды, Хорасанды шауып алып, сол жерлерде Ғират және Самарқанд қалаларын салғызады; одан әрі Кашмир, Индия, Қытай жерлеріне кіреді. Осы үлкен-үлкен жорықтар кезінде Ескендір өзін ұлы қолбасшы және ақылды да әділ патша ретінде танытады. Ол өзінің жүрген жерінде ылғи жақсылық жасайды. Мәселен, ол Мағрибке баратын жолдағы жыртқыш аңдар мен ғаламат тағыларды құртады.

Мағрибті алғаннан кейін Ескендір Римге беттейді. Жолда, Кирван елін басып өтіп бара жатқанда, бұл елді Яджужд бен Маджужд тайпаларының талауға ұшыратып жатқанын көріп, жергілікті халықты мейрімсіз жаудан құтқарады. Олар тыныш елдің берекесін алмас үшін, Каф тауының қойнауына ығыстырып тастайды және темірден ешкім өте алмастай берік қорған соқтырады. Оны «Ескендір қорғаны» деп атайды. Сөйтіп, ол халықты зұлымдықтан құтқарады.

Сонғы бөлімде ақын Құсайын Байқара мен оның балаларына ақыл айтады: оларды әділдікке шақыра отырып, сендер де Ескендірдей болыңдар,- дейді. Осыдан келіп, ақынның Ескендір патшаны тіпті әдейілеп тандамағаны аңғарылады, оның бар мақсаты өз елінің патшасын қайырымдылыққа шақыру.

Қазақ ақыны Абайдың да осы аттас поэмасы бар. Бірақ Абай «Ескендір» поэмасында басқаша қырынан келеді. Абай Ескендірдің бі ғана жорығын көрсетумен шектеледі. Науайы сияқты идеал патша етіп емес, керісінше даңғой, мақтаншақ әрі қызғаншақ патша бейнесінде алып, оған грек оқымыстысы Аристотельді қарсы қояды.

Науайының «Ескендір қорғаны» дастаны талантты ақын Несіпбек Айытовтың шебер аудармасы арқылы қазақ жұртшылығына 1986-жылы жеке кітап ретінде ұсынылды. Мұнда қазақ ақыны Науайы дастанының тек мазмұн желісін ғана емес, өлең өлшемдерін де, формалық ерекшеліктерін де дәл тәржімелеп шыққан. Ұлы ақынның өлмес мұрасын қазақ халқына насихаттауда, өзбек және қазақ әдебиеттерінің байланысын тереңдей зерттеуде бұл еңбектің мәні мен маңызы да зор деуге толық негіз бар.

### **«ФАРХАД-ШЫРЫН» ДАСТАНЫ**

Әлішер Науайы өзінің творчестволық ұлы күшін әсіресе «Фархад-Шырын» поэмасында танытты.

Фархад пен Шырын жөнінде өзбек халқы ертеден-ақ аңыз шертетін, ақын оның осы халықтық негізін пайдалана отырып, жазба түрінде тамаша дастан жазады, өзінің сүйікті геройлары арқылы жалпы халықтың арманы мен мүддесін баяндайды.

Поэманың сюжет желісі мынадай:

Көп жасаған қарт хан ұл көреді. Оның атын Фархад қояды. Бала он жасында-ақ көптеген ғылымды меңгереді. Жиырма жастағы жігіттей денелі, мүсінді болады, бала енді соғыс өнерін үйрене бастайды. Сонымен қатар, ерекше дарынды ұл атақты Махи- Бану дейтін суретшілерден өнер үйренеді. Суретші Карен бұл кәсіптің барлық сырын ашып береді.

Фархад бір күні әкесінің қазына-мүлік сарайынан адам тағдырын алдын ала айтып беретін айна тауып алады. Бұл айнаның тылсым сырын Сократ қана біледі. Фархад қояр да қоймай жүріп әкесінен рұқсат алады да, бірнеше адаммен Грецияға сапар шегеді. Жолда талай асуларды асып, неше түрлі қиындықтарды басынан кешіп, ақыры Сократты табады және одан айнаның тілін де біліп алады. Үйіне оралғаннан кейін айнаға қараса, Фархад құзды қопарып жатқан бір топ адамды және өзінің

болашақ ғашығын көреді. Қыз күйігі жанына батқан жас жігіт құса болып қатты ауырады. Баласының қам көңілін жұмсартпақ болған әке оны кемемен саяхатқа жібереді. Жолда бұларды теңіз толқыны соғып, кеме суға батады. Толқын жағаға шығарып тастаған Фархадты бір бай саудагер тауып алады, сонымен бірге Иеменге барады.

Иеменде Фархад Шапур дейтінмен танысады, айнадан көргендерін айтады. Сөйтсе, сүйген қызы Арменияда боп шығады. Шапур екеуі енді Арменияға тартады. Бір еңістікке келсе, өңкей бір михнат шегіп жатқан адам. Біреулері тас шауып, біреулері канал қазып жатқан бишаралар. Фархад аяп кетеді: ол айнаның сиқырлығымен екі жүз адамның үш жыл істейтін жұмысын бір-ақ күнде бітіріп береді. Фархадтың даңқы бүкіл Арменияға жайылады. Бұл хабар Махин-Бану әмірге де жетеді Махин-Банудың немересі Шырын қыз Фархадты бір көруге құштар болады. Әлгі екеуі Фархад жұмыс істеп жатқан жерге келеді. Сөйтіп Шырын Фархадты сүйеді.

Бірақ Иран шахы Хосрау да Шырынның сұлулығына қызығып, құда түсуге кісілерін жібереді. Фархадтан басқаны сүймейтін Шырын егер зорласа, өзін өзі өлтіретінін айтады. Мұны естіген шаһ Арменияға жорық жасайды. Фархадты құртпақ болады. Бірақ күшпен ала алмайды, тек сиқырлы адамның айласы арқылы ғана Фархадты алдап тұтқынға түсіреді. Қол-аяғы байланған Фархадты Хосрау қаласына алып кетеді. Бір кемпірге: «Шырын басқа біреуге берейін деп жатқанда өзін-өзі пышақтап өліпті» деген өтірік лақап таратқызып, Фархадты өз басын өзі тасқа соғатын халге жеткізді. Фархад осындай ауыр күйзеліске ұшырайды.

Шырынға ғашық болған Хосрау шаһтың баласы Шеруя өз әкесін өзі өлтіреді. Бірақ сөзіне берік Шырын Фархадтың кеудесінде жатып өледі. Сөйтіп, ғизрат пен зұлматтың күресінде сүйіскен жастар жеңіп шығады, яғни зұлматқа көнбей, ерлікпен қаза табады.

Әлішер Науайы Фархадтың образын сол кездегі әлеуметтік жағдайға байланыстырып, тамаша мұраткер бейнесінде суреттейді. Фархадта Науайының өз образы да бар. Фархад образы керемет адамгершіліктің үлгісі ретінде бейнеленген. Сондықтан да ол жасынан ақылды, зейінді әрі әділетшіл болып өседі:

Шаһзаданы: - білім ал деді ол, - үйрен,

Бастатып сабақ берді «Әліп-биден».

Фархад «әліп» дегенде білді әлемді,

«Би» дегенмен пәлені танып алды.

Бірнеше күн оқып жас шаһизат,

Қиналып-қысылмастан оқыды: «Әбжат».

Бір айтқанды қайталап көрген емес,

Түсінбедім деп сірә келген емес.

Науайы халық қамқоршысының тамаша бейнесін жасай отырып, оның жауыздыққа қарсы күресін бірден бола қалған кездейсоқ нәрсе ретінде емес, қоғамдық жағдайдың өзінен туған және сол қарсылыққа үлкен күресте шынығып барған жас азаматтың нағыз тұлғасын мүсіндеген.

Поэмада Фархадтың халқын сүйген азамат болып өсуінің басқа да заңды негіздері бар. Фархад жасынан-ақ, ертегі, аңыздарға үйір болады, үнемі дерлік зергерлердің, тас қалаушылар, суретшілер, қолөнершілер арасында, бір сөзбен айтқанда, халық арасында өседі. Сондықтан да халық оны өзінің туған баласындай жақсы көретін болған:

Кеуде қағып, дандайсып елірмеді,

Қаріп-қасер, кедейге көңіл бөлді.

Кедейлік, патшалықты бірдей тұтты,

Кедейлікке хандықты иіп жықты..

Сондықтан халық сүйді, қадірледі.

Халық алдында мейлінше әділ еді.

Фархад жаққа егер де бір суық жел

Соға қалса, түсер ед арасына ел.

Ақынның пайымдауында, Фархад басындағы қайғы-қасірет сүйіспеншіліктен ғана болған құса емес, оның терең тамыры халық пен жастар басындағы ауыр азапта жатыр. Мәселен, ол шаһ сарайында әкесі жиын-той жасатқанда, бұған күрсініп ренжіді, өйткені соның бәрі халық байлығымен болып жатқан салтанат еді. Баласының халыққа деген ниетін әкесі де біледі. Ол баласына бір емес, төрт сарай салдырып береді. Маңына сұлу қыз, білгір биші, әнші-күйші дегендерді қаптатып жібереді. Мұнымен шаһ өзінің ұлын халықтан ажыратып әкетпек болған. Ал «халықтың төмен жағдайына қорланған» Фархад өмірі мен бүкіл күш-жігерін «патшадан азаптанғандардың» азат болу жолына қияды. Бұл жөнінде Фархадты гуманистік, азаттық идеясынан бөліп әкетпек болған император әкесі былай дейді:

Қанша ардақтап басына кигенмен таж,

Саясатты білмесе оған не лаж..

Фархад бірақ райлы, жұмсақ көңіл,

Қаттылықтан бір із жоқ, ашулы тіл.

Әлемге шаһ болса егер тәж иесі,  
Халық басында ол тәңірінің көлеңкесі.

Қытай императоры өзінің ұлына тағын ұсынады, елді уысынан шығармай, ақылмен ұстауын үгіттейді. Халық ұлы Фархад үкіметтен бас тартады, екі жылға дейін билікті қолыңа ал деп қыстаумен өтінеді, өйткені оның ел басқаруға әлі тәжірибесі аз: «Егер адам бір жұмысты қолына алады екен, оның сол салада арнаулы білімі болуы керек, мұнсыз ол қай жұмысты болса да, дұрыс орындай алмайды. Егер менде халыққа пайда келтіру жұмысын ойдағыдай орындай аларлықтай арнаулы білім, мамандық болса, әрине, мен онда таққа отырар едім»-дейді Фархад.

Науайының поэмасында Фархад- өз заманының шын ұлы. Халыққа деген ұлы махаббат пен еңбекші бұқараға берілгендік, Армения еңбекшілерін азаптан құтқару жолындағы ерлігі мен Хосраудың қол астындағы елдердің қамын ойлау, жыртқышқа қарсы күрес Фархад бейнесін ғасырлар бойы езілгендер есте сақтап қадірлеген ізгіліктің бір көрінісі етіп бейнелейді. Сондықтан да Фархад образы сондайлық күшті, сондайлық әсерлі.

Ұлы Науайы өзінің ұлы шығармаларында әйелді еркектің құлдығында ұстайтын догматикалық заңдарды да бұзды. Оның поэмаларындағы әйелдер еркектермен тең болуға талпынады, оның тең серігі ретінде суреттеледі. Ақын «Ләйлі-Мәжнүн», «Фархад-Шырын» поэмаларында қызды қаламаған адамына зорлап ұзатуға ашықтан-ашық қарсы шығады. Бұл сол кез үшін жаңалық болумен қатар, сол заман қаталдығы тұрғысынан алып қарағанда, нағыз ерлік еді.

Ақын әйелдердің еркектерден кем еместігін көркем образдар арқылы тамаша дәлелдеп берген. Шаһзада Махибану, Шырын және олардың төңірегіндегі әйел-қыздар ғылым мен өнер саласында өте білімді, мәдениеті жоғары, адалдығы мен беріктегі қас батырдан кем емес, ер жүрек перзенттер болып көрсетіледі. Автор Шырынды «өзінің білімі мен мәдениеті жағынан дүние жүзіндегі бірінші қыз»деп суреттейді. Шырын өзінің сүйген жары Фархадпен бірге және дәл соның ықпалымен қатыгез Хосрауға ашықтан-ашық қарсы шығады. Оған шыққаннан өлімді артық көреді. Сондай-ақ Фархадтың махаббаты сияқты Шырынның да махаббаты халыққа деген сүйіспеншілікпен тығыз байланысты. Шырынның Фархадты сүюі еңбекке, халыққа, отанға қызмет ету бағытында бекиді. Шырын алдымен адамды-азаматты сүйеді, мұны өзіне үлкен абырой, бақыт санайды. Міне, Науайы шығармаларындағы әйел теңдігі тақырыбының қыр-сыры осылайша ашылып отырады.

Науайыға тән халықтар достығы, әсіресе «Фархад-Шырын» поэмасында айқын жырланған. Поэмада әр түрлі халықтардың өкілі бар: қытай, армян, грек, иран т.б. Қытай, Орта Азия және Кавказ халықтары арасында ерте кезден бері мәдени және экономикалық қатынас мол болып келгені мәлім. Ақын жырлаған достық тақырыбы осы көне байланыстың шындық көрінісі екені сөзсіз.

Әлішер Науайы-данышпан жазушы, ұлы гуманист, әйгілі мемлекет қайраткері. Ол өзбек халқының әдебиет пен мәдениеті тарихында оның негізін қалаушы, жедел дамытушы қайраткерлердің ең жоғарғысынан саналады.

Науайы өзінің мәңгі жасайтын творчествосымен бүкіл Орта Азияда әдебиет тарихының жаңа заманын бастады. Оның шығармалары өз заманының ең қажетті мәселелерін көтерумен бірге, ағартушылық және гуманистік идеяларының Шығыстағы ең маңызды көрінісі болды. Өзінің данышпандық шығармаларында Науайы адам баласына ортақ ізгілікті істерді ғибрат етті, оны насихаттады.

Әлішер Науайы шығармаларының идеялық-көркемдік дәрежесі өзбек халқының Бабыр, Тұрды, Махмур, Гулхани, Надира, Мунис, Агахи, Мұкими, Фурхат, Завқи, Аваз т.б. жазушыларының творчестволарына күшті әсер етті. Олар Науайыны өздерінің әдеби ұстазы есептеді, Науайы негізін салған ұлы мұраларды қалтқысыз қабылдады.

Науайы шығармашылығы бүкіл Орта Азия халықтарының әдебиетіне, соның ішінде қазақ әдебиетінің де өркендеуіне, идеялық-көркемдік жағынан кемелдене түсуіне ерекше ықпал етті. Мұны біз Сыр бойы әдебиетінің өкілдері болып есептелетін – Кете жүсіп, Қарасақал Ерімбет, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Мұсабек Байзақов т.б. ақындардың шығармашылығынан айқын таримыз.

Әдебиет әлеміне еткен әсері осы ұлы ақынның өз творчествосынан асып, бүкіл өзбек әдебиетінің тарихи даму барасында елеулі қызмет атқарды. Данышпан тәжік ақыны Хилоли, азербайжан ақындары Хишвари, Физули, Ахундов, қазақтың демократ ақыны Абай, татар ақын-жазушылары Каюм Насыри, Ғабодолла Тоқай, түрікмен ақыны Мақтымқұлы Науайы шығармаларын өздеріне үлгі есептеді.

Қазақстанда Науайының юбилейіне арналып, Академия тарапынан арнаулы сессия өткізілді. Және Науайының «Тандамалы шығармалары» жарияланды. Онда ұлы суреткердің «Фархад-Шырын» дастанынан көрнекті қазақ ақындары аударуымен үзінділер берілді. Жинақтың алғы сөзін академик, дүние жүзіне белгілі жазушы Мұхтар Әуезов жазды. Әлішер Науайының таңдамалы өлеңдері қазақ тілінде жазушымыз Мұхтар Әуезовтың алғысөзімен 1948-жылы басылып шықты. Бұл кітапқа ұлы ақынның «Шар диуанына енген ғазалдардың бір тобы және

Хамсаның ішінен «Фархад-Шырын» атты дастаны енгізілді. Одан бергі кездерде де қазақтың таланты ақындары Қ.Бекхожин, Ә.Тәжібаев, Қ.Тоғызақов, С.Сейітов т.б. ақынның шығармаларын қазақ тіліне жүйелі түрде аударып, қалың оқырман қауымға ұсынып отырды.

1986-жылы таланты ақын Несіпбек Айытовтың аударуында Әлішер Науайының «Ескендір қорғаны» (Саддий Искандари) дастаны да қазақ оқырмандарының жүрегінен орын алды.

Академик – жазушы Мұхтар Әуезов ұлы ақын жөнінде: «Артына ұшан теңіз мол мұра қалдырған Әлішер Науайы жалғыз өзбек әдебиетінің көлемінде қалған жоқ. Бертін келе Орталық Азиядағы, Шығыстағы көп елдердің әдебиеттеріне үлкен әсер етті. Әзербайжан, түрікмен, татар, осман түріктерінің әдебиетіне тараған үлгісінен басқа қазақ әдебиетінің Абай, Шәңгерей, Шәді, Шортанбай, Ақан сияқты ірі ақындарын еске алсақ, - бәрінен де Әлішер ғазалдарының, дастандарының айқын сарындарын сезіп отырамыз» - деп ұлағатты пікір айтып, айқын баға береді. (Мұхтар Әуезов. Шығармалары 20 томдық, 18-том. Алматы, 1985 ж. 300-бет)

Сонымен қатар Қазақстанның баспа орындарында Науайы жөнінде көптеген мақалалар басылды.

Қазақ ақындары Науайыға арнап небір шабытты өлеңдерін де жазды. Көрнекті қазақ ақыны Әбділдә Тәжібаевтың «Жолдас Науайы» атты өлеңі қазақ халқының өзбек ақынына деген шексіз сүйіспеншілігін білдіреді.

Сондықтан да оның данышпандық шығармалары мен гуманистік түйіндері бүкіл адам баласының бүгінгі таңдағы ізгілікке істеріне әлі де қажетті үлкен мұра болып табылады. Әлішер Науайының бүгінгі заман адамдарына жасаған игілікті қызметінің қадір-қасиеті де осында.

Қазақ ғалымдары Ә.Марғұлан, Ө.Күмісбаев, Қ.Жұмалиев, Р.Бердібаев т.б. Науайы туралы ғылыми мақалалар жазып жариялады.

Қазақ әдебиетінде ұлы Науайыға арналған өлеңдер, публицистикалық дүниелер де баршылық. Ұлы Абайдан бастап Шәкәрім, Шәді төре, Қарасақал Ерімбет, Тұрмағамбет т.с.с. қаламгерлер өздерінің шығарма-шылық қызметтерінде Әлішер Науайының атын үлкен ілтіфатпен атап отырған.

XIX ғасырдағы қазақтың көрнекті ақындары С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, Қ. Бекхожин, Қ.Шаңғытбаев, Қ.Мырзалиев т.б. Науайыға арнап жазған, ұлы ақынның күдіретіне бас иіп, оның есімін зор құрметпен атап, халыққа насихаттап отыратын өлеңдері өз алдына бір төбе.

Ұлы Әлішер Науайы – қазақ әдебиетінің де үлкен ұстазы бола білген биік тұлға.

## **МҰХАММЕД ЗАХИРЕДДИН БАБЫР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

“Бабырнама” – Орта Азия халықтарының орта ғасырдағы тірлігінен ұлан-ғайыр мағлұмат беретін, ескінің көзі сипатты тарихи-әдеби шығарма. Қазақ қауымына ұсынылып отырған бұл кітап сол замандағы қоғамдық құрылысты, әдет-ғұрыпты зерттеуші тарихшы, этнографтар, географтар үшін, сондай-ақ орта ғасырдағы түркі-шағатай тілінде жазылған ғылыми еңбектерді зерттеуші филологтар мен тіл мамандары үшін де, тіпті бұдан бес жүз жыл бұрынғы ата-бабаларының тірлігін, кәсібін, шаруашылығын, тұрағын, қоғамдық қарым-қатынасын білгісі келетін зерделі оқырмандар үшін де аса құнды. Мұның авторы Үндістанда үш ғасырға жуық өмір сүрген Ұлы Моғол мемлекетінің негізін қалаған Захиреддин Мұхаммед.

Бабыр-Темірдің ұрпағы, Ферғананың билеушісі Омар шайхтың үлкен ұлы. Ол Темір ұрпақтарының Темір құрған мемлекеттің жерін бөлісе алмай өзара қырылысып, жауығып жатқан 1483-жылы ақпанның 14-күні дүниеге келген. 1494-жылы Омар Шайх кенеттен қайтыс болып, буыны қатпаған Бабыр он екі жасында Ферғананың билеушісі атанды. Ол кезде Ферғана-бүгінгі Орта Азияның үш республикасының Өзбекстанның Ферғана, Әндіжан, Наманган облысының, Тәжікстанның Ходжент деген жерін және Қырғызстанның Ош облысының жерін қамтитын (ауд. 20.000 шаршы километрге жуық). Бабыр ұзақ жылдар бойы жарғақ құлағы жастыққа тимей, Амудария мен Сырдария аралығында бір орталыққа бағынған мемлекет құрмақ болды. Бірақ Темір ұрпақтарының арасындағы бақталастық, бақастық соғыс Мұхаммед Шайбанидің көшпелі өзбектерді бастап Мауреннахрға енуі оны ойын жүзеге асырмады.

Мұхаммед Шайбани - көшпелі Дешті Қыпшақ мемлекетінің билеушісі Әбілхайырдың немересі еді. Дешті Қыпшақ билігіне қолы жетпеген ол Жәнібек хан мен Керей ханнан ауыр соққы жеп оңтүстікке жылжыды да, Түркістан әмірі Мұхаммед Мазид Тарханға паналап, кейнінен одан Түркістанды тартып алып, XV ғасырдың ақырында бар күшін Темір әулетіне қарсы жұмсады.

«Бабырнама» үш бөлімнен құралған.

Бірінші бөлімде XV ғасырдың ақырындағы Мауараннахрдағы саяси оқиғалар, ондағы қалалар, қамалдар, өзінің шыққан тегі, билік үшін жүргізген жанталас соғыс,

нағашы атасы Моғолстанның билеушісі Жүніс хан мен Ташкентті билеген оның үлкен ұлы Сұлтан Махмұдтың билігі баяндалады.

Екінші бөлімі Ауғанстан жеріндегі оқиға. Бабыр заманында бұл аймақ «Қабул иелігі» деп аталған.

Үшінші бөлімінде «Солтүстік Үндістан» елдің саяси, географиялық жағдайы, табиғатының ерекшелігі, бұл елді мекен еткен халықтардың тұрмысы, әдет-ғұрпы жайында өте қызықты деректер келтіріледі.

Бабыр бұл жазбасында Темір әулетінің әмірзадаларының арасындағы жүгенсіздікті, билікке, таққа үздіксіз тартыстың салдарынан гүлденген егістік жердің ойрандалып, иесіз далаға айналып құлазығанын, аясыз тонау тонау мен алым-салықтан халықтың сансырағанын ашына жазады. Бірақ өзі де үстем таптың өкілі болғандықтан, билік мақсатына жету жолында оның да аянып қалған жері жоқ.

Мұхаммед Шайбани хан 1501-жылы Самарқанд қаласын қоршап, халқын ашықтырып қырғынға ұшыратқаны, ақырында бірнеше рет шабуыл жасап Самарқандты бағындырып, 1504-жылы Әндіжанды, кейін Ферғананы басып алып, Бабырды Бадахшан мен Кабулға қуғаны «Бабырнама» арқылы нақты деректер мен жетіп отыр.

Бабыр Темір әулетінің иеліктерін қайтарып алмақ ниетпен жасаған жорықтары (1505-1515) сәтсіздікке ұшырап, ақыры туған жерден күдер үзіп, жат елге бет бұрады, оның ендігі мақсаты Үндістанға орын тебу болады. Осы оқиғаның бәрі күнімен, айымен, жылымен, әңгімеленіп, естеліктің үшінші бөліміне түзілген, бұл 1483-1504- жылдардағы оқиғаны қамтиды. Бабырдың дерегінің нақтылығын сол заманның тарихшылары: Хондемір, Мұхаммед Хайдар Дулати, Мұхаммед Салық, Бенни т.б. шығармаларынан дәл байқаймыз. Бабырдың өзі былай деп жазады:

«Ушбу сөзді шағым жасайын немесе қайырымдылығымды білдірейін деп мақтан үшін жазбадым, шындықты, болған оқиғаны ешбір қоспасыз баз баяғы қалпында қағазға түсіріп отырмын. Естелікті жазудағы алға қойған мақсатым шындықты, қандай да болмасын істегі ақиатты баяндау. Сондықтан тумаларымның, бауырларымның, жақсы-жаман адамдардың кемшілігін де, артықшылығын да бүкпесіз айтып отырмын. Жарандар, жамағаттар, меймандар кешірім етер деймін»<sup>5</sup>.

Бабыр Кабулда тұрған кезінде, ұлан-ғайыр жерді мекендеген отырықшы, жартылай көшпелі әр түрлі тілде сөйлейтін тайпалар мен халықтардың әдет-ғұрып, салт-санасымен жіті танысады. Ол бұл елдің ірілі-ұсақты қалаларын жалғастырып

---

<sup>5</sup> Бабырнама. Алматы. 1986. 21-б

жатқан керуен жолдарымен жүріп өтеді, оның жыл мезгілдеріне қарай қандай жағдайда болатынын кітаптың екінші бөлімінде баяндайды.

«Бабырнаманың» үшінші бөлімінде 1525-1530- жылдардағы оқиғалар баяндалады. Алғашқы Ферғана мен Кабул туралы бөліміне қарағанда, бұл беттер толық, егжей-тегжейлі жазылған. Бірақ бұл басылымда едеуір қысқартылып берілген. (Біз 1986-жылы қазақ тілінде Байзақ Қожабектың аудармасы және комментариймен жарияланған «Бабырнама» кітабын айтамыз. Қ.А.)

«Бабырнама» жоғарыда аталған елдердің XV-XVI ғасыр аралығындағы саяси тарихына арналғанымен, ол халықтардың экономикалық өмірінен баға жетпес мол деректер береді, олардың әдет-ғұрып, салт-санасы сияқты мәселелерді де қамтиды.

Жазбада Бабырдың тіршілік еткен ортасындағы ақындардың, жыршылардың сұңғыла туындылары мен өлең жазу, ән шығарудағы дарындылығы сөз болумен қатар, олардың шығармаларына да баға беріледі. Сонымен қатар, шығармада замандастарының, мемлекет қайраткерлерінің, әскери қолбасшылардың, ақындардың, суретшілердің, әнші-жыршылардың бейнесі де суреттелген.

Бабырдың жазбасында Әлішер Науайы талантты ақын, ғалым ғана емес, өз заманының озық ойлы шешені, дүлдүлі ретінде көрінеді. Сонымен қатар «Бабырнамада» XV-XVI ғасыр аралығында жалпы Хорасан, Мауараннахр, Иран, Ауғанстан, Үндістанның мәдени тіршілігінен мол да нақты дерек берілген. Бұрын-соңды ғалымдардың жазбаларында дәл мұндағыдай нақтылық ұшыраса қоймайды.

Сол заманда өмір кешіп, тіршілік еткен дәуірін жазып қалдырған Шығыстың бірсыпыра тарихшыларының деректерімен салыстырғанда, Бабыр біреуден естігенін, яки болжағанын емес, өз көзімен көріп, анық-қанығына жеткен жайыттарды ғана баяндайды. Оның жазу мәнері де, тілі де ерекше. Оның тілі қарапайым сөйлемдерін нақты, қысқа құрады, әрі ұғымды халықтың сөйлеу тіліне бейімделген, замандастары сияқты ділмарлық, қызыл сөз, жөнсіз шешендікке салыну деген мүлдем ұшыраспайды.

Адамдардың аты жөні мен жер-су аттарының, әрі оқиғалардың орасан көптігіне карамастан, «Бабырнама» жеңіл әрі қызықты оқылады. Мұнда Орта Азияның, Хорасанның, Иранның, Ауғанстанның, Үндістанның ірі қалалары суреттеледі. Ферғана, Әндіжан, Самарқанд, Бұқара, Кабул, Ғазна, Балх, Бадахшан, Дели, Девалпуре, Лахор қалалары туралы деректер де өте құнды. Мұнда бұл қалалардың географиялық жағдайы сол замандағы феодалдық шаруышылықтағы сауда, экономикалық ахуалы жайында мол мәліметтер беріледі.

Бабырдың деректерін орта ғасырдағы тарихшылардың деректерімен салыстыра отырып, бұл қалалардың кейінгі кезеңдерде қалай өркендегенін немесе құрып кеткенін байқауға болады. Орта Азия қалаларының ішінде Бабыр әсіресе, өзі туып өскен Ферғана аймағында Әндіжан, Ахсикент, Қасан, Ош, Қанди-бадам, Исфара, Маргилян, Ходжент, Үзкент қалаларын сипаттауға айрықша тоқталады.

Бабырдың Орта Азия, Ауғаныстан, Үндістан мемлекеттеріндегі қазба, кен байлықтары жайындағы деректері аса құнды. «Бабырнамада» бұлар туралы жекелеген дерек келтіріліп қана қоймайды, сонымен қатар елдің шарушылығында қалай қолданылатыны да айтылады.

Бабыр Самарқанд пен оның аймақтары жайында аса зейінділікпен, ілтипатпен жазады, оның естелігіне қарағанда «...жер бетінің адам мекен ететн аймағында Самарқанд сияқты қала некен-саяқ»<sup>6</sup>.

Бабырдың назарынан Ұлықбектің обсерваториясы да тыс қалмайды, ол мұның ғажайып құрылыс, заманының озық ойлы адамы тұрғызған аса бағалы ғимарат, әрі ғылымның жетістігі екеніне тоқталады. Обсерватория Құхақ жотасының етегіне салынған, мұнда әлем кеңістігіндегі жарық жұлдыздарды бақылайтын арнаулы құрал-жабдықтар орнатылған. Ұлықбек бұл обсерваторияда «Гураган кестесін жасады, мұны қазірде жер жүзі пайдаланады» деп жазады Бабыр.

«Бабырнаманың» бірнеше беті Ауғаныстанның ірі қалалары Қабул мен Ғазнаны сипаттауға арналған. Бабырдың жалпы Ауғаныстан жайындағы деректерін Шығыстың өзге жазбаларымен, яғни XVI-XVII ғасырлардағы географиялық еңбектермен салыстырғанда, «Бабырнамадағы» Қабул, Бадахшан, Балх, Герат, тағы басқа да қалалар туралы географиялық деректер негізінен сол халында пайдаланылғаны байқалады.

Мұнда автор елдің ішкі жағдайына, Қабулдың әрбір әкімшілік тұманының экономикалық мүмкіндігіне тоқталып жатпағанымен, заманында Қабул иелігі он төрт әкімшілік округке бөлінетінін жазған, әрі бұларға сипаттама да беріп отырады. Бұл деректер Ауғаныстан халқының XVI ғасырдағы әлеуметтік өмірінің кейбір мәселерін анықтайтын маңызды тарихи материал болып табылады.

XVI ғасырда Қабул ірі сауда орталығы болады. Қабул мен Қаңдағар Үндістанға баратын сауда жолының торабында екенін айта келіп, Бабыр былай дейді “Қабулға Ферғанадан, Түркістаннан, Самарқаннан, Бұхара мен Балхыдан, Хисар мен Бадахшаннан керуен келіп жатады. Жыл сайын Қабулға 7-8 немесе 10 мың бас жылқы айдап әкелінеді. Төменгі Үндістаннан он-он бес немесе жиырма мың саудагер

---

<sup>6</sup> Бабырнама. Алм., 39-б

өздерінің керуендерімен келіп, Үндістаннан құл, ақ мата, дәмді тағам, тазаланған, тазаланбаған қант, дәрі-дәрмектік шөп пен жеміс жеткізеді. Қабулда кездестірмейтін затыңыз болмайды, мұнда Хорасаннан, Ираннан, Румнан, Чиннан келген заттарды да ұшыратасыз. Бұл жер Үндістанның сауда торабы тәрізді”<sup>7</sup>.

Бабырдың Қабулдан Үндістанға баратын керуен жолымен Орта Азияға тартылған жолға берілген сипаттамасы, биік асулар мен таудан өтетін жалғыз аяқ жолдар жөніндегі дерегі XIX ғасырдағы топографиялық анықтамаларға айна қатесіз ұқсас.

1882- жылы Қабулға барған А.Бернс Бабырдың мазарына бас иіп, қызықты жазбасын (яғни «Бабырнаманы») оқығаннан кейін, оны бұрынғыдан да артық құрмет тұтатынын жазған. «Бабырнамада» Орта Азия, Ауғанстан мен Үндістанның өсімдіктері мен хайуанаттар дүниесі соншалық білімдарлық, зеректілікпен сипатталған. Соған қарағанда, ол табиғат тіршілігін де зейнімен қадалаған адам болса керек<sup>8</sup>-дейді оқымысты..

Кітаптың үшінші бөлімінде негізінен Үндістандағы саяси жағдай, Бабырдың алғашқы жорығынан дүниеден қайтқанына (1530) дейінгі оқиғалар, оған дейінгі саяси-экономикалық жағдай, Үндістан халқының мәдени өмірі жайында мол мәлімет беріледі. Автор онда былай деп жазған «Бұл бір ғажайып өлке, біздің жермен салыстырғанда, мүлдем басқа дүние. Оның тауы, өзені, орманы, даласы, қаласы, аймағы, жан-жануары, өсімдігі, адамы мен тілі, жаңбыры мен желі, бәрі-бәрі де біздің жерге, біздің елге ұқсамайды. Қабулға шектесіп жатқан ыстық аймақтардың кейбір табиғат көрінісі Үндістанға ұқсас болмағанымен, басқа жағдайы жер мен көктей; Синд өзінен өтсең болды, жері мен суы да, ағашы мен тасы да, адамы да әдет ғұрпы да айна –қатесіз Үндістандағыдай.

«Бабырнама» тарихы мұра ретінде танылып, дүние жүзілік Шығыс зерттеу ғылыми орталықтарында зерттелуде.

Бес ғасырдан астам мерзімде «Бабырнама» әлденеше рет көшіріліп, қолдан – қолға тарап, бірнеше тілге аударылды. Бабырдың немересі Ақбар шаһтың (1556-1605) тұсында «Бабырнама» түркі тілінен (шағатай тілінен) парсы тіліне тәржімеленді. Сол алғашқы аудармалардың ішінде жұртқа ұнап, танымал болғаны, әрі бүгінгі күнге дейін құнын жоймағаны- Әбдірахман ханның аудармасы. Біздің елімізде «Бабырнаманың» алғашқы қолжазба көшірмесін (1714 жылғы) Темір Пулатов қолға түсірді. Оны Санкт-Петербургтік Георгий Джекат Кер зерттеген, сол

---

<sup>7</sup> Бабырнама., 127-б

<sup>8</sup> А.Бернс. Путешествие в Бухару. Москва. 1849. IVт.

көшірменің негізінде 1857 жылы Н.Ильминский Россиядағы алғашқы басылымын ұсынады. Содан кейін орыс тілінде Ташкентте (1948, 1958) басылады. Соңғы кітап 1905- жылы Лондонда Хайдарабат қолжазбасы бойынша жарық көрген.

А. Беверидж басылымынан М. Салье аударды, өзбек тіліндегі нұсқа да осы аударма негізінде шықты.

Бабырдың мұрасы, әсіресе, оның негізгі еңбегі саналатын «Бабырнама» дүние жүзі Шығыс зерттеушілерінің назарын аударып отыр. Мұның жарқын айғағы ЮНЕСКО-ның тарапынан 1980- жылы француз тіліндегі жаңа аудармасына және оның басылуына халықаралық ЮНЕСКО бұған ынталы елдердің (Өзбекстан, Ауғанстан, Үндістан) ғалымдарының қатысуымен арнаулы комиссия құрды. «Бабырнаманы» француз тіліне тәржімелеген француздық түркі ғылымдарының зерттеушісі Жан Луи Бакке Громонның еңбегі жоғары бағаланып, халықаралық ЮНЕСКО ұйымының бірінші сыйлығы берілді. Соның нәтижесінде «Бабырнаманың» француз тіліндегі аудармасы Парижде 1985- жылы екінші рет басылды.

Тарихи естеліктің бетін ашқанда-ақ, бүгінгі қазақ жеріндегі өзендер мен қалалардың атауы бірінен соң бірі тізбектеле береді. Сонымен қатар, естеліктің арқасында Қазақстан жерімен, елімен, сол кездегі Моғолстан мемлекетімен, Сарыарқада құрылған Әбілқайыр хандығының ханзадаларымен қатысты оқиғалар, Мұхаммед Шайбанидың Темір әулетінің әкімзадаларының иеліктеріне жорықтары ең соңғы күндеріне дейін бір толастамағандығын көруге болады.

Захиреддин Мұхаммед Бабыр өз заманының белгілі қоғам қайраткері, әрі әскербасы болуымен бірге ақыны да болған. Ол 16-17 жасынан бастап, өз басынан өткен хал-жайларды баяндап естеліктер де жаза бастаған. Лутфи, Науайы, Хайям және Хафиз сияқты өзінен бұрын өткен сөз зергерлерінің өнерінен үлгі алып, солардың ақындық дәстүрін де дамытқан. Бабыр өлеңдерінің ішкі ұйқасы мен үнділігі, нәзік сыршылдығы оның ғазалдарынан айқын танылады.

Қайда барсам, қайғы-мұңым – қара түн.

Жайды маған зілдей ауыр қанатын.

Мешіт те жоқ мені қарсы алатын,

Дәруішпін бос дәруаза қағатын.

Міне, бұл Бабырдың жеңіліске ұшырап, қайғыда қапаланып жүрген жылдарындағы өлеңдерінен. Ғазал, рубай, тұйық – Бабыр поэзиясында жиі кездесетін жанр түрлері. Әсіресе, ол төрт тармақты рубай жазуға асқан шебер.

Бұл өмірдің ғажаптарын көп көрдім.

Адамдардың азаптарын көп көрдім.

Қилы-қилы қайғы қасірет өткердім,

Рубаимнан көрінер бар өткен күн.

Бабырдың лирикалық өлеңдері әр алуан тақырыптарды қамтиды. Соның ішінде ең көп жырланғаны - өмір жайлы айтылған ақын философиясы. Бабырдың адалдық туралы айтқандары да көп. Жақсы қылық көрсет, өзіңе ғана емес, өзгелерге де достық қыл, сонда сенің адамгершілік парызыңның ақталғаны дейді ақын.

Дәулетке еріп митхнат елін ұмытпа,

Бұл бес күн үшін өзіңді өзің зор тұтпа.

Бабыр лирикасына арқау болған ең өзекті тақырыптың бірі- ерлік пен ғашықтықты жырлау. Ақын мұнда: «Ез болма, ер бол, ел намысын қорға – сонда ғана көңіліңе алған арманыңа жетесің» дейді. Ал, Бабырдың ғашықтық, махаббат туралы жазған өлеңдері дәстүрлі Шығыс поэзиясына тән стильде болып келеді. Ол махаббатты күйіп-жанған ыстық сезімнің, алабұртқан қызу құштарлықтың көрінісі ретінде береді. Мысалы, Бабыр ғашықтықты –бұлбұлға, сұлулықты –гүлге ұқсатып, қыз келбетін райханға, жүзін –наркеске, тілін- інжуге, тісін-маржанға теңейді.

Қазақ жұртшылығына «Бабырнама» –тарихи -әдеби асыл мұра, біздің тарихымызға қосылған соны дерекнама, қазақ этнографиясын, археологиясын, әдебиетін зерттеуге қажетті басылым ретінде аса қажет туынды.

Қорыта келгенде, Захиреддин Мұхаммед Бабыр өзінің мәңгі өшпес лирикалық өлеңдерімен де, «Бабырнама» секілді ірі прозалық шығармасымен де әлем әдебиетінің қазынасына көп үлес қосқан. Оның классикалық Шығыс әдебиетінен де, түркі халықтары әдебиетінен де алатын өз орыны бар.

## **ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ӨЗБЕК –ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТЕРІ БАЙЛАНЫСЫ. ЗАКИРЖАН ХАЛМҰХАММЕДУЛЫ ФУРХАТ. ОНЫҢ ТВОРЧЕСТОВАСЫНЫҢ Ы. АЛТЫНСАРИН, АБАЙМЕН ҮНДЕСТІГІ (1859-1909)**

Фурхат - ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы өзбек әдебиетінің ірі өкілі. Ол – ағартушы, демократ ақын. Фурхат шығармалары автобиография-лық сипатта болып, кейде оның шығармашылығы бір сөзбен “Фурхатнама” деп те аталған. Закиржан Халмұхаммедұлы Фурхат 1859- жылы Қоқан қаласында туылған. Ол бес-алты жасында ақ сауатын ашады. Науайы, Физули ғазалдарын оқып жаттаумен, бірге құранды мәнерлеп оқуды үйренеді, он төрт жасында медресеге оқуға түседі.

Бұл кезде Қоқан хандығы, Түркістан -Россия патшалығы тарапынан басып алынған еді. Ол бірнеше жыл Марғұланда жасап, саудамен айналысқан.

1880-жылы Қоқанға қайтып келеді. 1889-жылдары Ташкентке келіп, орыс ағартушылары, зиялыларымен танысады. Ташкентте “Фурхат, Фархат” псевдонимдерімен шығармалар жазып жариялай бастаған. Бұл кезде яғни 1890-91-жылдары Түркістан уалаяты газетінде қызмет етеді. Көптеген өлеңдер, публицистикалық шығармалар жазып жариялайды. Ташкентте болуы Фурхаттың демократиялық-ағартушылық көз қарасын шындай түседі. Фурхат 1891-жылы Ыстамбул, Греция, Мекке-Медине, Бомбей, Кашмир, Тибет, Қашқар, т.б. жерлерге, қалаларға саяхат жасайды. 1893- жылы Жаркентке (Қазақстан) келіп, осы жерде жасап қалады.

Фурхат жеке өмірінде біраз сәтсіздікке ұшыраған. Ол Жаркент қаласында жаңадан семья құрады. Бұл жерде өлеңдер, саяси, публицистикалық мақалалар жазады. Тәуіпшілікпен шұғылданады, саудамен айналысады. Ол 1909-жылы 50 жасында Жаркентте қайтыс болған.

Фурхат саяси дүниетанымы, көзқарасы жағынан қазақ демократ-ағартушылары Ы.Алтынсарин, М. Дулатов, А.Байтұрсыновтарға жақын. Ол өте көркем ғазалдар, дастандар жазумен бірге жалынды публицистикалық мақалалар, фельетон, памфлеттер жаратқан.

Оның халықтың этнографиясына, фольклористикаға тийісті “Той сүреті, “ Өңгіме көрінісі, “ Аза көрінісі “ тәрізді рисодалары (очерктері) бар.

Фурхат Қоқанда, Марғұланда, Ходжентте, Ташкентте т.б. шет елдерде болып, жасаған кездерінде әделетсіздік, зұлымдық, кедейдердің қорлық өмірі, әр алуан қайғылы оқиғалар туралы көптеген шығармалар жазған. Оның жүрек төрінен халқына деген ыстық сүйіспеншілік, халық мүддесіне қайғыру, ол үшін күресу т.б. идеялар айқын көрініп тұрады. Ол өзінің өмірінен налиды.

Көп адамдар зар-қайғы, ел ішінде жайлаған,

Мен дертімді, ойласам-зорлық пен зар қайнаған.

Ақын «Тартады» лирикасында алтынның кесірінен қарапайым адамның қандай қайғы- қасіретке ұшырайтынын көрсеткен.

Сары алтын қасіреті-көңілді қара қылады

Себебі-ол сары болса да-қараға қарай бастаушы.

Фурхат өз Отаны болған Қоқаннан кетуге мәжбүр болып, бірақ оны үнемі сағынып жасаған. Ақын «Қапастағы құсыңды босат, саятшы» деп аталатын мусаддасында (өлеңінде) еріксіздікке наразылық, бостандыққа талпыну, адамның

рухын күшейттіруші-қатарлар кездеседі. Өленде үш образ-аңшы, тұтқын және ақын бейнесі бар. Саят-аңшы-зорлық белгісі, әділетсіздік нышаны, тұтқын құс зары мен ақынның тағдыры бір-біріне сәйкес.

Фурқат құстың тұзаққа түсуі оқиғасы арқылы тұтқын адамның тағдыры хақында хикая етпейді, көбінесе қасіреті туралы айтады.

Құсыңды босатып жібер саятшы, ол да мендей екен,

Ол да мойнынан ілінген мендей бишара екен.

Өз жерін таба алмай мендей болып қаңғып жүр екен.

Ықпалы кеміс, бақыты да қара екен мендей.

Бұл құс та Фурқаттай үнемі өз мекенін таба алмай жүрген мүсәпір екен, бақыты жанбаған, жолы болмаған, азаптан жүрегі жара, бауыры тілкім-тілкім болған екен. Ақын құсты азат етуді аңшыдан сұрайды, одан мейірім-шапағат тілейді.

Біз бұл арада ХІХ ғасырдағы қазақ ақыны Махамбеттің «қызғыш құс» атты лирикасын еріксіз еске аламыз. Махамбетте де қызғыш құс еріксіз, басында билігі жоқ, лашынның тепкісіне шыдай алмай, көз жасын көлдетіп, еріксіз өз туған мекенінен айырылған шарасыз жан.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Қанатың қатты мойның бос.

Исатайдан айырылып,

Жалғыздықпен болдым дос.

Сені көлден айырған,

Лашын құстың тепкіні.

Мені елден айырған,

Хан Жәңгірдің екпіні,- деген жолдардан өзбек ақыны Фурхат пен Махамбеттің тағдырында болған ұқсастықты айқын байқай аламыз. Ол тек қана жалынумен шектелмей, әділетсіздікке қарсы бой көрсетеді.

Фурхаттың шетелде жүріп достарына жазған хаттары-ақынның өмірінен мәлімет береді. Бұларда өз еліне, халқына деген махаббатын көрсетеді. Ол белгілі ақын, демократ-ағартушы Муқимиге жазған хатында «Денемде сау жері жері жоқ, үнемі аурумын, жаралымын» дейді.

Өмірді терең бейнелейтін туындыларынан Фурхаттың «Гимназия», «Білім қасиеті», «Ташкент шаһарында болған бір мереке туралы», «Выставка туралы», «Акт жиыны туралы» шығармалары мазмұны жағынан ерекшеленіп тұрады.

Фурхат өзінің басып өткен жолы, көргендері, басынан кешіргендері, замандастары халықтың әлеуметтік өмір тұрмысы, алғашқы ұстаздары,

замандастары, ең жақсы адамдар, өзбек халқының әдет-ғұрыптары, ағарту-білім беру әдістері, орыстар туралы көз қарастары т.б. «Фурхатнамада» жақсы көрсете білген.

Ол театрды былай бейнелейді: «Бірнеше рет театр аталған орыстардың тамашаханасына барып, ондағы ойындар тәртібін көрдім. Олар арзан күлкі емес екен, үлкен ғибрат, өнеге екен. Олар бұрынғы өткен замандардағы адамдардың хал-жағдайларын, тұрмысын, олардың өзара қарым-қатнастарын т.б. талдап көрсетер екен. Тіпті күлкілі жағдайдың өзі адамға ғибрат болар екен. Олар тамашаханаға арнап ең үлкен, сұлу ғимарат салып берер екен, онда еркектермен бірге әйелдер де болып, жақсы әдеппен отырар екен».

Фурхат публицистикалық шығармаларында дүние жүзіндегі саяси жағдай, үнді, ауған соғыстары, олардың себептері, ағылшындардың соғыстары, олардың саясаты, Қашқардағы халықтардың жағдайы т.б. әділ, ақиқат көрсетуге ұмтылады.

Ол өз творчествосы арқылы гуманист, әділетшіл адам болып, халықтарға зұлмат әкелетін соғысты қаралаушы ретінде танылады.

Фурхат лирик ақын, ағартушы ғана емес, ол өз заманының алдыңғы қатардағы зиялысы болып та қалды.

Ол өзбек поэзиясының өміршеңдегін, мемуар жанры мен публицистиканы дамытуға, әсіресе өзбек әдебиетіндегі ағартушылық, демократтық бағытын дамытуға үлкен үлес қосқан ақын, жазушы болды.

Фурхат шығармашылығы Ыбырай Алтынсарин шығармашылығымен көбірек үндесіп отырады. Бұл олардың заманы бір болғандығынан ғана емес, көзқарастарында да көп ортақтық сипаттардың бар екендігінен болса керек. Өз кезінде Ыбырай Алтынсарин де халқына орыс өнері мен мәдениетін насихаттап, одан үлгі алуға шақырғанын білеміз. Ақынның «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңіндегі идеялық мазмұн Фурхат шығармаларында да жүйелі түрде айтылып, насихатталып отырған.

## **XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ӨЗБЕК-ҚАЗАҚ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСЫ.**

### **ФИТРАТ.**

**(1884-1938)**

Фитрат өзбек әдебиетінің, ғылымы мен мәдениетінің ірі өкілі, энциклопедиялық білімге ие адам болған,

Фитрат 1884- жылы Бұхарада туылған. Әкесі Әбдірахим өте бай, саудагер болып, шет елдерге Түркияға, Иран, Қашқарияға барып тұрған.

Алғаш Фитрат діни мектепте оқып, кейін Бұхарада Мирараб медресесінде тәлім алады. Ол араб, парсы тілдерін өте жетік білген.

Бала кезінен-ақ қоғамдық-әлдеуметтік істерге араласып, жәдидтермен байланысты болады. Жәдидтердің кеңесімен Стамбулға (Түркия) оқуға барып, 1909-1913- жылдарда Түркияда болады.

1909-жылы оның Стамбулда «Үндістанда бір французбен бұхаралық жігіттің ұсылы жәдид туралы талқылауы» атты кітабы басылады. Негізінде бұл кітаптың Бұхарада басылуына Бұхара әмірі рұқсат бермегендіктен, ол шетелде басылған болатын. Бұл шығарма парсы тілінде жазылған еді.

Фитрат әдебиеттің барлық жанрларында еңбек еткен. Оның Стамбулда 1910-жылы «Сайха» (Шолу) деген өлеңдер жинағы басылған болатын. Сондай-ақ парсыша «Үнді саяхатшысының повесі» 1912- жылы Стамбулда тағы басылып шығады.

Фитрат Түркиядан қайтып Бұхара, Самарқанд шаһарларындағы әдеби, мәдени ағарту істеріне де қызғын араласып кетеді.

1917- жылы Самарқандта шыға бастаған «Хуррият» (Төңкеріс) газетіне редактор болады.

Фитрат «болшевиктерді қолдау керек пе, жоқ па» деген мәселеде большевиктерді жақтайды.

Кейін 1917- жылдың соңында Қоқан Автономиясы түзілгенде, Фитрат Самарқандта болуына қарамастан, оған басқарма мүшесі болып сайланады. Ол бір мақаласында: «Қоқанға бармадым, Автономияның ешбір ісіне қатыспадым» деп білдіреді.

Фитрат 1923- жылы Москвада «Шығыс тілдері институтында» ғылымы қызметкер болып істейді, оған профессор атағы беріледі. Осы жылдары қазақ халқының көрнекті ақыны, аудармашы, журналист, тілші және әдебиетші ғалым Ахмет Байтұрсынов та болады. Бұл кезде Москва қаласында қазақтың да, өзбектің де көптеген зиялылары оқығаны, еңбек еткені мәлім. Белгілі қоғам қайраткері Нәзір Төрөқұлов, ақын Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатовтар да осы жерде болып, еңбек еткен. А.Байтұрсыновтың «23 жоқтау», Ер Сайын» кітаптары Москвадағы Күншығыс баспасында басылып шығады. Фитрат та А.Байтұрсыновпен, өзге де қазақ зиялыларымен жақсы творчестволық байланыста болған деуге толық негіз бар.

Москвадан қайтып келіп (1924ж) Бұхара, Самарқанд, Ташкент университеттерінде сабақ береді. Ол Тіл және әдебиет институтында, Өзбекстан

Ғылымдар Академиясында ғылыми жұмыстар істеумен бірге, көптеген көркем шығармалар да жазады.

Дегенмен, Фитраттың ұлтжандылығы большевиктерге ұнамайды. Оны Шолпан, Абдулла Қадыри, Усман Насырлармен бірге ұлтшылдықта айыптап, қуғындауға ұшырайды. Ол «мен Кеңес өкіметіне, коммунистерге тілектес болып тұрдым» деп жазады. Бірақ, өкініштісі коммунистік идеал үшін, ақиқат, әділет үшін күні-түні тынбай ізденген бұл ұлы адамды совет үкіметі қамаққа алады, ол 1938- жылы 4-қазанда Шолпан, Қадырилармен бірге атып тасталған.

Фитраттың алғашқы жинағы «Сайха» 1910- жылы Түркияда (Стамбул) басылды. Парсы тіліндегі бұл кітаптың тақырыбы-Отанға, елге махаббат, халықтың қайғы-қасіретіне ашыну және зұлымнан құтылу т.б болады.

Сондықтан да бұл кітаптың Бұхарада жарық көруіне Әмір Әлімхан қарсы болған.

Фитрат араб, парсы тілдерін өте жетік білсе де, өз туындыларын карапайым өзбек тілінде жазуға ұмтылған.

«Оқытушылар қауымына» өлеңінде елді ағарту, ақиқатқа бастау, зұлымдыққа қарсы күрес т.б көрсетеді.

Кәсіптестер ұлы ойынға жиналған

Елдің көзін қаптаған-қараңғылық қинаған.

Біздер білім беру-арыстандары, ғылым-ерлері

Бірігейік, тұрың, елге тура жолды көрсеткелі.

Біздер –елдің адамдық қанын қыздырушы,

Түрік арыстандарын бейқам

Ұйқыдан оятушы,- дейді. Мұндағы түрікшілдік сарыны Мағжан Жұмабаевта да болатын. Көп ретте Фитраттың ақындық кредосында Мағжанға іштей туысып жататын жағдайлар көптеп ұшырасады.

Фитраттың ең әйгілі өлеңі «Марс жұлдызы» .

Бұл өлең оның басына үлкен қайғы-қасіреттер әкелді. Оны ұлтшыл деп айыптауға себеп болды. Өлеңде –Фитрат жұлдыз сипатында Аллаға қарата тілек тілеп, большевиктердің, Россия әскерлерінің зұлымдығын, жауыздығын әшкерелейді, өз халқын осы зұлматқа қарсы үндейді.

Бар ма сенде біздердегідей адамдар.

Екі жүзді адам бұзар шайтандар,

Досының қанын ішетін жауыздар,

Туысқанның етін жейтін қасқырлар.

20- жылдардың соңы, 30-жылдардың басында Фитратты ұлтшылдықта айыптау күшейді.

Фитраттың «Абулфайыз хан» трагедиясы 1924-жылы Москвада басылған.

Трагедия XVIII ғасырда жасаған аштарханидтердің ең соңғы ұрпағы Абулфайыз хан өмірі туралы бейнелесе де, негізінде басмашылар кезеңіне арналған еді.

Драматург тәж-тақ және патша , тәж-тақ және әділет, тәж- тақ және халық тағдырын қатар қойып суреттейді.

Зұлымдық, әділетсіздік, зорлық-мемлекетті де, халықты да құртатындығын көрсетеді.

Мәселен, Абулфайыз хан тек қан төгу, зұлымдық арқасында ғана таққа шығады және сол жолмен әкімдік жасайды. Ол өз ағасын, әкесі орнындағы Фархад аталықты, достарын өлтіріп тақты иелейді, осы істегендеріне ұйықтай алмайтын болады. Ол былай дейді: «Енді ешкімнің маған сенімі қалмады». ..

Сарай маңындағылар Хәкімбай басшылығында Абулфайыз ханға қарсы тұрады.

Фитрат творчествосында діни тақырыпқа жазылған еңбектер, мақалалар, әңгіме, пьесалар да бар. «Қиямет» (1924), «Миғраж» (1930) «Акмазар», «Қисық ишан», «Зейнептің иманы» т.б. сондай-ақ «Шайтанның тәңірге наразылығы», «Ораза» пьесалары –осылар қатарына жатады.

Фитрат дінге сенген, оның тарихын терең білген адам. Медреседе ислам тарихынан сабақ та берген. Оның «Мұхтасар ислам тарихы» атты кітабы да бар.

Фитрат « Үнді саяхатшысының қиссасы» шығармасында Бұхарада екі жүз медресе болғандығын айтады. «Ораза» пьесасында ишандардың адамдарды денсаулығына қарамастан, ораза ұстауға зорлауы, өздері болса жасырын тамақтанып, көкнар ішкендері айтылады.

Фитрат творчествосының және бір саласы оның ғылыми еңбектері болып табылады. Ол талантты әдебиетші-ғалым, тілші-лингвист. Оның «Өзбек тілі грамматикасы» (1930) т.б. еңбектері, көптеген мақалалары тілші –ғалым екендігін танытады.

Сонымен бірге, әдебиеттану саласында өзбек, парсы әдебиеттері, әдебиет теориясы т.б. еңбектері де белгілі.

Фитрат әдебиет пен өнердің барлық жанларын терең түсінетін, дұрыс байымдайтын маман болған. Оның әдеби творчествасы мен қоғамдық қызметі өзбек әдебиеті мен өнеріне қосылған үлкен үлес болып есептеледі.

Қазақ халқының ақыны, тілші, әдебиетші ғылымы Ахмет Байтұрсынов тағдыры да, Фитрат тағдырына ұқсас. А.Байтұрсынов 20-жылдарда Ташкентте жасаған кезінде Фитратпен достық әрі творчествалық қатынаста болғандығы мәлім. Екі ғалымның да өз халықтарының өдебиеті мен тіл білімі үшін ұшан-теңіз еңбек еткенін, тұңғыш әдебиет теориясы мен грамматика туралы еңбектер жазып, өзбек, қазақ халықтарының әдебиеттану, лингвистика ғылымының алғашқы бастаушылары болғандығын бүгінгі ұрпақтары мақтан етеді.

## **ШОЛПАН** **(1897-1938)**

Шолпан ХХ ғасыр өзбек поэзиясының ең ірі өкілі. Ол өзінің поэзиясы, аудармалары, драмасы, классикалық романдары және өткір публицистикасы арқылы өзбек әдебиеті мен мәдениетіне үлкен үлес қосты.

Шолпан –ақынның псевдонимі болып, оның шын аты-жөні Абдулхамид Сүлейманов. Ол 1897-жылы Андижанда туылады.

Шолпанның әкесі Сүлейман молла Мұхаммед Юнусұлы өз заманының алдыңғы қатарлы зиялысы болған. Ол кісі діндар болған, сол кездегі баспа сөзге белсенді қатынасқан. Әкесі –Абдулхамидті де молла етпек болады, ескі мектепте, соң медреседе оқытады. Болашақ ақын орыс-түзем мектебінде оқып, орысша білім алады. Шолпан жастық шағында Ташкент, Самарқанд, Қазан, Баку, Түркия т.б. шығатын газет-журналдарды да үзбей оқып отырған. Исмайыл Гаспринский, Махмудхожа Бекбудий, Абдулла Авлоний, Хамза әсіресе, Фитрат шығармаларын оқып, олардың қоғамдық саяси көз-қарастарын үйренеді.

1919-жылы Ферғанада шығатын «Жаңа Шығыс» газетінде істейді. 1921-1922-жылдарда «Ахбори Бұхара» газетінің редакторы болған. 1923-жылы Андижанда «Дархан» газетінде істейді.

1920-жылдардан бастап Шолпанға қарсы күрес күшейеді, баспасөзде оны ұлтшыл деп айыптайтын мақалалар көптен басылып тұрады.

Шолпанның шығармашылық таланты ерте оянады. 1914-жылы оның «Біз де халық» өлеңі «Өшпенділік құрбаны» әңгімесі жарияланған.

Шолпанның жазған лирикасы, прозасы, пьесалары орынсыз сынала береді. Ақыры 1937-жылы тұтқынға алынып, 1938-жылы 4-октябрьде атылған.

Шолпан әдебиет дүниесіне алғаш прозашы ретінде келсе де, ол ең алдымен ақын болып танылған. Оның өлеңдері үлкен жүректің, көтеріңкі көңілдің, шабыт шалқарының нәтижесі. Алғашқы өлеңдерінде 1917-жылдағы төңкеріс туын көтермек

болған Шолпан кейін большевиктер берген уәденің қара бақырлық құны жоқтығын түсінді, өзбек елінің «қираған өлкеге» айналғанын көрді. Халықтың, ұлттың бар байлығының Ресейге қарап аққанын, еліміздің әбден бүлінгенін көрген ақынның көзі ашылды. Бұхара төңкерісіне арнап «Халық» атты өлең жазды. Халыққа үмітпен қарап:

«Барлық күшті халықтан алайық,  
Құшақ жайып халық ішіне барайық,»-деп жазады.

Бірақ сол кездері қоғамдық құрылыс Шолпанның халық ішіне кіруіне, оның ақиқатты айтуына жол қоймайды. Ақ патша мен большевиктер зұлымы астындағы Бұхара әлі саналы күрескер, өздігін танитын дәрежеге көтерілмеген еді.

Қалтылдаған –шырақтан да әлсізсің  
Жел қаттырақ келіп соқса өшерсің.

Бұл жолдарды оқи отырып, А. Байтұрсыновтың «Қазақ қалпы» өлеңі есімізге оралады. Қазақ ақыныда :

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ

Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ,-деп –деп, халықтың өздігін тани алмай бейшаралық халде күн кешіріп отырғанын көрсеткен болатын.

Шолпанның «Кісен» деп аталатын өлеңінде лирикалық герой кеудесіндегі кісен іздерінің әлі кетпегендігін, бірақ соған қарамастан одан құтылуға болған үміті артып бара жатқанын көрсетеді.

Ақын өлеңдері арасында «Гөззал» (Сұлу) атты өлеңі ерекше көрінеді. Өлең 1919-жылы жазылған. Шолпан лирикалық кейіпкердің бар болмысын өзіне тартып алған сұлудың көркін Ай, Күн, Жұлдыз, Таң самалы т.б.арқылы бейнелеп былайша суреттейді:

Мен не үшін –оны-сүйдім мен.  
Ол үшін өртендім, жандым, күйдім мен,  
Басымды бәлеге беріп күйдім мен,  
Мен сүйіп, мен сүйіп-кімді сүйдім мен?

Лирик кейіпкер бұл сұлудан безіп кете алмайды, оны одан сайын қатты сүйеді...

Мен сүйген сүйіктім –соншалық гөззал,  
Айдан да көркем ол, күннен де гөззал,

Бұл өлеңдегі махаббат сезімі- тән жақындығынан, мәселен, сүйісуден, не жалаң құмарлықтан тұрмайды. Бұл лирикалық қаһарманның жан дүниесінен хабар береді. Оның махаббаты тәуелді емес, сондықтан да ол ұлы.

Осы арада қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Сүй, Жан сәулем, тағы да сүй тағы да» атты лирикасы еріксіз ойға оралады. Екі ақынның да лирикалық кейіпкері берік махаббаттың, шынайы сүйіспеншіліктің адамдары. Мағжанда:

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй тағы да,

Жылы, тәтті у тарады қаныма.

Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін,

Патша тағы, бүкіл дүние малына,- деген қатарлармен беріледі.

Шолпан мен Мағжанның үндестігі әсіресе интимдік лирикады айқын көрінеді.»Жұлдызды жүзік, Айды алқа қып берейін» деген лирикасында Мағжан Жұмабаев:

Күлші, жаным күн жүзінді көрейін,

Сүйші жаным құшағыңда өлейін,- деген жолдармен махаббаттың тылсым кбшін, еріксіз құдыретін берсе, Шолпанның интимдік өлеңдерінде шаш образы үлкен мағынаға ие, шаш Шолпанның бейнелеуінде тек сұлулық белгісі емес (шаштарыңа байландым, сезімімді орап тастады), дәл осы жерде адамилық белгісі де болып келеді.) тарқалған шашыңдай тарқалса сырың, анардай бетіңді кімге тосарсың).

Ақын «Сезім» өлеңінде осындай жол тұтқан. Өлең үш шумақтан тұрады. Бірінші шумақта лирик қаһарманның бүкіл болмысын баурап алған сезімді былайша бейнелейді.

Бақтарда солды гүлдер, солды гүлдер, сезбедем.

Қызарып батты күндер, баты күндер сезбедем.

Қайда қалды қанды жолдар, қанды жолдар сезбедем.

Шаштарың байлап алды, байлап алды сезімді.

Шолпан өз өлеңдерінде тек жарына болған махаббатын ғана емес, Отанына болған садықтығын да суреттеуге бейіл.

Шолпан өз өлеңдерімен XX ғасыр өзбек поэзиясының дамуына үлкен үлес қосқан ақын еді.

### **«КЕШЕ МЕН КҮНДІЗ»**

Шолпан от басы, ошақ қасында ғана болған, феодалдық салттың ойыншығына айналған өзбек әйел-қыздарының XX ғасырда маңдайы ашыла бастағанын көріп

қуанды. Оның көркем көрінісі ретінде «Кеше» және «Күндіз» деп аталған екі кітаптан тұратын роман жазуға кірісті. 1936- жылы романның бірінші бөлімі аяқталған-ды. Ал «Бүгін» деп аталған екінші бөлімінің тағдыры белгісіз болып қалды.

Романда суреттелген оқиға бірінші дүние жүзілік соғыс басталған кезде Өзбекстандағы облыстардың бірінде өтеді. Өзбек халқының екі жақты зұлымдыққа душар болған сәті суреттелген. Жергілікті байлар, әкімдер орыс отаршылдарымен бірге халықты әбден қан қақсатып жатқан шағы болатын.

Жазушы әне, дәл сондай тарихи дәуірді бейнелеу, талдау мақсатында шығармаға Зеби (Зебинисо) образын орталық кейіпкер етіп алған.

Жазушы Зеби түсіп қалған сол жағдайды өте әшкерелік сипатта ашып көрсетеді. Шолпанның бүкіл мейірі, қамқорлығы Зеби жағында болады, ол жасаған дәуір, заман, тіпті ауа да оны буындырушы ауа екенін жасырмайды.

Шолпан романындағы реализмнің күші соншалықты жарқын көрініс табады.

**Зеби образы.** Романның бас кейіпкері - Зеби. Ол енді ғана он беске толған, пәк сезімді, Раззақ супыдай зұлым адамның семьясында дүниеге келеді. Егер Зеби басқа бір ортада, перзентін сүйетін семьяда туылғанда, бұншалықты аянышты жағдайды басынан кешірмеген болар еді.

Шолпан романында аз ғана уақыт ішінде болған оқиғаларды суреттеген. (Шығарма көктем басталып, қыс орталарында болып өткен оқиғалар мен аяқталады). Зеби-шығармадағы осы көктемнің жанды мысалы. Балық суда тірі болатынындай, Зеби де осы көктеммен тірі. Егер Зеби көктем құшағынан жұлып алынса, ол күзге келіп, әрине, солып қалады.

Шолпанның көрсетуінше-көктем тек табиғат маусымы емес, ол Зебидей жас, әдемі. Қарапайым адал адамдар-Салтанат та, басқа құрбылары да, Улмасжан да көктемнің адам бейнесіндегі көрінісі.

Көктем қойнынан үзіліп – Акбаралы мыңбасыға ұзатылған Зебидің қазаға ұшырауы әбден мүмкін еді. Мұны оқырман да, тіпті Зебидің өзі де сезеді.

Не үшін екені беймәлім- ол қиялшыл қыз бола тұрып арбадағы бір -екі сағаттық жолдың өзінде-ақ Ұлмасжанға ғашық болып қалады, кешке өзгелерден сытылып шығып, жігітке қарай ұмтылады.

Шынында да, Зебидің қайғылы тағдыры, қым-қиғаш оқиғаларға толы. Біріншіден, ол атасымен қатар адамға үш қатын үстіне тұрмысқа шығуға мәжбүр, екіншіден осы ұсқынсыз ері де оған арнап атылған оқтан өліп, Зеби он бес жасында

жесір қалады, үшіншіден, ерін өлтірді деген жаламен түрмеге түседі, жеті жылға Сібірге айдалады, ата-анасынан да айырылады.

Ауыл қыздары арасынан шыққан Зеби Улмасжанның қасына барып, ауыр ойға шомады: «ол дәл осы сәтте өзінің болашақтағы ауыр күндерін, қай дәрежеде болатыны белгісіз бақытын ойлайды. Оның бақыты Раззақ сұпының зұлматына байланысты емес пе? Осы бір суық, зәрлі адам –осы бір жайнаңдаған, жанды сайрап тұрған құсты қалаған кезінде бақытты не бақытсыз ете алмай ма?!»

Зеби өзінің бақытты не бақытсыз болуы әкесі Раззақ сұпының қолында екендігін жақсы біледі. Біле тұра, әкесіне, оның әділетсіз шешіміне қарсы шыға алмайды.

Демек, белгілі дәрежеде бұл трагедияға оның өзі де айыпты. Әрбір адам өз бақыты үшін күресе білуі шарт.

Өз бақыты үшін күресу- адамдық ар-намысы үшін күресу- адамдық белгінің бірі. Шолпан Зеби образы арқылы, міне, осыны айтпақ болған.

Абдулла Қадыри өз романдарын жазуда Шығыс әдебиетіндегі жадид прозасынан үлгі алса, Шолпан «Кеше мен Күндіз» романында орыс романшыларының тәжрибесінен үлгі алады.

Шолпанның поэзиялық туындыларында Мағжан Жұмабаевпен ұқсас та ортақ сипаттар көп көрінсе, прозасында ол өз замандастары Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезовтармен сарындас, үндес болып отырады. «Кеше мен Күндіз» романын Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романымен салыстыра талдап, сөз етсек, екі романның ортақ жәйіттерді де, әр жазушының бір тақырыпты ұлттық ерекшеліктер арқылы әр алуан аспектіде бейнелей білгендігіне де куә боламыз. Зеби мен Ақбілек тағдырының ұқсас жақтары да, айырмашылықтары да бар. Ақбілек қашқан ақтардың қолжаулығына айналса, Зеби феодалдық және діни догматиканың құрбаны болады. Ақбілек кейін оқып, білімді азаматқа айналады, өмірден өз орынын табады, ал Зеби тағдыры мүлде басқаша. Көшпелі қазақ елінде қазақ әйелі ерлермен тең жүреді, ашық сөйлеседі, өз ойын жасырмай ата-анасына да, туыстарына да айта да, ретті жерінде өткізе де білген. Ал өзбек қыздарының жағдайы бұдан өзгешерек. Көбісі «ата разы - құда разы» деген ұғым-түсініктен шыға алмаған. Бұл Зеби тағдырынан айқын көрінеді.

Шолпан өзінің Отаны Өзбекстанның тәуелсіздігі, халықтың еркін демін алуы және тағы басқаларды да арман еткен, оның бүкіл творчествосы тек осы мақсатқа қаратылған еді.

## АБДУЛЛА ҚАДЫРИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ

(1894-1938)

Абдулла Қадыри ХХ ғасырдағы өзбек әдебиетінің негізін қалаған, екі мың жылдық өзбек әдебиеті тарихында релаистік роман жанрын бастап берген қаламгер.

Абдулла Қадыри 1894-жылы көкек айында Ташкент қаласы Бесағаш ауданында –Ишан гүзар (Ишан даңғылы) деген мақалада дүниеге келген Әкесі саудамен айланысқан, бірақ одан шығынға ұшырап, соң бірыңғай диканшылықпен шұғылданған.

Абдулла алғаш ескі мектепте оқиды, өте зейінді, кітапқұмар бала балып өседі. Сауатын ашудан-ақ, «Жүсіп- Зылиха», «Қарлыға», «Ләйлі-Мәжнүн», «Шар дәруіш», (Төрт дәруіш), «Рүстем- Дастан» т.б.кітаптарды оқып меңгерген.

Соң болашақ жазушы орыс-түзем мектебіне түседі, байларға жалданып қызмет етеді. Расулмұхаммед есімді байға жалданып, орысша білуге қажеттілік күшейеді. Расулмұхаммед мейрімді, әділ адам болады, ол Абдулладан жақсы адам шығатынын түсініп, оның оқуына жағдай жасайды және үлкен қызы Рахбарнисоға қосады.

1917-жылы Николай патша тақтан түскен соң, халық милициясына жұмысқа кіреді. Абдулла Қадыри сол кездегі белгілі қоғам қайраткерлері Исмайыл Обидов, Сұлтанхожа Қасымхожаевтармен танысады. 1918- жылы С.Қасымхожаевтың хатшысы болып істейді.

1920- жылдан бастап газет-журналдарда әр алуан қызметтер істейді. 1923-жылы сатиралық «Мүштұм» журналы шыға бастағанда, оның редакторы болады. 1924-25-жылдары Москваға оқуға кетеді. Ол орыстың ұлы жазушылары М.Горький, А.Толстойлармен танысып, олардан үлгі-өнеге алады.

Абдулла Қадыри 1938-жылы 4-октябрьде Фитрат, Шолпандармен бірге өлім жазасына үкім етіліп, атылады.

Абдулла Қадыри өз заманының ең үлгілі зиялысынан еді, ол араб, парсы, түрік тілдерін жетік білген, орыс тілінде де жақсы сөйлесе алатын болған.

Абдулла Қадыридың шығармашылық жолы 1914-жылдарда басталған. Кейін ала 1915-жылы «Бақытсыз күйеу» драмасы өз алдына жеке кітап болып басылған, сондай-ақ «Әйелқұмар», «Көкбарда», «Жындардың ойнағы» т.б.сатиралық әңгімелері жарияланады. «Бақытсыз күйеу» трагедиясында. Салық деген жігіт көрпесіне қарап аяқ созбай, көп қарызданып үлкен той жасайды, кейін қарызы көбейіп кетіп, оны төлей алмай, өзін де, әйелін де пышақтап өлтіреді. Бұл шығарма 1915-20- жылдарда Өзбекстанда театр сахналарынан түспеген.

«Қатынқұмарда» өнер- білім үйренбеген жігіттің жеңіл жүріске түсіп кетуі, ақырында Сібірге жер аударылуы суреттелген. Абдулла Қадыри көптеген фельетондар жазған. Оның «Қалуақ мақсұмның естелігі», «Ташбулат тажаң не дейді?» т.б. юморлық шығармалары осының дәлелі.

Абдулла Қадыридың үлкен таланты-«Өткен күндер», «Мешіттегі бүйі» романдары арқылы дәлелденеді.

«Өткен күндер» романының алғашқы тараулары «Инкилоб» журналында 1923-жылдарда жариялана бастаған. Роман үш бөлімнен тұрады. I- бөлім 1924-ж, II бөлім 1925-ж, III бөлім 1926-жылы өз алдына кітап болып жарияланған.

1927-жылы «Өткен күндер» біріктіріліп, үлкен роман болып басылып шығады.

«Өткен күндер» романы - Абдулла Қадыри прозасының ең биік шыңы. Жазушы өз шығармасында өзбек халқының жақын тарихынан ең негізлерін таңдап теріп алып, өз туындысына арқау етеді. «Өткен күндер» романының тақырып –материалы, ондағы оқиғалар, кейіпкерлердің басынан кешіргендері, өзара қарым- қатынастары мен күрестері, ортасы, жағдайлары барлығы да өзбек халқының характерін, психологиясын, ақыл-парасатын көрсетуге, ашып беруге арналады.

Ең алдымен көзге түсетін жәйіт-адамзаттың еркіндігі үшін күрес идеясы-әділетті қоғам, әділ басшы, тыныш-тату жасау арманы өзара тығыз байланысып кеткен. Атабектің махаббат жолында басынан кешіргендері, Күміс пен Атабектің ынтық құштарлығы, құмарлық күндері, қайғылы, мұңды сәттері - бәрін де сол кездің қоғамдық-әлеуметтік жағдайларынан бөліп қарауға болмайды. Атабек Семей қаласынан келіп: «меніңше, орыстардың бізден ілгері кетуі оның бірлігінен болса керек, бірақ біздердің күннен-күнге кері кетуімізге алауыздығымыз себеп болған», - дейді. Атабектің бұл пікірлері, көзқарастары ел арасына жайылады, тіпті Атабек пен Қутидар тұтқындалғанда да, оның пікірлері және өз әкесі Юсупбек қажының қызметі дәлел ретінде келтіріледі.

Атабек халық жиналған мәслихатханада «залым, жаман басшыларды жойып, қызмет басына жақсы, әділ, ожданлы адамдарды тайындау өркендеуіміздің бірден – бір жолы»-деген еді. Бұл пікір расында, оның әкесі Юсупбек хажыға тиісті.

Юсупбек хажы Ташкент әкімі Азизбекті әділетке шақырады. Юсупбек әділетті, халықты қорғайды, Азизбекті жұмыстан алу үшін халыққа басшылық етеді. Міне, осы қызметі үшін Хұдияр хан Атабек пен Құтидарды дардан босатып, алтын тонмен сыйлайды.

Жазушы –Юсупбек қажы образы арқылы әкім қандай болуы керек, халыққа, адамдарға қалай басшы болуы шарт деген ұғымдарды сіндіреді. Юсупбек қажы

халықты әділдікпен басқару, кедей- мүсәпірлерді ойлау, зұлымдарды жоқ қылу, ұлт азаттығы, тақ үшін таласқа шек қою т.б. қолдап қуаттайды.

Құсбегі, мансап иелері тарапынан жергілікті қыпшақтарға қарсы қырғын ұйымдастырылғанда, Юсупбек қажы бұған қатты қарсылық көрсетеді, жиында «егер де төрт ақыммаққа бола бүкіл бір халықты құртып жібермек болсаңдар, онда мені өлді деп ойлаңдар»-деп мәжілісті тастап кетеді.

Абдулла Қадыри Юсупбек қажы характеріне, образына ізгі-тілектерді сіңіреді. Юсупбек қажы тілінен: «Одақтасудың не екенін білмеген, тек өз қара басын, өз мүддесін ойлаған, өз пайдасы үшін бірін-бірі жеп қоятын мансапқор, дүниеқор, мақтаншақ, ақымақтар Түркістан топырағынан жоғалмай тұрып, біздің келе болуымыз, ел қатарына қосылуымызға ақылым жетпейді», -деп көрсетеді.

Жазушы Юсупбек қажыны келіні Кумуштің аузымен: «Нұрға малынып малынып тұрғандай әулие адам» деп суреттейді.

Атабек Кумушті бір көргеннен ұнатып сүйісіп қалады, сүйіктісі Құтидар қызы екенін де біледі, Зия шайшыны жаушылыққа жібереді, қыздың ата-анасының разылығын алады. Атабек әкесінің рұқсатынсыз бірде-бір іс етпейтін, бірақ махаббаты оны еркіндікке ұмтылдырады, ата-ананың қатынасыз-ақ Марғұланда үйленеді. Құтидар да, Афтафайым да қызы Куміштен болашақ күйеуді ұнатасың ба, ұнатпайсың ба деп сұрайды да. Куміш болса күйеудің сол бір рет көріп, көңілі іштей ұнатып қалған жігіт Атабек екенін білмейді, дайындық басталғаннан тап Атабекті шымылдықта көргенінше қайғырып, қорқып отырады. «Шымылдықта Куміш амалсыз бейне дұшпанға қарағандай, жай жанға қарады...

Қарады да біраз уақыт қатты да қалды. Содан соң бірнеше қадам басып Атабектің құшағына жақын келді және есеңгіреген, дегібірсізденген үнмен сұрады:

- Сіз, сол, сондағысыз ба?-деді. Екеуі де бір-біріне ықтиярсыз телміріп қарап қалды.

Абдулла Қадыри Кумуш, Атабектегі ибалылықты, ар-ұят, нәзіктікті өзбек халқының характеріндегі ең белгілі қасиеттерден бастысының бірі деп береді. Кумуш тіпті күндесі Зейнепке де ешқашан қатты сөйлемейді, бірақ Атабектің тек бір өзінің ғана жары болуы оның бірден-бір арманы еді.

Зейнеп Кумушке у бергенін білгенде, Атабектің ашу-ызасының шегі болмайды және «кет, ифлас, кет. Талақсы;, талақ», -дейді. Бұл арман етіп күткен «талақ» сөзін есіткен Кумуштің көзі жарқ етіп ашылып және жұмылды

Атасы Юсупбек жан тапсырғалы жақтан Кумуштің алдына келгенде Кумуш құрмет қылып, қайынатасы алдында жатқанына ұялып оған қарап, орнынан

қозғалмақ болады. Кумуш соңғы күш-қуатын жинап, «Ойи, Дада...(ана, әке)-соң бегім» деп ыңырынды, Ерінің жүзіне қарады, ұялып көзін жұмды». Міне, жан тапсырып жатып та әдептілікті ұмытпайды, себебі бұл қасиеттер оның қанына тәрбиемен сіңіп қалған.

Түс көру, оны жору түркі халықтары арасында кең орын алған. «Өткен күндерде» түс болашақ оқиғаның хабаршысы ретінде пайдаланылады.

Атабектің түсінде бір сиыр гүлдерді ойран қылады, Атабек қанжар алып сиырға жүгіреді, бір қараса әлгі сиыр сары шашты албастыға айналып кетіпті. Атабек не істерін білмей қолындағы қанжары түсіп кетеді... дүниені қараңғылық басады. Сол күні Зейнеп Күмішті у беріп өлтіреді. Күміштің өзі де бұл трагедиялы тағдырын бір ай бұрын көзіне елестеткен болатын. Анасына жазған бір хатында: «Келесі айдан жүрегім шошынады. Түнде көкке қарап, келесі ай осы күндері дүниеде бармын ба, жоқпын ба деймін. Келер айдан қорқамын. Көрісе алмасақ, маған риза болың, әкем де, басқа туыс, дос- жарандар да» –деген болатын.

Атабек халық дастандарындағы, Науайының «Хамсасындағы» қаһармандар тәрізді төтенше бір күш-құдіретке ие. Ол Хамид, Мутал, Садықтарға қарсы күрескенде «я өмір, я өлім» деген ойда. Өлсе де сүйіктісінің ар-ожданын, намысын, өзінің адамдық намысын қорғамақшы болады.

Күміш кімге тұрмысқа шығатынын білмей дәл Атабекті көргенше іші өртенеді, әдет-ғұрыптың таяғы астында шымылдыққа кіруге мәжбүр болады. Атабек пен Кумуш жалған түрде ажырасқаннан кейін алты ай мүддет өтеді, содан кейін Кумушке «жаушылар» тырнадай тізіліп келе бастайды. Құтидар мен Афтаб айым «қызымыз енді ерге тимеске ант етті» деп жауап береді. Негізінде, Кумуш енді ерге шықпасақ бекінген болатын.

Бірақ Құтидар жақсы жерден жаушы келсе, зорлап болса да қызын ерге бермек ниетінде еді. Құтидар Күмішти көндірмек болады, Күміш сөзінде қатты тұрады. Құтидар да өз ниетінен қайтпайды, Сәлім шәрбетшіге уәде береді. Уәдесін орынлау үшін Афтаб айымға соңғы бұйрығын береді. «Көндірсең көндір, болмаса менен үмітіңді үз»-дейді. Күміш енді сүйікті анасын ойлайды, өзін «бақытсыз», «тастанды қыз» деген тоқтамға келеді және тойын бір жылдан кейін жасау шартымен разылық береді (ішкі ойы Атабектен үмігін үздірмейді. Бұл шарт өзбек дастандарында да бар).

Абдулла Қадыри «Мешіттегі бүйі» (Мехробдан шаян) романында да дәл «Өткен күндердегідей» өмір шындығына адал, әрбір жәйітке халық көзімен қарайды, халық жүрегінің соғысын тыңдайды және сол халықтың ұлттық қасиеттеріне сүйенеді. Жазушы айтқандай «Осы екі тап күресін суреттеу арқылы ханның гаремі,

әйелдері, қырық қыз, тарихи және этнографиялық эпизодтар, өзбек тұрмысы, күлдіргілігі, сын-сықағы, өзбек әйел-қыздары арасындағы талантты ақындар, әскияшылық т.б. қамтылады.

Романның негізгі кейіпкері Әнуар қайынатасының өтініші бойынша молда Әбдірахманды қызметке алдырады, бірақ өсек-аянды күшейткені үшін оны сарайдан аластатады. Молда Әбдірахман Әнуардан өш алу үшін сарайдағы екіжүзділік, зұлымдықтан пайдаланады, яғни Раноны ханға мақтап, оны қатындыққа алуға шақырады. Екі жастың өміріндегі азапты кезең міне, осыдан басталады.

Романда өзбек дастандары дәстүрі-Әнуар мен Раноның өмірі-балалағынан басталады. Жазушы «Мешіттегі бүйіде» өз геройлары тілінен «Махаббаттың жалғасы жұрттың ойлағанындай құмарлық қандыру емес, азап, мехнат. Демек, құмарлық, нәпсі-махаббатты сөндірсе, мехнаттану-адамды кәмілдікке жеткізеді»

Әнуар да, Рано да өткір зейінді, білімді, ақынжанды, адал интеллектуальды жастар. Рано-өте сұлу, өз заманының абзал қасиетке ие жасы. Хан оны Әнуардан тартып алып жатқанда ертедегі қыздардай ерлік көрсетеді. Жазушы айтқандай «Раноның батылдығы-ханға қарсылығы, тіпті әлсіз қалған Әнуарды жолға салуы өз заманы үшін қажет, Рано қыздарымызға үлгі.

Әнуар да ақиқат үшін жанкештілікпен күресуші адам дәрежесіне көтеріледі. Ол досы Сұлтанәліні өлімнен құтқару үшін өз басын жендет тақтасына қосады.

Жазушы өз кейіпкерлерін міне, осындай көтеріңкі, ақынжанды кейіпте, жарқын бояулармен-романтикалық сипатта бейнелейді. Аты өзіне сай.

Раноға-символдық жүк береді. Раноның сөзі және қыздың тағдыр-талайы сол дәуірдегі әлеуметтік құрылымға әсемдік атаулының қас дұшпаны сипатында түсінік қалыптастырады. Хан Әнуардың сүйіктісін тартып алып жатқанда, бұл оқиғаны жазушы «сол кездегі пәлекет бірнеше күн ішінде Рано гүлін солдыра жаздады»-деп суреттеген.

Өзбектер арасында жынысы, жасы, дәрежесіне қарап қатынас жасайтын сөздер өте көп. Абдулла Қадыри өз романдарында бұндай сөздерден көп пайдаланған. «Өткен күндерде» бек, әкім, бегім, әке, жиен, апа, сіңлі, әмекі, бекешім, молла әке, ұста әке т.б. сөздер орынды ұшырайды. Абдулла Қадыри шығармаларынан өзбек иісі сезіледі, өзбектің рухы, жан дүниесі айқын көрінеді. Түркістан табиғаты барлық әсемдігімен көз алдыға келеді.

Абдулла Қадыриды қазақ халқы да жақсы таниды. «Өткен күндер» Орта Азиядағы түркі халықтары арасындағы тұңғыш роман. Бұл романды Мұхтар Әуезов өте жоғары бағалаған, өзіне жақсы әсер еткенін атап көрсеткен. «Өткен күндерде»

Ташкент маңының табиғаты, ондағы қазақ ауылдары, тұрмысы, қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы туралы да жарқын көріністер бар.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарында өзбек романшылығын Абдулла Қадыай «Өткен күндер» романымен бастап берген болса, қазақ әдебиетінде де осы кезеңдерде Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожа», Сәбит Мұқановтың «Адасқандар», Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», Мұхтар Әуезовтың «Қилы заман» романдары жарық көрді. Қазақ жазушылары да Абдулла Қадыри бастаған реалистік роман жанрын ұлттық әдебиетімізге алып келді. «Өткен күндер» көп жағынан Ж.Аймауытовтың «Қартқожа», С.Мұқановтың «Адасқандар» романдарына тақырыптық жақтан жақын келеді. Бірақ идеялық-көркемдігі, суреттелетін оқиғалардың әлеуметтік мәні мен кең тынысы өзбек жазушысын Мұхтар Әуезовке жақындата түсетіндей сыңай бйқатады.

Қорыта айтқанда, Абдулла Қадыри творчествосы қазақ әдебиетінің дамып өркендеуіне игі әсерін тигізген, қазақ әдебиетінде көркем прозаның, оның ішінде роман жанрының туып қалыптасуында үлкен орны бар.

## **ФАФУР ҒУЛАМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ** **(1903-1966)**

Ғафур Ғұлам - ХХ ғасырдағы өзбек әдебиетінің ірі өкілі. Ол - өзбек поэзиясын, публицистикасын, фельетоншылығын, сатира мен юмор жанрын дамытуға елеулі үлес қосқан қаламгер. 1943-жылы Өзбекстан Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланған ол Өзбекстан халық шайыры атағына да ие болған.

Ғафур Ғұлам 1903-жылы 10-мамырда Ташкентте-Қорғантегі махаллесінде дүниеге келген. Әкесі Ғұлам, анасы Ташбibi сауатты, араб-парсы тілдерін, әдебиетін жақсы білетін адамдар болады. Оның үстіне әкесі-орыс, татар тілдерін де білетін.

Ғафур Ғұлам сауатын өте ертее ашты, ол тоғыз жасында Науайы, Хафиз, Сағдий, Физулии шығармаларын оқып танысады. Бірақ әкесі (1912), анасы (1918) ерте қайтыс болып, жетімдік тақсыретін ерте тартады. Ол өмірдің ащы-тұщысын көп татты, қиыншылық көріп, оларды жеңуге үйренді.

Ғафур қызметке ерте араласады, мектепте мұғалім, жетім балалар интернатында меңгеруші тәрбиеші т.б. болып істейді.

Ғафурдың алғашқы өлеңдері де осы жетім балаларға арнап жазылған, ол осы тақырыптан ұзақ кетпеді. Сол дәуірде ақын «Мұштым», «Жер жүзі» «Қызыл Өзбекстан» тәрізді газет-журналдарда әдеби қызметкер, редактор болып істеді, тез өсіп жетіледі.

Ғафур Ғулам 1943-жылдан өмірінің соңына дейін ӨзҒА Тіл және әдебиет институтында ғылымы қызметкер болып істеді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Каримбай Құрамбаев өзінің «Ғафур Ғулам ва адабий алоқалар» атты еңбегінде: «Дархақиқат, Ғафур Ғулом қозок халқи ва ижодкарларинг хуматиғи сазовар булган манна шундой Суз санъаткорларидан бири эди. Ғафур Ғулом қозокқа қардош, жандош шоир деган фикр жамоатчиликда, китобханларда, илмий-адабий мухит мутахассисларида кеча я бугун пайдо булган эмас, бали унинг хаётлик чоғидаёқ халқларимиз онгига сингиб улгурган эди<sup>9</sup>»- деп көрсетеді.

Ғафур Ғуламның әдебиетке болған ынтасы ерте оянған. Әкесі де, анасы да әдебиетті түсінетін, сүйетін адамдар болып, бұлардың үйлеріне Қазан, Орынбор, Баку, Бақшасарай т.б. шығатын газет-журналдар келіп тұрады. Семьясында бай кітапханасы болған. Ғафурдың ақын болып жетілісуінде Шығыс поэзиясының Науайы, Бабур, Машраб, Хафиз, Шеих Рудакий, Фирдауси, Омар Хайям, Бедилдердің шығармашылығы үлкен орын тұтқан. Ол Науайының парсыша жазылған ғазалдарын өзбекшелеген. Ақын, әсіресе, Фирдаусидің, «Шахнама» дастанын жоғары бағалайды. Кейін өлеңдерінде «Рүстемдей бұл елдің балуан-батыры», «Оттан Сияуыштай қорықпай аттанған» деп өз кейіпкерлерін бейнелеуде Шахнамаға сүйеніп отырады.

Ғафур Ғулам ғазал жанрының атақты шебері-Хафиздің терең ойын, әлеуметтік мәні күшті, үлкен сезімге, құштарлыққа толы лирикасын да сүйіп оқыған, өнеге тұтқан.

Ғафур Ғулам шығармашылығында фольклор үлкен орын алады. Ол халық творчествосының идеялық-эстетикалық дәстүрлерінен көп әрі тиімді үйрене біледі. Насыреддин Әфендінің бірқатар қасиеттері Ғафурдың өз бойынан да табылатын, ол «Ғафур деген бір Насыреддин» деп те айтқан.

Ғафур Ғуламда халық творчествосы әсері жиі байқалады. Ол фольклорлық сюжеттерді қайта істеп (Әфенде өлмейтін болды), фольклорға ұқсатып, фольклор стилімен (Хасан Кайфий), фольклор мотиві, образдар ерекшелігі арқылы (Тірілген

---

<sup>9</sup> К.Құрамбоев, Г.Құрамбоева. Ғафур Ғулом ва адабий алоқалар. Нукус «Қорақалпоғистон» 2006. 50-б.

өлік), характері және типтендіру принциптері арқылы («Сұм бала», «Мамажан») т.б. көптеген өлмес туындыларын жаратты.

Қаламгер бірінші дүние жүзілік ұрыстың ақыбетін, патшалықтың зұлымын «Сұм балада» айқын көрсетеді. Шығарманың басында сол кезде Ташкентте сансыз жындылар пайда болғандығын бейнелейді. Кейін Сұм баланың бастан кешкендері арқылы адам өмірінің трагедиясы, оның моральдық-рухани әлемі, адамгершілігі мен мейір-шапағаты, хайуандық іс-әрекеттері де шындық тұрғыда көрсетіледі.

«Сұм бала» – автобиографиялық шығарма емес. Повесте реал, тарихи нақты фактілер, оқиғалар, тарихи кейіпкерлерге салыстырғанда көркем қиял, фантазия күштірек. «Сұм бала», Толстойдың «Балалық», «Кісі есігінде», С.Мұқановтың «Өмір мектебі» шығармаларына да ұқсамайды. Себебі, көркем-автобиографиялық шығармада оқиғаның ағымы, сюжеті, конфликт, персонаждар саны, шығармада алатын орны, осы шығармаға негіз болған адамның өмір жолы қандай болса сондай күрделі, бай және қызықты болса, автобиографиялық шығарма да соншалықты қызықты болады.

«Сұм балада» көркем-автобиографиялық шығармаға тән өзгешеліктер те көп. Сұм бала, оның жолдастары тарихи адамдар, олар туылған мекен-көше, мақалла айқын. Сұм балаға Фафур Гулам характерінің көптеген белгілері сіңіп кеткен. Шығармада өмірдің әр алуан, күрделі тараптары, тарих әрекеті, халық тағдыры көрсетілген. Бірақ бұлар кейіпкердің дүниетанымы, түсінігі, бастан кешкендері арқылы суреттеледі. Сұм балалар өмірді өзінің жасы, санасы, дүниетанымы, тәжірибесі арқылы түсінеді, баға береді.

Оқырман болса, өмірдің олардың шығармадағы танылатын бейнесіне қарап тұрып, өзінше қорытындылар шығарады, жазушының айтпақ ойын, мақсатын түсінеді.

«Сұм балада» -Сұлтан ұры, өлікті жууға қатынасқан молда, Сұм бала сойып тастаған есектің иесі, Сұм бала қызмет қылған ишан мен оның қатындары, Сарыбай семьясы т.б. персонаждар жол-жөнекей пайда болып, оқиғалар тізімінен түсіп қалып та отырады. Бұл ерекшеліктермен Сұм бала көркем-автобиографиялық шығармаға жақын. «Сұм балаға» жаңа оқиғалар және кейіпкерлер кіріп келуі, бір жағынан характер логикасына байланысты. Характер логикасы болса ізді-ізінен күлкілі жағдайларды келтіріп шығарады.

«Сұм бала»-юмористік туынды. Жазушы шығарманың басында-ақ юморлық жағдай туғызады, сезім күйіне, эмоцияға жол бермейді. Бірте-бірте юмор сатираға өтеді. Шығарманың сатиралық рухы күшті, бұл қаламгердің шарттылық принципін

сақтағанына байланысты. Шарттылық әдісі логикалық тұрғыдан дәлелді, ол өмір шындығын ашуға, характер жасауға қызмет етеді.

Ғафур Ғуламның адамгершілікті биікке көтерген туындысы —«Едгар» повесі. Мұнда жазушы махаббат еркіндігі мәселесін көтереді, керітартпа психология, ашуыза адам басына нелер азап әкелетіндігін бейнелейді. Ертегі стилінде жазылған бұл туынды негізінде аянышты өмір, трагедиялы тағдыр бар.

Ғ.Ғуламның «Не қылайын», «Едгар», «Сұм бала», «Кімсінай туралы бес өлең» шығармалары адамилық принципін биікке көтерген. Сондықтан да екінші дүниежүзілік ұрыс дәуірінде ата-анасыз қалған балалар Өзбекстанға әкелінгенде, Ғафур Ғулам тез арада «Сен жетім емессің» аты атақты өлеңін жазады.

Ақынның «Күзету», «Сағыныш» және осы өлеңдермен идеялық-мазмұны ұқсас «Жеңімпаздар мейрамы» өлеңдерінде өзінің әкелік сезімі, жүрегіндегі қайғысы мен ғазабы әсерлі беріледі.

Бірінші өлеңде-ақын «Тарих талап еткен ұлы қыран жыл» деп соғыстың ғазабын сездіре біледі, дұшпанның жермен-жексен боларына оқырманын сендіреді. «Сағынышта» да жеңіске деген сенім көрінеді. (Ібілістің арманы болған соғыс, әлбетте, оның басына жетеді).

Ғафур Ғулам өлеңдерінің мазмұны мен рухында, ақынның көркем ойында өзбек халқына тән ерекшелік айқын сезіліп тұрады.

«Сағынышта» сағыну сезімі әке жүрегіндегі тынышсыздану, рухани ғазап, ұлттық тұрмыс өзгешеліктері, ұлттық түсінік, ой-сезімдер арқылы білдіріледі.

«Күтемін алыстан бір ат көрінсе», «Кешкілік ас сүзсек, бір несібе кем» тәрізді пікірлер өзбек халқы қасиетіне, руханиятына тән. «Жеңімпаздар

мейрамы» өлеңі 1945-жыл 8-май күні жазылған, сондықтан да өлеңде шалқу, шаттану сезімі басым. Бірақ бұл жеңіске көптеген құрбандар арқылы ерісілді. Ақын мұны да аса сезімталдықпен бере білген.

Ақынның «Күзету», «Сағыныш» өлеңдерінде суреттелгендей перзенті ұрыста қаза тапқан еді. Жеңіс күні ақын да басқа әкелер сияқты қуанышты, дегенмен жүрегінде жарасы, дерті бар. Бұл жағдай—классик әдебиетіміздегі дәстүрлі, образ — «лала» (гүл) арқылы өте әсерлі бейнеленген.

Көңілдер лаладай қып-қызыл болса да,

Мүсібет таңбасы жүректе дақ болып қалды.

Қуанышты көңіл лаладай қып-қызыл дөніп құлпырса да,

Жүректе лаланың ортасындағыдай қара дақ өз алдына жатыр.

Ғафур Ғулам соғыстан соң «Уақыт», «Жігіттерге», «Сиясауыт», «Әлішер», «Жаз», «Біздің үйге қонып өтің, достарым» т.б. өлеңдер жазды.

Өз өлеңдері арқылы Ғафур Ғулам терең ойлы, философ ақын ретінде танылды. Бір ғана «Біздің үйге қонып өтің, достарым» өлеңін алып қарайық. Бұл өлең Мәскеуде, газетте және жинақтарда басылғаннан кейін ауызға кең алынды, ақынға шетелдерден де көптеген хаттар келді. Өлеңде ақын өзбек халқының меймандостығы, ашық көңілділігі, жомарттығы т.б. қасиеттерін әсерлі бейнелей алған.

Ғафур Ғулам өзінің қайталанбас поэзиясы, «Сұм бала» повесі арқылы өзіндік мектеп пайда етіп, көптеген қаламгерлерге ұстаз болды.

Ғафур Ғулам қазақ халқының шын досы, қазақ әдебиетінің де жанашыры бола білді. Оның қазақ ақыны Сәбит Мұқановпен ұзақ жылға созылған достығы, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев т.б. ақын-жазушылармен жақын қарым-қатынаста болуы осының дәлелі. Ақын «Қазақстан тойына» атты ұзақ толғау жаратты. Қазақстан тақырыбы Ғафур Ғулам творчествосында жырланған ең өнімді тақырыптардың бірі болды.

Ғафур Ғулам қазақ халқының да сүйікті ақыны болды. Өткен ғасырдың сонау отызыншы жылдарында ақ оның шығармалары қазақ оқырмандарына кеңінен таныс бола бастады. XX ғасырдың 50-жылдарында ақынның «Таңдамалысы» қазақ тілінде жарық көрді. Ғафур Ғуламның шығармаларын қазақшаға әдебиетіміздің ең талантты ақындары Қ.Бекхожин, Т.Жароков, Ғ.Қайырбеков, Т.Молдағалиев, С.Мәуленовтер аударды. Өзбек қаламгерін ақын, адам, қазақ халқының ең жақын досы сипатында көрсететін, оған арналған көптеген жырлар жазылды. Сырбай Мәуленовтың «Ғафур Ғулам», Жақан Сыздықовтың «Досым Ғафур Ғуламға» өлеңдері мұның айқын дәлелі.

Ғафур Ғулам шын мәнінде XX ғасырдағы өзбек поэзиясы мен прозасының ірі, қайталанбас өкілі, қазіргі өзбек әдебиеті мен мәдениетіне үлкен үлес қосқан сөз зергері.

### **ЗУЛФИЯ ПОЭЗИЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ТАҚЫРЫБЫ**

Өзбек поэзиясының аса талантты ақыны, өлең сүйер қауымның баршасына жақсы ғрі сүйікті ақын Зулфия Исраилованың – есімі Орталық Азияның барлық халқына кеңінен мәлім әрі таныс. Зулфия өзбек әдебиетінде ешкім таласа, дауласа алмайтын өзіндік орны, өзіне ғана тән ерекшелігі бар ақын.

Бүгінгі күні тарихтан әділ бағасын алған, бай да ұзақ тарихы бар өзбек әдебиетінің заңды классиктеріне айналған Ғафур Ғулам, Махсуд Шейхзада, Миртемирлердің сүйікті шәкірті, инабатты қарындасы бола білген Зулфияға тағдыр өзбектің бір туар перзенті Хамид Әлімжанды өмірлік жолдас, сүйікті жар етіп, қосқан-ды. Не бәрі оншақты жыл бірге ғұмыр кешкен екі талантты ақын бір біріне адал жар ғана емес, поэзия майданында да сенімді серік, ұлағатты ұстаз, тындырымды шәкірт те бола білді.

1915-жылы Ташкент қаласында қарапайым темірші ұстаның отбасында дүниеге келген қыз баланы болашақ өзбек әдебиетінің классигі, поэзия әлемінің мақтанышы, мемлекет, қоғам қайраткері болады деп сірә, ешкім ойламаса керек. Тағдыр бұл жағынан Зулфияға күле қарады, пәренже астында тұншығып сығаламай, жаңаша оқып, емін-еркін жүру, іздену бақытына ие болды. Сондықтан да Зулфия әйел ретінде де, ақын ретінде де өзбек әйелінің кешегісі мен бүгінгісін, қасіреті мен қуанышын, азабы мен бақытын жырлаудан бір сәтке де тынған емес. Зулфия поэзиясының үнемі жарастық тауып, үзілмей келе жатқан саласы да өзбек әйелдерінің қиын да қилы тағдыры болып табылады.

Тағдыр Зулфияға күле қарады, жар қосағынан жастай айырса да, ел-жұртының құрметінен, қамқорлығынан кенде болған жоқ. Дүниенің төрт бұрышының бәрінде дерлік болып, әлемнің барша елін емін-еркін аралады. Африка мен Азия, Америка мен Европаның талғампаз да тәкаппар, ойлы да орнықты мәдениеті мен әдебиетін, қала берді поэзиясын насихаттау бақыты-өзбек әйелдері арасында Зулфия үлесіне көбірек тиді. Мұның өзі бір жағы қиын да күрделі, бір жағы ел сеніміне ие болу тәрізді-үлкен миссия болатын. Айтулы ақын, атақты қайраткер бұл сындардың бәрінен мүдірмей өтті.

Зулфия-кешегі Одақтың барлық өңірін де аралап, туысқан халықтардың әдеби-мәдени қуаныштарына қатынасып, талай бақытты сәттердің куәсі болған ақын. Ақын шығармашылығын тұтастай алып қарағанда, оны халықтар достығының жыршысы деп бағалау әбден орынды.

Зулфияның шетел тақырыбына жазылған шығармалары ерекше талдауды, тереңдей зерттеуді қажет етеді. Зулфия Орталық Азияның барлық Республикаларында болып, олардың әдебиеті мен мәдениетіне, тарихы мен тағдырына ерекше ден қойды. Бауырлас елдердің қуанышы мен қайғысын бірге бөлісіп, осынау тебіреністі сәттерді әсем әрі айшықты поэзияға зор шабытпен айналдыра білді. Мұны ақынның Қазақстан елі, қазақ халқы туралы өлең-жырларынан толық аңғаруға болады.

1962-жылы Өзбекстанның Қазақстанда өткен әдебиеті мен мәдениеті күндері-Зулфия творчествосының жарқын беттеріне айналды. Бұл сапарда ақын қазақтың майталман сөз зергерлері С.Мұқанов, Г.Мұстафин, Т.Әбдірахманова т.б. жақын танысты, қазақ поэзиясының інжу-маржандарын тереңдей үйрену мүмкіншілігіне ие болды. Осы қарсаңда ақын қаламынан «Қазақстан өлеңдері» атты бір жыр шоғы-әсем оралып, Зулфия поэзиясының идеялық-көркемдігін тұтас биіктікте толықтыра, әрлендіре түседі.

Зулфия творчествосында Қазақстан тақырыбы тұрақты орын алады. Ақынның бауырлас елді аралауы, оның халқымен, табиғатымен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен етене танысуы нәтижесінде-«Көкшетау», «Бұлт ойыны», «Үкілі бөрік», «Балқаш түні», «Қармақ» т.б. өлеңдері дүниеге келеді. Бұлардың ішінде «Көкшетау», «Бұлт ойыны», «Балқаш түні» сияқты туындылар-пейзаждық лириканың ең озық үлгілері болып табылады.

Қазақтың ең сұлу да әсем, киелі де қасиетті мекені-Көкшетау. Дүниенің түкпір-түкпірлерін аралаған шетелдік саяхатшылар Көкшетауды «Сібірдің Швейцариясы» деп атаған.

«Жер жәннаты Көкшетау

Бауырындағы сексен көл

Иісің жұпар аңқиды-ау», -деп атақты Біржан сал әнге қосқан, қазақтың өнерпаз серілері Ақан мен Үкілі Ыбырай жырлаған, қазақ поэзиясының өрен жүйріктері Сәкен Сейфуллин мен Мағжан Жұмабаевтың өзекті туындыларына арқау болған Көкшетау қазақта ең көп жырланған өлке. Көкше туралы аңыздар да, тарих та, шежірелер де көп. Әр тасы, әр көлі өзінше шежіре шертетін ғажап өлке-«жер жәннаты» Көкшетау өзбек ақыны Зулфияны да өзгеше тебірентеді. Дүниенің төрт бұрышын түгел дерлік аралаған, өзі де табиғаты ғажап, қайталанбас өлкеде дүниеге келген Зулфия Көкшетауға сұқтанудан, таңырқаудан аулақ. Ақынды оның осы Көкшедей ғажап ақкөңіл, ақжарқын адамдары, олардың кең пейілі толқытады. Ғажап өлке, ғажайып табиғат қана осындай рухы биік, романтик адамдарды туғыза алған дегендей сыр шертеді. Өзгелер «табиғатты бағындырамыз», «бермегенін тартып аламыз»-деп ұрандап, қызыл танау болып шапқылап жүрген науқаншыл саясат кезінде өзбек ақыны табиғат пен адамның байланысын, бірінсіз бірінің сәні де, мәні де, тіпті тіршілігі де мәз болмайтынын сыналап бола да, әсем өрнекпен сыпайылап жеткізеді.

Білгенде Көкшетауды қазақ білсін,

Көзімнің жауын алды-ау ғажап мүсін.

Деді ме жаратқанда бай табиғат,  
Жан біткен жауға қағып қарап тұрсын.  
Тауларын неткен ғажап бәрі аңыздай,  
Жамылған жасыл желек дала қыздай.  
Көз көріп, көңіл кеңіп кете барды,  
Көкжиек қымыз күйған шараңыздай,-деп суреттейді ақын.

(Г.Қайырбеков аудармасы)

Алып кете көрме жасыл жәннаттан,  
Мың рахмет ақ дастархан дәм татқан,-деген жолдардан Көкшетауды мекендеген кеңпейіл қазақтың болмыс-бітімі айқын танылғандай.

«Көкшетау» өлеңі тек Қазақстан цикліндегі жырларда ғана емес, Зулфияның бүкіл поэзиясынан ең көрнекті орын алатын пейзаждық лириканың үздік үлгісі болып табылады.

«Бұлт ойыны» өлеңінде жауын тілеп тұрған егін даласын суреттейді. Қазақтың кең аспанында ойнақшыған ерке бұлттар жөңкіліп көшіп жүр, қайда жауатыны беймәлім. Ақын осы бұлттарға әзілмен тіл қатады:

Көк жемісі , көшпе бұлт,  
Ойыныңда баян жоқ.  
Сіркірсең жаңбыр болып,  
Аспан ашық, дала тоқ,-немесе  
Топырақ жат демес сені,  
Сарсаң етпе, тамып түс.  
Мен қайтамын таудан төмен,  
Көріскенше қайыр, қош,-

-деген қатарлар нәзік жанды, сезімтал жүректі әйел ақынның ғана қаламына лайықты жыр жолдары деп тану қажет.

Зулфия қай тақырыпқа, қандай ортаға арнап қалам тартпасын оның жырларында әйелге тән нәзіктік, биязылық, сезімталдық, сонымен бірге романтикалық асқақтық айқын сезіліп отырады. Балқаш көлінде болған сапарынан ақын «Балқаш түні» өлеңін жазады. Көл бетіндегі ақ желкенді кемелерді-аппак отауларға мегзесе, түнде жанып тұрған көл бетіндегі бағдаршамдарды, кемелердің жарықтарын-отты алауға (гүлханға) теңейді. Қиын да қауіпті жұмыста жүрген балықшылар ерлігіне бір сәт сүйсінеді, олардың сыйлаған ақ күмістей жалтыраған ақ балығына ақын жаны аяушылық білдіріп, «теңізге қоя беріңші» деп балықшыға тіл қатады.

Кешірім бер! Өмір сүрсін, көлге апарып тастайын,  
Шаттықпенен жасасын бір тыңдап тілек өлеңін.  
Қыз қылығы жігіт көңілін билегендей әрдайым,  
Толқындарға сүңгуін мен жаныма ыстық көремін, - дейді ақын.

Әйел жанының нәзіктігі, әйел жүрегінің сезімталдығы майталман ақынның шалқар шабыты, арқасында ,міне, осылайша жан жүйенді бір тасытып, бір толқытып тебіреніске түсіреді.

Ақынның «Үкілі бөрік» атты лирикасы-қазақ қыздарының ғасырлар бойы қастерлеп келе жатқан ұлттық бас киімін суреттеуге арналған. Ақын шекесінде үкісі бұлғақтаған қазақтың ару бойжеткендеріне бір сәт керемет сүйсіне отырып, ұлы ұстазы Мұхтар Әуезовты, әнші Күләш Байсейітоваларды еске алады. Ұлы Мұхтар суреттеген «Үкілі кәмшат бөркім-айлар» неткен сұлу еді. Ташкентте туылған Зулфия балғын балалығын көз алдына елестетіп, тақиясына үкі тағып қоятын анасын бір сәт еске алады. «Үкілі тақия анамның мұрасы еді-ау, анам байғұс дос қазақ халқының осы дәстүрлі киімін басына көтеріп жүрсін деген екен-ау» дегендей ой тастайды.

Әлі есімде балалықтағы  
Үкі тағып қойған тақиям.  
Дос дәстүрін сыйлауды маған  
Мирас етіп кетіпті-ау анам.

Бұл қатарларды толқымай, тебіренбей оқу мүмкін емес, мұнда ғасырлар тереңіндегі халықтар достығының айқын бір мысалы жатқан тәрізді.

Ақынның Қазақстан тақырыбына арналған өнерлерін тек бір науқаншылдыққа, немесе дастархан мәзіріне арналған туындылар деуге әсте болмайды. Ортақол, тек қана ырду-дырдумен жүріп, қошеметшіл ортада «сүйкей салды» жазылған өлеңсымақтардан Зулфия поэзиясының ауылы мүлде бөлек. Бұл өлеңдерде жалаң мақтау, жадағай дәріптеу дегендер атымен жоқ. Асығыстан туған емес, ойланып, толғанып барып, дүниеге келген өміршең поэзия үлгілері деп тану керек. Поэзиядағы тапқырлық, парасатты да биік талғам-Зулфия өлеңдеріндегі ең басты сипат міне, осылар. Қымыздың қызуымен не арақ-шараптың буымен-ақ туа салатын арзан жырларға, әуесқой ақындарға Зулфияның Қазақстан цикліндегі туындылары мықты мектеп болар еді.

Сексен жастың сеңгеріне селкілдемей, аптықтай сабырмен жеткен,артына мәңгі өлмейтін асыл поэзиясын қалдырып өткен Зулфия өзінің өміршең поэзиясы арқылы өзбек, қазақ халықтарының достығы мен туысқандығын, тарихы мен тағдырын аса зор шабытпен жырлап өтті. Ақынның Қазақстан туралы өлең-жырлары екі халықтың

да әдебиеті мен мәдениетіне қосылған қомақты үлес деп мақтанышпен айтуға әбден болады.

## **АЙБЕК ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ (1905-1968)**

Муса Ташмұхаммедұлы Айбек 1905-жылы Ташкентте туылды. Алғашқы білімді мұсылман мектебінен алды. Мұсылманша оқи жүріп ол Сұпы Аллаяр, Науайы, Хожа Хафиз, Бедил сияқты өзбек, парсы классиктерінің шығармаларымен танысады.

Қазан төңкерісінен кейін 1919-жылы «Намуна» деп аталатын Кеңес мектебінде оқыды. 1925-жылы Орта Азия мемлекеттік университетіне кіреді, алғаш экономист болуды ойлайды. 1929-жылы университетті бітіріп, 1935-жылға дейін университетте дәріс береді. 1935-жылға дейін ақынның «Сезімдер», «Көңіл найлары» (1929), «Бақтыгүл мен Сағындық» (1933) сияқты өлеңдер жинақтары жарияланды. 1938-жылы «Киелі қан» романын, 1942-жылы «Науайы» романдарын жазып жариялады.

Айбек Екінші дүниежүзлік соғысынан соңғы жылдарда «Алтын алқаптан ескен самалдар» (1949), «Ұлы жол» (1967) романдарын, көптеген өлеңдер, поэмалар жазу арқылы өзбек әдебиетін байыта түседі. Атақты қаламгер 1968-жылы 1-июльде қайтыс болды.

### **АЙБЕКТИҢ ЛИРИКАСЫ**

Айбек көп қырлы талант иесі, ол әдебиеттің барлық жанрларында дерлік еңбек етті. Ақынның «Өш», «Бақтыгүл мен Сағындық» атты дастандары «Киелі қан» романының жазылуына негіз болса, «Науайы» поэмасы осы атты романның іргетасы болды. Айбектің ең алғашты өлеңі 1922-жылы жазылған «Шалғу (Музыкалық аспап) дауысы» еді. Айбек ең алғашқы өлеңдерінің өзімен-ақ табиғатты, оның аңы мен құсын, өсімдік әлемін сүйсіне жырлады да, суреттей де білді. Кейін келе оның лирик геройы-ақиқат махаббат отында піскен, суарылған, өмірді, табиғатты терең сезіне де, түсіне де білетін адамдар еді. Ол туған өлкесінің алтын топырағын ерекше тебірене жырға қосты:

Бір өлке бұл-топырағында алтын гүлдейді,  
Бір өлке бұл-қысында да көктем иісі бар.  
Бір өлке бұл-сәл көрмесе күн де сағынар,  
Бір өлке бұл-құдыреті ғажайып...

Бұл ақынның «Өзбекстан» атты өлеңі еді. Отызыншы жылдары ақын Ташкент маңында Шымғанда жасап, Пушкиннің «Евгений Онегин» романын аударды. Оның «Шымған дәптеріне» енген «Таудағы серуен», «Нәметек», «Төбеге шығамын, сайға түсемін», «Әдебиет және өмір» т.б. өлеңдерінде Өзбекстанның ғажап табиғаты өзінің қайталанбас бейнесін табады.

Сондай-ақ оның «Күн өлеңі», «Мәшраб» шығармалары әрі лирик, әрі эпик екендігін дәлелдейді. Әсіресе, «Мәшраб» өлеңінде поэтикалық пікірдің тереңдігі, кейіпкер образының көп қырлылығы, көркемдік детальдар т.б. айқын көрініс береді.

### **«КИЕЛІ ҚАН» РОМАНЫ**

1916-жылғы халық көтерілісі Орта Азия халықтары тарихында үлкен маңызға ие. Халық қозғалысы болған кезде болашақ жазушы 11-12 жастарда еді. Ташкентте, балалық кезінде болып өткен бұл оқиғалар жазушы көңілінде ұмытылмастай мөрленіп қалған.

«Киелі қан» романы жазылған кезде (1938) Йулшы мен Гулнарлар ғана емес, Мырзакаримбай, Ерматтар да, олардың замандастары да бар еді.

1916-жылы көтерілістің келіп шығуына себеп болған жәйіт-ақ патшаның жергілікті халықтан жігіттерді мәрдікарлыққа алу туралы заңының шығуы еді. Отбасында біреуден артық перзенті бар семьялар-мәрдікарлыққа адам беруі шарт еді. Бірақ патшаның бұл жарлығы тек кедей отбасыларына ғана тиісті болды, содан келіп халық екіге-байлар мен кедейлер тобына бөлініп кетті.

Айбек өз шығармасында 1916-жыл қарсаңындағы өзбек халқы өмірінің барлық қырларын ашып көрсетеді. Мұнда байлар да, әкімдер де, кедейлер де, жәдидтер де, баскесер бұзық, ұры-қарылар да бар.

«Біреу жеуге нан таба алмайды, біреудің қазанында май қайнайды, біреу бір тиынға зар, біреу пұлдық-ақшаның қадіріне жетпейді»

**Йулшы образы.** Роман Йулшының Мырзакаримбайдың үйіне келуімен басталып, оның бұл дүниемен қоштасуымен аяқталады. Шығарма басында ол жиырма төрт жастағы жігіт болса, Ташкентте, бай нағашысының үйінде үш жыл жасап, 26 жасында приставтың оғынан қаза болады.

Жазушы өз романында осы жиырма алты жасар жігіт өмірінің соңғы үш жылын таңдап алған.

Йулшы-адал, жомарт жігіт, адамгершілігі биік азамат. Ол өзгелерді де өзіндей адал, аңғал деп ойлайды. Мырзакаримбай үйінде жасап, қызмет етіп жүрген адамдар

бірдей еместігін түсінеді. Қызметкерлердің көпшілігі адал, еңбеккер болса, бай семьясының мүшелері аяр, сұм, жауыз, адамды қалтасына қарай бағалайтын адамдар.

Йулшының санасының оянуы ең алдымен Мырзакаримбай образымен байланысты. Мырзакаримбаймен бірге жасау-жиен мен нағашысының арасын ұзақтатады. Йулшы көп мехнат-еңбек етсе де, нағашысы оның ақысын дұрыс төлемейді. Йулшының көзінің ашылуы-тек бұл ғана емес, мәселен, Нұри өзінің бұзық ниетімен, Тантай байпатша-бір баланы мас халде атпақшы болуымен, жеңіл жолға түсуімен т.б.көру арқылы Йулшы көп нәрсені дұрыс түсіне бастайды.

Бір диқан арбаға тиеген қауынды базарға әкеле жатқанда арба сынып, 15 сом болар деп мөлшерлеп келе жатқан диқаннан алып сатар оны төрт сомға сатып алады, ал диқан сол төрт сомға арбасын жөндеп үйіне әзер жетеді.

Әрине, бұл алыпсатар Мырзакаримбай емес, бірақ олардың іс-әрекеттері өте ұқсас.

Айбек шығармада оқиғаларды Йулшының көзімен көріп бағалайды. Бұл оқиғалар ағып жатқан дария, Йулшы болса осы дарияның дәл ортасында, қайда шығарын білмейді. Гулнарды да, Салимбайпатшаны да, тіпті Ерматты да жұтып жібереді.

Йулшы мен оның жолдастарының көзін ашқан тек өмірдің өзі ғана болды. Ол екі жақты зұлымдық қатты өршіп тұрған кезде жасады. Бұл дәуірде жергілікті бай-әкімдер мен патша чиновниктері арасында халықты қайғыратын бірде бір адам жоқ еді. Осы шақта енді ғана көрініп келе жатқан жәдидшілік әрекеті де халыққа ағарту жолынан басқа ештеңе көрсете алмайтын, ал халыққа болса ең алдымен нан, тамақ керек болатын.

Солай етіп, Йулшы тек өзінің тағдыры бір достарымен ғана дараланып қалады. Олардың бәрі де аңғал, қарапайым, еңбеккер адамдар болғанымен, өз тағдырларын өзгерте алмайтын, не бірігіп зұлымдықты жойып та жібере алмайтын.

Йулшы өзі түсіп қалған бұл жағдайды сезіне біледі, ол Саадат кемпірге:

-Ана,-мен қамаудан қорықпаймын, дардан да, оқтан да. Түрме! Бұл дүние түрмеден жақсы ма? Айнала зынданнан да қараңғы, ифлас емес де? Барлық жер қараңғы, барлық тараптан зәрлі у жайылып тұр. Қашанға дейін зәр ішемін?-дейді.

**Гүлнар образы.** Шығармада суреттелетін дәуірде Гүлнар тәрізді қыздардың қоғамдық тұрмысқа белсене қатынасуы-шындыққа сәйкес келмес те еді. Себебі, олардың тағдыры әкелерінің қолында, әкелерінің еркі болса, өздерінен гөрі құдыретті адамдар қолында еді. «Әке разы-құдай разы»мақалы осы кездің жемісі. Гүлнар да өз құрбыларындай. Ол - сұлу, адал, жайдары, еңбек сүйгіш, өз махаббатын

ардақтайтын: бірақ ол әке әміріне қарсы тұра алмайтын-әлсіз, оның Мырзакаримбайға тимеймін деп қарсыласуы мүмкін емес.

Гүлнар-Мырзакаримбайдың жалшысы Ерматтың қызы. Оның өмірі-бай семьясының жұмысымен өтеді. Ол осы семьяның ерке, шолжың қызы Нұримен құрбы. Олардың екеуі де Йулшы образымен өзара байланысты.

Гүлнардың Нұридан өзгешелігі-ол табиғаттың асыл гүлі, бірақ оның киімі жалшы қыздардың киіміндей. Йулшы үшін ибалы, мөлдір көздерінен, осы ескі киімдегі қыздан өзге ешкім керек емес.

Гүлнар өзінің сұлулығы, еңбек сүйгіштігімен Йулшыны ғана емес, Нұридің қайын енесін де сүйсіндіреді. Ол Гүлнардың кір жуғанын көріп «алтын мен күміс төгіп алса, тұрарлық қызсың» деп көңілін көтереді.

Гүлнарға көз тігіп жүрген Мырзакаримбай бірде оны үйінде көріп, оған әдемі сөздерді айтады. Сандықты ашып «мынау-дүр, мынау-меруерт, мынау-гауһар»-дейді. Бірақ бұл байлық аңғал, қарапайым қыздың көзін байлай алмайды. Ол дәл осы кезде, анасын жерлеуге кеткен Йулшыны көз алдына келтіреді. Ол амалсыз Мырзакаримбайға берілді.

**Мырзакаримбай образы.** Романдағы ең күрделі образ-Мырзакаримбай образы. Ол-қарапайым ғана махалладағы сатушының баласы. Жас кезінде өте пысық, әрекетшең болғандықтан, оны «Кәрім-тіршең» деп атаған. Әрине, осындай әрекетшіл, талапшаң ол соңынан Ташкент шаһарының ірі байларының бірі болды. Әрине, басқа адамдардай байлардың да жақсысы мен жаманы, жомарты мен сараңы, мейрімдісі мен залымы болады.

Мырзакаримбай-Йулшының анасына нағашы болып келеді. Йулшы әкесі өліп, аз ғана жері де қарызын төлеу үшін сатылып кеткен соң, анасының ақылымен Ташкентке, нағашысына келеді. Нағашысы Йулшының әкесінің өліміне емес, жерінің сатылып кеткеніне көбірек қиналады. «Жер сатқан ер болмайды, ер жер сатпайды. Міне, осы сөздің мәнін анда. Жер сатқандарды көп көрдік, ақыры кедей болды».

Йулшы Мырзакаримбай үйіне келгенінде, қарны аш еді. Мырзакаримбай саудагер болғандықтан ба, әлде әдеті ме нанды өте ұсақ тұрайды. «Йулшы бірін аузына салса ішіне бармай, ұртында қалып қойғандай, қайта-қайта қол соза беруге қатты ұялады»-деп көрсетеді жазушы.

Мырзакаримбай өте ақылды, сақ, ісбилермен адам. Ол ақшаны қалай табуды және қалай жұмсауды жақсы біледі. Ол Йулшының үш-төрт сом тауып, оны анасына жіберу үшін Ташкентке келгенін біледі. Бірақ Йулшы қаржыдан қатты қысылған

анасына жіберу үшін ақша сұрағанда Мырзакаримбай біраз отырып, жым-жырттықтан соң: «Әйел затының ақылы келтелігі мәлім. Анаң Хушрейбибінің де ақылы жетік деуге болмайды. Сен жіберген ақшаның дәмін бір алса болды, апта сайын пұл сұрай береді»-дейді.

Мырзакаримбай Йулшыға үш-төрт сом ақша беріп тұрып және оған ақыл үйретеді.

«Пұл табу қиын, сен пұл табудан бұрын пұлды жұмсау жағын үйрен. Барлық гәп осында. Есігімде көп адамдар істеген. Соңында жыртқық етігін тастап қашып кетеді, бірақ менен құтылған жоқ. Жиырма сом қарыз еді. Ақыретте жауабын береді. Сен өзімізсің. Мойныға қарыз ілдірме деймін, түсіндің бе?»

Айбек Мырзакаримбайдың дәл осындай пысықтық, сарандық, жалшыларына мейрімсіздік т.б. арамдық мінезі мен болмысы арқасында байығандығын көрсету үшін қара бояулардан көбірек пайдаланған. Жазушының мақсаты-байлықты, ақшаны барлық нәрседен жоғары қоятын, пұл үшін кембағал жиенін де аямаған адамды әшкерелеу. Өне, осындай кісі ғана қартайған шағында ең кеже перзентімен тең қыз Гүлнарға, әрі Йулшының онда көңілі барын біле тұра үйленуі мүмкін.

Айбектің «Киелі қан» романы тек өзбек әдебиетінде ғана емес, бүкіл Орта Азия халықтары әдебиетінде де өзіндік орны бар роман. «Киелі қан» қазақ жазушысы Сәбит Мұқановтың «Ботакөз», түрікмен жазушысы Берды Кербабиевтың «Шешуші қадам» романдарымен тақырыптас, идеялас туынды. Әсіресе, «Ботакөз» романына идеялық көркемдік жағынан ұқсас, екі романда да, қазақ, өзбек халықтарының XX ғасыр басындағы тағдыры, өмірі, 1916-жыл оқиғалары тарихы шындыққа сәйкес өте көркем бейнеленген. Екі романды қатар оқып шыққан адам қазақ пен өзбек халықтарының тарихы мен тағдырынан, бастарынан өткен небір шытырман-шырғалаңдардан хабардар болады. Бір тақырыпты яғни 1916-жылғы халық көтерілісін, оның қарсаңындағы елдің жағдайын терең ашып беруге арналған туындылар екі әдебиетте де баршылық. Дей тұрсақ та, «Ботакөз» және «Киелі қан» романдары дәуір шындығын өте батыл әрі шынайы бейнелеуімен ерекшеленіп тұрады. «Ботакөз» романындағы Асқар -әрине, Йұлшы емес, Ботакөз - Гүлнардан мүлде басқаша. Сондай-ақ Итбайды Мырзакаримбаймен теңестіріп болмайды. Екі үлкен жазушы бір кезеңді суреттей отырып, бір тақырыпты шығармаларына өзек ете отырып, әрқайсысы өз халықтарының ұлттық ерекшеліктерін, әр ұлттың өзіне ғана хас болған психологиясын терең бере білуге ұмтылған. Өткен ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстан мен Өзбекстанда саяси-экономикалық ахуал бірдей

болғанымен, әр халықтың тұрмыс-тіршілігінде, әдет-ғұрпында тек өзіне ғана тән болған сипаттары бар екендігі екі романның да анық аңғарылып отырылады.

Айбек-қазақ әдебиетімен өте жақсы таныс болған, қазақ жазушылары: М.Әуезов, С.Мұқанов, Ф. Мүсіреповтармен достық қатынаста жасаған. Жазушының «Балалық» повесінің бірнеше тарауларында қазақ халқы, қазақ ауылының тұрмысы асқан шеберлігінен сүйсіне суреттеледі.

Жазушының «Балалық» повесі өзінің тақырыбы және идеялық мазмұны тұрғысынан Сәбит Мұқановтың «Менің мектептерім» атты шығармасына жақын тұрады. Екі қаламгер де өздерінің балалық шағын, көргендері мен алған әсерлерін аса шыншылдықпен, балалық көңіл тұрғысында бейнелеуге ұмтылған. Бұл әдіс көп ретте өте дұрыс әрі тиімді болып шыққан.

Қорыта айтқанда, Айбек өз творчествосы арқылы тек өзбек әдебиетін ғана емес, қазақ әдебиетін де белгілі дәрежеде байытқан, екі халық әдебиетінің байланысына елеулі үлес қосқан классик жазушы болды.

## **ӨЗБЕК-ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТЕРІ БАЙЛАНЫСЫ ХХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢҒЫ ШИРЕГІНДЕ. ӨЗБЕК, ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ. ӘДІЛ ЯКУБОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ КӨРКЕМ ПРОЗАСЫ**

Өткен ғасырдың 50-жылдарының орта тұсында еркіндік самалы есе бастады. Әдебиетімізде «Жылымық» деп аталған кезең пайда болды.

Өзбекстан, Қазақстан Республикаларында әдеби өмірді сауықтыру шаралары басталды. ХХ ғасырдың 30-жылдарында жеке адамға табынудың құрбандары болып кеткен-Абдулла Қадыри, Шолпан, Фитрат, Усман Насыр, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім т.б. негізсіз айыптаулар алып тасталынды. Олар азаматтық тұрғыдан ақталды, бірақ бұл ақын-жазушылардың бірқатарының шығармашылығы әлі де ақталған жоқ, жарық көруіне тыйым салынды. Олардан А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Шәкәрім, М.Дулатов тәрізді қазақ қаламгерлері, Шолпан, Фитрат, Усман Насыр, Суфизада т.б өзбек ақын-жазушылары шығармалары тек өткен ғасырдың сексенінші жылдарында ғана толық ақталынып, жарық көре бастады.

Бұл дәуір әдебиетінде бірқатар сапалық өзгерістер де таныла бастады. Ең алдымен өмірден біржолата ажыралып қалған-тұрмысты ешбір қарама-қарсылықсыз көрсету (безконфликтность), әсірелеп суреттеуге бейім әдебиет-қайтадан реал, ақиқат суреттеуге көше бастағаны мәлім. Әдебиетте адамның жеке тұрмысына, оның

рухани дүниесіне қызығу, жүректегі дерті мен қайғысын, қуанышын бейнелеу көбірек орын алды.

Көркемдік даму-үнемі қоғамдық-саяси өркендеуге сәйкес келе бермейді. Дәл осындай қоғамда орын алып отырған жарамсыз оқиғаларға қарсы 60-70-жылдарда ақыл-парасатты, ойлы туындылар да көріне бастайды. Бүгінгі күнде оларды әдебиетіміздің мақтаны деп таныса болады. А.Солженицын, В.Шукшин, Ю.Трифонов, В.Тендряков, В.Распутин, Ш.Айтматов, Н.Думбадзе, В.Быков тәрізді жазушылардың роман-повестері, Р.Гамзатов, Е.Евтушенко, А.Вознесенский сияқты ақындардың өлеңдері мен поэмалары ХХ ғасырдың 60-70-жылдарындағы өзбек, қазақ ақын-жазушыларына да үлкен әсерін тигізді.

Өзбек әдебиетінде Аман Мұхтар, Шұхрат, Саид Ахмад, Ә.Якубов, П.Қадыров, Ш.Қалмырзаев, У.Хошимов, Е.Вахидов, А.Арипов т.б. қазақ әдебиетінде – І.Есенберлин, Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, Ө.Бөкеев, Б.Соқпақбаев, Қ.Мырзалиев, О.Сүлейменов, Ф.Оңғарсынова, М.Шаханов т.б. ең жақсы туындылары осы үлкен қаламгерлердің дәстүрімен, үлгісімен туындай бастады.

Көптеген шығармаларда адамға тән болған сезім-түйсінулер, ұлттық дәстүрлер, мәнауият белгілері және жаңадан пайда болған әдет-салт араларында қым-қиғаш тартыстар көріне бастайды.

Тарих, адамның жады мен есі, өткеннен алынған сабақтар т.б.қызығу күшейді.

М.Шейхзаданың «Мырза Ұлықбек», Әділ Якубовтың «Ұлықбек қазынасы» Пірімқұл Қадыровтың «Жұлдызды түндер» (Бабур), І.Есенберлиннің «Көшпенділер», Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы», Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран», Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер» т.б. туындылар осындай ілгері ұмтылыстың жемісі болып табылады.

Бұл дәуір әдебиетінде, әсіресе поэзияда ізденіс өте күшейді. Классикалық әдебиеттің рубайы, ғазал, мұхаммас т.б. түр, жанрлармен бірлікте Европа поэзиясындағы сонет, романс, элегия, халық өлеңдері формалары т.б. біргелікте өркендей түсті.

Бұл кезендерге келіп прозада формалық-стильдік ізденістер көзге бірден шалынды. Реалистік прозада ежелден таныла бастаған екі жетекші стильдік бағыт - лиро-романтика және жүйелі реалистік стиль әбден толысқан ағым дәрежесіне жетті, мүмкіндіктері кеңірек ашыла түсті. Қазіргі кезде көп әуенді (полифоник) суреттеу үлгілері-Әділ Якубовтың, І.Есенберлиннің романдарында пайда болды.

Драматургияда трагедия және комедия жанрлары кейбір жаңаша ерекшеліктерімен байи түсті. В.Шекспир дәстүрі рухында жазылған «Мырза Ұлықбек» (М.Шайхзада), «Абай» (М.Әуезов), осының айқын дәлелі бола алады.

Қоғамда орын тепкен-індеттерді әшкерелеуші «Табыттан шыққан дауыс» (А.Қаххар), «Бөлтірік бөрік астында» (Қ.Мұхамеджанов), өмірден алынған күлкілі юмормен көмкерілген «Келіндер қозғалысы» (С.Ахмад), «Той боларда» (Ә.Тәжібаев) шығармалары қазіргі өзбек, қазақ комедияларының да әр алуан екендігінен хабардар етеді.

Сонымен, XX ғасырдың 80-жылдарының ортасынан бастап әдебиетіміздің дамуына зиянын тигізген көптеген кедергілер алып тасталды.

## **ӘДІЛ ЯКУБОВ**

### **1927-жылы туылған**

Әділ Якубов-қазіргі өзбек әдебиетінің, әсіресе проза жанрының ірі өкілі, талантты жазушы, өткір публицист. Қаламгердің «Мұқаддас» (Киелі), «Бір фельетон повесі» тәрізді повестері, «Наманган маңында», «Қыстақтағы трагедия» тәрізді публицистік мақалалары, «Диянат» (Әділдік), «Ұлықбек қазынасы», «Ескі дүние» тәрізді романдары қазақ және басқа халықтарға да кеңінен мәлім.

Ә.Якубов 1927-жылы Қазақстандағы ескі тарихи қала Түркістанның маңындағы Қарнақ қыстағында туылған. Жазушының әкесі 1916- жылы майданның қара жұмысына алынып, кейін Кеңес өкіметін орнату ісіне белсене қатынасады. Ол балаларына жақсы білім беруді армандап, «Мың бір түн», «Өткен күндер» тәрізді белгілі шығармаларды оқуды ұсынады. 1937-жылы болашақ жазушының әкесі Егемберді Якубов жеке адамға табыну науқанына ілініп, құрбан болған. Жасының толмағанына қарамастан, жас Әділ Якубов соғыстың соңғы жылында өзі тіленіп майданға аттанған. Ол Қиыр Шығыста болып, 1950- жылы елге қайтып оралады.

Ташкент мемлекеттік университетін бітіріп, баспа орындарында істейді, Өзбекстан жазушылары Одағын басқарады.

Әділ Якубов әдебиетке өз замандастарының яғни жастардың жазушысы сыпатында келді. Туындыларында ең алдымен өз заманының өткір проблемалы мәселелерін қоя білді. 1951-жылы Ә.Якубовтың «Құрдастар» атты повесі басылып шықты.

Ал жазушы ретінде оны көпшілікке танытқан дүниесі «Мұқаддас» деп аталатын повесі болды. Бұл повесть 1961-жылы басылып шықты. Автор бұл повесінде өмірдің өзінен алған әсерін, өз жүрегінің дертін, көңілін алабұртқан

оқиғаларды беруге ұмтылды. Повесте екі жастың өмірдегі алғашқы өз бетінше дербес басқан қадамдары, қуаныштары мен сәтсіздіктері өте реалистікпен ашылып берілген. Повесть геройы-Шәріпжан белгілі бір жағдаймен байланысты, өз еркінен тыс –бұзық жолға түсіп қалады. Көпшілік мүддесіне қайшы келетін бұл әрекеттер-оның өзіне де бірте-бірте бақытсыздық әкеле бастайды, өзінің сүйіктісінен айрылады. Ол өзінің сүйіктісі Мұқадастың орнына оқуға түсіп қалады.»Мұқаддас» жазушының эстетикалық, моральдық принциптерін дәлелдейтін шығарма ретінде белгілі. «Мұқаддас» (Киелі) сөзі-тек повесть кейіпкерлерінің аты ғана емес, повесть, идеясы-яғни ождан, міндет, әділдік, иман т.с.с. идеяларды танытуға арналған. «Мұқадастан» бастап «Диянат», «Ақ құстар, аппақ құстар» романдарына дейінгі барлық туындыларында дәл осындай-адамдық, ождан тазалығы идеясы автордың суреткерлік позициясын дәлелдеп тұрады.

Жазушы «Диянат» (Әділет) романында 1970-жылдарда өмірге кең тарқалған тоқырау дәуірі идеологиясының зиянды ақыбетін үлкен творчестволық шеберлікпен, аса зор шыншылдықпен таныта білген.

Қаламгер сол дәуір тұрмысында жиі көрініс тапқан бір оқиғаға өзі қатынасын ашық білдіреді. Ол «үлкен істерді тындырдым» деп санап, өзге адамдардың желкесіне мініп, бастарына әңгір таяқ ойнататын, заңды аяқ асты етіп, тәкаббырсып кеткен «басшылар» образын жасау болатын. «Мен өмірдегі көптеген әділетсіздіктерге себеп болған мұндай басшылар туралы ойларым мен көрген-білгендерімді романдағы Атақозы образына жинақтадым»- дейді автор.

Атақозылар істеген әділетсіздіктерді толық әрі жан-жақты әшкерелеу үшін оған қарсы тұратын, өте пәк, адал бір адам, үлкен қайраткер керек еді. Оның мысалы етіп Нармұрат Шамұратов тәрізді пәк, адал, ынсап-ұяты мол ғалымды бейнелейді.

Жазушы дағдарысқа ұшыраған Атақозымен бір қатарда Нармұрат ұстазының да үлкен трагедияға толы өмір жолын ашып суреттеген. Бұл адам даңқты өмір жолын өткен. Бірақ тағдыр оны сыйламаған, басына көп қасірет-қайғылар түскен. Өзінің бүкіл ғұмырын ғылым, әділет, ел-халық ісі үшін құрбан еткен,бірақ осы үшін ол елінен ештеңені талап та, дәме де етпейді. Бұл роман өзегінде жатқан-әділет, ар-ождан, адамгершіліктің көрінісі. Нармұрат-әділет үшін ешкімді де, тіпті өзін де аямайды. Әділет, диянат деп өзін көп азапқа да салады, рухани азғын, надандармен алысады. Әрине, бұл алысулар ғалымға, оның жүрегіне салмақ салады, денсаулығына зиян жасайды.

Автор-Нармұрат ұстаз образына тән негізгі қасиеттер-диянат, әділет, адамдық белгісін ашады. Бір қарағанда бұл герой-әр түрлі қасіреттің иірімінде қалған адам,

өте аянышты тағдыр иесі. Бірақ бұл әділет сүйгіш, жоғарғы интеллектуаль иесі, ар-ожданы таза адам, сондықтан да оның алдында тіпті Атақозыдай зор, құдыретті адамдар да бас иеді.

### **«ҰЛЫҚБЕК ҚАЗЫНАСЫ» РОМАНЫ**

Әділ Якубовтың жазушылық қарымын танытқан оның «Ұлықбек қазынасы» романы еді. Роман туралы заманымыздың атақты жазушысы Шыңғыс Айтматов жоғары баға беріп: «Ұлықбек мен үшін ғана емес, халықтарымыз тарихындағы ең бір күрделі, қайшылықты, аса ауыр трагедияны бастан кешірген ғұлама болғандығымен де ұлы»-деген.

Ұлы ғалым Ұлықбек өмірін көп қана қаламгерлер өз шығармаларына негіз еткен. Ұлықбек образын жаратушылар арасында Мақсұд Шайхзаданың «Мырза Ұлықбек» трагедиясы ерекше орын алады. Ал «Ұлықбек қазынасы» романы Шайхзада трагедиясынан мүлде басқаша.

Роман Ұлықбек салтанатының соңғы кезеңін бейнелеуден басталады. Осындай ауыр, қасіретке толы сағаттарда патша әрі ғұлама Ұлықбек көп нәрселерді ойлайды, өте толқымалы халге түседі. Ең алдымен ол патша, темурилар ұрпағы, тәж-тақ үшін жауапкер. Қандай жолмен болса да мемлекетті қолда сақтап қалуға тырысады. Дегенмен, ол екі жүзді, зұлым-жауыздардың қоршауында қалған, өз перзенті Абдуллатиф олардың қуыршағына айналған, мансап үшін өз әкесіне қарсы ұйымдастырылған қозғалыстың басында. Бұл жағдай ұлы ғалымды қатты жан күйзелісіне салады.

Мырза Ұлықбек - адамгершілікті, парасатты адам. Егер парасатты, әділ мұрагер табыла қалса, тақты беруге даяр. Абдуллатиф-екі жүзді, сатқын, тағы бір ұлы Абдулазиз келте ойлайтын, ақылсыз, надан. Атадан қалған тақты оларға сеніп тапсыра алмайды.

Ұлықбекті бәрінен-бұрын қырық жыл бойы жинаған рухани қазынасы - медреселері мен ғылымы-зерттеу ханалары, топтаған баға жетпес бай кітапханасы қатты мазалайды. Ол өзінің шәкірті Әли Құсшыға: «Мен бір нәрседен-келешек ұрпақтар мендей әлсіз бендесінен-ренжиді, капаланады, деп қорқамын. Ұлықбектей ғалым-тәж-тақ үшін өз перзентімен таласыпты деген ат қалады деп қорқамын»-деп сыр ашады.

Ұлықбек тақтан түседі, зұлымдар қолынан қазаға ұшырайды. Мемлекет басына екіжүзді, жауыздар қолында қуыршақ болған Абдуллатиф келеді. «Қара күштердің»

дәурені, зиялылардың «қара күндері» келеді. Романның екінші бөлімі, міне, осындай қараңғы, түнек күндерді талдап суреттеуге қаратылған.

«Ұлықбек қазынасында ең қиын, қасіретті оқиғалар бас кейіпкердің өлімінен соң басталады.

Бір жағында-Абдуллатиф бас болған «қара жүрек» жауыздар: Низамиддин Хомуш, әмір Жандар, айғақшы Қашқыр, Салахиддин зергер, екінші жағында-Ұлықбектің талантты, парасатты шәкірті Әли Құсшы бастаған зиялы, жас қауым өкілдері. Жазушы-бұл арқылы негізгі идеяны, Ұлықбектің рухани мұрасы-халық байлығы екендігін көрсетеді.

Әділ Якубовтың «Ұлықбек қазынасы» туындысы өзбек романшылығының көкжиегін кеңейткен, тарихи роман жанрын биік белеске көтерген туынды болып табылады.

Роман сюжеті, идеялық көркемдігі тұрғысынан қазақ жазушылары Ә. Әлімжановың «Әл-Фараби», «Махаббеттің жебесі» атты романдарымен идеялас туынды. Роман қазақ тіліне аударылып, қазақ оқырмандарының да сүйікті кітабына айналып отыр.

## **ҚАЗІРГІ ӨЗБЕК ПОЭЗИЯСЫ, ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ**

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бергі дәуірде өзбек поэзиясы бұрынғы классик, ұлттық поэзия дәстүрін дамыта отырып, идеялық -көркемдік және формалық жақтан да ілгерілеп өсті.Поэзия жанрлық, көркемдік тұрғыдан әр алуан түрде дамыды. Классикалық өзбек поэзиясының ғазал, мухаммас, рубайы, тұйық т.б.әр алуан формаларымен бір қатарда Батыс поэзиясының сонет, романс, элегия т.б.қазіргі поэзияны байыта түсті.

### **АБДУЛЛА АРИПОВ**

**1941-жылы туылған**

Қазіргі өзбек поэзиясының талантты өкілі, белгілі қоғам қайраткері Абдулла Арипов-Өзбекстан Гимні сөзінің де авторы. Ол 1941- жылы Қашқадария облысы Касан ауданына қарасты Некуз қыстағында тулған.

Ташкент мемлекттік университеті, филология факультетін бітірген. Алпысыншы жылдардан бастап «Өзбекстан мәдениеті», Шарқ жұлдызы» газета, журналдарында өлеңдері жиі жарияланды. Алғаш «Анажан», «Рухым», «Өзбекстан»,

«Бетпе бет» жинақтарында ақынның өлеңдері жарияланып, көпшілік қауымға танылады.

1984-жылы шыққан «Жылдар арманы» кітабы –ақынның ширек ғасырлық әдебиет майданындағы еңбектерінің нәтижесі болатын. Сонымен бірге А.Арипов өзбек поэзиясына «Жаннатқа жол», «Хакім мен ажал», т.б.дастандарымен де елеулі үлес қосты. «Хакім мен ажал» дастаны-ұлы дәрігер Әбу Әли Ибн Синаға арналған. Шығармада ұлы ғалымны ең ізгі адамгершілік қасиеттері суреттеледі. Махаббат, өмірді сүюшілік жоғары қойылады. Әділет пен жауыздық арасындағы мәңгілік күрес көрсетіледі. Мырза бейнесі арқылы өз мүддесі үшін еш қандай жиіркеніштен, жауыздықтан қайтпайтын «адамдардың өзінен шыққан ібіліс» бейнесін жасайды.

Соңғы жылдарда қоғамда болып жатқан өзгерістер, олардың замандастарымыздың көңілі мен ой-сезімдеріне тигізген әсер-ықпалы ақынның «Сенім көпірлері», «Хажы дәптері», «Сыйыну» (Муножат) тәрізді жинақтарына енген өлең- жырларынан айқын байқалады. Ақынның бірқатар поэзиялық жинақтары, өлеңдері ағылшын, орыс, тәжік, ұйғыр, украин, неміс, қазақ, венгер, қырғыз, түрікмен, азербайжан, түрік тілдеріне аударылған.

А.Арипов әдебиетке алпысыншы жылдардың алғашқы жартысында келді. Ақын адам мен табиғатты бір бүтіндікте жырлауды жақсы меңгерген. «Күзгі қиялдар» өлеңіндегі:

Оның әнінде, оның әуенінде  
Адамзат жүрегі сезілер еді.

Яки:

Бір керемет оқырмын күзгі салқыннан,

«Жасай бер, бірақ жапырақ болып солма сен» - тәрізді қатарлар-ақынның философиялық ой- пікірлерінің тереңдігін көрсетеді.

Біздің бәріміз де көктемді аңсаймыз, сағынамыз. Бірақ шын махаббатсыз, сүйіспеншіліксіз-ғашықтар ғана емес, асыға күткен көктем де бейшара болып қалар еді. «Сен көктемді сағынбадың ба?»-өлеңіндегі

Сенсіз мен де, көктем де кәріп.

Сен көктемді сағынбадың ба?-деген қатарларда үлкен сезім түйсігі бар.

Алпысыншы жылдарда А.Арипов «Мен не үшін сүйемін Өзбекстанды», «Өзбекстан» сияқты өлеңдерінде Отан-Ананың, отаншыл-патриоттықтың ғажап үлгілерін жаратты.

Ақын поэзиясында махаббат тақырыбы ерекше орын алады. Ақынның «Қош енді», «Махаббат», «Бірінші махаббатым» өлеңдері қазіргі өзбек лирикасы тарихындағы таңдаулы туындылар қатарында.

«Бірінші махаббатым» өлеңіндегі алғашқы сүйіспеншілік, ақынның талқысында Отан сияқты-өмір сияқты бірден бір дара құбылыс. Өмірдің аумалы-төкпелі болып жатқан бір кезінде адам аңқаулықтан, албырттықтан немесе тағдырға көне беруден бе -махаббатын жоғалтып алса, кейін ешқандай бақыт, сезім, табыс ешбірі оның орнын толтыра алмайды.

Шығарманың геройы-міне, осындай алғашқы махаббатын жоғалтып алған адам.

А.Арипов өлеңінде махаббат сезімінің соншалықты құштарлық эмоциясындерттің бірінің дауасы емес, адамның өз болмысы, бүгінгі мен ертеңіні жалғастырып тұрушы рухани-құдырет, илахи күш ретінде таныта біледі. Біз өлеңнен құштарлығыңды абайла, махаббатыңды сақта, бірінші сүйіскеніңді жоғалпа-деген құрғақ насихатты көрмейміз. Бірақ өлеңнің өн-бойы әне сондай қасиетті рухпен байланысып қалған.

Хабарыңды білдір, қайдасың, сыбдырыңа құлақ түрдім,

Сырлы түс көріп мен барша дүниені ұмыттым.

Таңертең тұрып саған арнап бұл өлеңімді бітірдім

Жүректегі дертім менің, бірінші махаббатым,

Жалғыз тәңірім менің, бірінші махаббатым.

Ақын поэзиясындағы лирикалық геройлардың көпшілігі рухани әлемі, жан-дүниесі бай, көп қырлы, жан-жақты адамдар.

### **«ЖӘННАТҚА ЖОЛ» ДРАМАЛЫҚ ДАСТАНЫ**

Абдулла Ариповтың «Жәннатқа жол» драмалық дастаны-фантастикалық және аңыз-мифологиялық тақырып негізінде жаратылған. Дастанда суреттелетін оқиғалар «о дүниеде» өтеді. Әлем әдебиетінде бұл көркемдік әдістің классикалық үлгілері белгілі. Мысалы, ұлы италиян жазушысы Алигери Дантениң «Құдайлық комедия» шығармасы кейіпкерлері де «о дүниеде» әрекет етеді.

Дастанда Жігіт, Ана, Әке, Дос, Шал тәрізді бір қатар образдар жасалған. Автор өз танымында «ізгілікті мүмкін болғанынша аңсаумен ғана емес, амалға асыру жағын да ойлау қажет» деген ой түйеді.

Міне, осындай творчестволық принциптерден келіп шығып, ізгілікті жасау, адамгершілік борышын белгілейтін негізгі екі принцип сыпатында көрінеді. Біз мұны Гаразшы мен Жігіттің, Әкесі мен Жігіттің айтысы, Ананың монологтарында, Қария мен жасөспірімдер тартысында, Дос пен Жігіттің сұрақ-жауаптарында айқын байқаймыз.

Бас кейіпкер Жігіт «о дүниеге» түсіп, күнәларының себебін анықтау үшін Таразышы алдына барады.

Жігіт бір қызды су тасқынан құтқарамын деп, мезгілсіз қаза тапқан. Бірақ Таразышының есеп-кітабына қарағанда-айырым-кездейсоқ жағдайда істелген сауап істің өзі әлі жәннатқа кіру үшін жеткіліксіз.

«Себеп деген нәрсе, дұрысы-кездейсоқ емес.

Ол жетпіс екі тамырды бойлап келуі шарт».

Әке бейнесінде адал еңбегімен өмірін өткізген, сол арқылы жәннатқа лайық болған, перзентін адал тәрбиелеуге бар ғұмырын арнаған адамның образы берілген.

Ана бұл дүниеде де, о дүниеде де ана. А.Арипов дастанда перзентінің келбетін көрмей тұрып, сөздері т.б. арқылы өз перзенті екенін таныған, ұлының жәннатқа кіруі үшін, өзі жәннатынан шығып кетуге разы болған бір керемет Ана образын жаратады.

«Жәннатқа жол» шығармасы әрбір оқушыны бұл өмір жол бір тегіс емес екендігіне, сондықтан да күрестерде шынығуға үйретеді. Дастанның тәрбиелік маңызы онда-ізгілік, адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелеуге үндейді.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. И.А.Каримов. «Түркистан умумий уйимиз». Тошкент, «Ўзбекистон».
2. Р.Бердібаев Достық кемісінде, Алматы, 1989.
3. Р. Бердібаев Гүлистанның бұлбұлдары, Алматы.
4. Қ.Сейданов. Достық әуендері. Алматы. 1991.
5. Қ.Сейданов. Дўстлик куйлари. Тошкент «Ўқитувчи» 1999.
6. XX аср ўзбек адабиёти тарихи. Тошкент. «Ўқитувчи» 1999.
7. А.Нұрқатов. Жалғасқан дәстүр. Алматы, 1989.

## МАЗМҰНЫ:

Сөз басы.....	3
Өзбек-қазақ әдеби байланысы курсы, оның мақсаты мен сипаты .....	4
Әлішер Науайы және қазақ әдебиеті .....	8
Әлішер Науайы.....	8
«Төрт кітап» (Шар диуан) жинағы .....	13
«Екі тіл туралы пікір» .....	15
«Сүйікті жүректер» («Махбубул кулуб») жинағы .....	15
«Ләйлі-Мәжнүн» дастаны .....	19
«Жеті саяхатшы» (Сабай саййар) .....	20
«Ескендір қорғаны».....	21
«Фархад-Шырын» дастаны .....	22
Мұхаммед Захиреддин Бабыр және қазақ әдебиеті .....	28
XIX Ғасырдағы өзбек –қазақ әдебиеттері байланысы. Закиржан Халмұхам-медұлы Фурхат. Оның творчествасының Ы. Алтынсарин, Абаймен үндестігі .....	34
XX ғасыр басындағы өзбек-қазақ әдеби байланысы. Фитрат. ....	37
Шолпан .....	41
«Кеше мен Күндіз».....	43
Абдулла Қадыри және қазақ прозасы.....	46
Ғафур Ғулам және қазақ поэзиясы .....	51
Зулфия поэзиясында Қазақстан тақырыбы .....	55
Айбек шығармашылығы және қазақ әдебиеті.....	60
Айбектің лирикасы.....	60
«Киелі қан» романы .....	61
Өзбек-қазақ әдебиеттері байланысы XX ғасырдың соңғы ширегінде. Өзбек, қазақ прозасы. Әділ Якубов шығармашылығы және қазақ көркем прозасы.....	65
Әділ Якубов .....	67
«Ұлықбек қазынасы» романы.....	69
Қазіргі өзбек поэзиясы, оның қазіргі қазақ поэзиясымен байланысы.....	70
Абдулла Арипов .....	70
«Жәннатқа жол» драмалық дастаны.....	72
Әдебиеттер: .....	74

**Бердақ атындағы Қарақалпақ мәмлекетлик университетиниң  
баспаханасы**  
Өзбекстан Республикасының Баспа сөз комитети лицензиясы №11-665 28-  
февраль 2001-жыл

---

Көлеми 6 баспа табақ  
Буйыртпа №\_\_ Нускасы 100  
Офсет усылында RISO 3105 машынында басылды.